

Иоганн Вольфганг Гёте

Жас Вертердің қасіреттері



«Дәуір-Кітап»
Алматы
2014

УДК 821.112.2=512.122

ББК 84 (4 нем-каз)

Г40

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша “Қазақстан Республикасында тілдерді
дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасы” аясында шығарылды.*

Романды қазақ тіліне аударған – педагогика ғылымдарының докторы Шолпан Борантайқызы Бәйнеш.

Г40 Гёте И.В.

Жас Вергердің қасіреттері: Роман. – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2014. - 132 бет.

ISBN 978-601-7314-66-8

Тұңғыш рет неміс тілінен қазақ тіліне тікелей аударылып, оқырман қауымға ұсынылып отырған бұл роман - ұлы ақынның небәрі жиырма бес жасында жарық көріп, оның есімін әдебиет сүйер қауымға кеңінен танымал еткен туындысы.

Автордың ой толғамдары, сөз қолдану мәнері айрықша. Жас жігіттің өмірден баз кешуіне себеп болған махаббат сезімі мен адамдар арасындағы рухани тоғышарлыққа наразылық жайында сыр-толғау оқырманды бейжай қалдырмаса керек.

УДК 821.112.2=512.122

ББК 84 (4 нем-каз)

ISBN 978-601-7314-66-8

© Қазақша аудармасы. Бәйнеш Ш., 2014

© «Дәуір-Кітап» баспасы, 2014

Романның қазақша аудармасына әділ пікір білдірген неміс тілінің маманы, белгілі ғалым, профессор Садық Әбдіғалиұлына, көрнекті ғалым, жазушы Герольд Бельгерге, танымал ғалым-аудармашы, марқұм Ғалымжан Мұқанов мырзаларға алғысымды білдіремін.

Ш.О. Бәйнеш

АУДАРМАШЫДАН ОҚЫРМАНҒА БІРЕП СӨЗ

Қадірменді оқырман! Немістің ұлы ақыны, ойшылы Иоганн Вольфганг Гётенің туғанына биыл екі жүз алпыс бес жыл толды. Сіздердің назарларыңызға ұысынылып отырған «Жас Вертердің қасіреттері» атты романы ұлы ақынның небәрі жиырма бес жасында жарық көріп, оны жұртқа танымал еткен. Роман сол жылдарда неміс әдебиетінде кеңінен өріс алған «Sturn und Drang» ағымында жазылған. Бұд еңбекте адамгершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас, үлкен махаббат, әр түрлі көңіл күйді білдіретін ой толғамдары ерекше сезіммен, көтеріңкі сөздермен өріле берілген. Романдағы автордың ойы, сөз сабақтауы аса айырықша. Оны бұл романды неміс тілінде түпнұсқадан оқыған адам тез-ақ аңғарады. Ал немісше оқымайтын оқырманға біз мүмкіндігінше ол ерекшелікті бұзбай беруге тырыстық. Мысалы, романда бірнеше сөйлем бірге топтала отырылып берілген. Сөйлемдерде қыстырма сөздер жиі кездеседі. Кейіпкер бір нәрсе жайлы айтып келе жатады да, ол ойды кенеттен үзіп, басқа жайт туралы айтып кететін жерлері де баршылық. Бұл сол кездегі «Sturn und Drang» стилінің сөз саптауларына байланысты туындаған дүние.

Аталмыш шығарманың әр сөйлеміне ой бойлатып, мағынасына философиялық тұрғыда қарай отырып оқырсыздар деп сенеміз. Романдағы адамгершілік қарым-қатынас мәселесі күні бүгінге дейін өзінің тәлім-тәрбиелік мәнін жойған жоқ деуге толық негіз бар.

Романды қазақ тіліне аударуды аудармашыға И.В. Гетенің «Фаустын» қазақшаға тәржімалаған белгілі ғалым, марқұм Медеубай Құрманов ағайымыз 1976 жылы тапсырған еді. Романның алғашқы аудармасы 1977 жылы дайын болғанмен де түрлі себептерге байланысты ұзақ жылдар қолға алынбай жатып қалды. Ұстазымыз М. Құрманов ағайдың тапсырмасын орындауға мүмкіндік енді ғана туып отыр.

И.В. Гетенің бұл еңбегі қазақшаға неміс тілінен тікелей аударылды.

Ұлы Гетенің осы еңбегі әдебиет сүйер қазақ оқырманына рухани азық болсын демекпіз.

БІРІНШІ КІТАП

Бейшара Вертердің ғұмырбаянына қатысты іздеп тапқан деректерімді мұқият жинап, сіздерге ұсынып отырмын және де бұл үшін маған алғыс айтатындарыңызды да білемін. Сіздер оның рухы мен мінезіне тәнті болып, сүйсінбей, тағдырына тебіренбей қала алмассыздар.

Ал сен, аяулы дос, осындай қиыншылыққа тап болсаң, оның қасіретінен жұбаныш тапқайсың. Егер тағдырдың жазуымен маңайыңнан ешбір жақын адам таба алмасаң, онда осы кітапты өзіңнің досыңдай қабылдағайсың.

4 мамыр 1771 жыл

Кеткеніме қандай қуаныштымын десеңізші! Ардақты досым, адамның жүрегі мен жаратылысы неткен жұмбақ еді! Соншалықты жақсы көретін, ажырамастай болған сені тастап кетіп, енді соған қуануыма жол болсын! Сенің кінәмді кешіретініңді білемін. Кейбір жақсы көріп, бауыр басуларымның, шынымен-ақ, менің жүрегімдей бір жүректі мазалауға арналған тағдырдың жазмышы болғаны ма? Бейшара Леонора! Әйтсе де мен кінәлі емеспін. Оның әпкесінің ерекше сұлулығы жүрегіме шок салған кезде байғұс қыздың жүрегінде өзіме деген құштарлықтың пайда болғанына мен айыптымын ба! Шынында да, мен мүлде кінәсізбін бе, осы? Оның құштарлығының оянуына мен өзім нәр бермедім бе? Қызығы, аз нәрсеге де жиі қуануымызға себеп болған табиғаттың нағыз шынайы сезім көріністерінен мен өзім ләззат алмадым ба? Мен... – О, адам өзін өзі осылай кінәлауына бола ма екен!? Қымбатты достым, саған уәде беремін, менің түзелгім келеді, бұдан былай тағдырдың алдымызға көлденең тартатын аздаған ренішіне бола, бұрынғыша қайта қиналғым келмейді; өмірдің өзіме тиесілі рахатын көрсем деймін, ал өткен уақыт мен үшін қайта оралмақ емес. Әрине, сенікі дұрыс, қадірлім. Шынында да адам жаратылысы қызық қой. ...Егер олар өзінің

бүгiнiне немқұрайдылықпен қараудан және өтiп кеткен әрбiр өкiнiштi iстерiн ойша жаңғыртып, қайта таразылаймын деген әурешiлiктен аулақ болса, онда қайғы-қасiретiнiң де әлдеқайда азаятынын сезiнбейтiнi қалай?!

Сен қайырым жасап, менiң шешеме айтшы, оның шаруасын жақсылап тұрып жүргiземiн және оған бұл жайында жақын арада-ақ хабар беремiн. Мен өз апайыммен сөйлестiм, ол бiреулер айтқандай тiптi де қытымыр әйел емес екен. Пысық, ашық-жарқын, мейiрiмдi әйел көрiнедi. Мен оған берiлмей қалған мұраның бөлiгi жайлы шешемнiң ренiшiн жеткiздiм; апайым маған өз себептерiн, дәлелдерiн және шарттарын айтты, соны орындасақ, ол бәрiн беруге, тiптi бiз талап еткеннен де көп беруге дайын екендiгiн бiлдiрдi. Қысқасы, менiң бұл жайлы ендi ештеңе жазғым келмейдi, шешеме бәрi де жақсы болады деп айтарсың. Ал мен болсам, сүйiктiм, осындай елеусiз ғана шаруадан тұратын түсiнiспеушiлiк пен бойкүйездiкке, зұлымдық пен ашу-ызаға қарағанда көп қателiкке ұрындырады-ау деген ойға келдiм. Қалай болғанда да соңғы екеуi сиректеу ғой, әрине.

Жалпы алғанда мен мұнда өзiмдi өте жақсы сезiнемiн. Мына ұжмақтай жердегi жалғыздық жүрегiмнiң қымбат дауасындай, ал жастықтың шуағы менiң жиi шошынатын жүрегiмдi бар мейiрiмiмен жылытуда. Әрбiр ағаш, әрбiр бұта, қоршаудағы гүл шоғы тәрiзденiп шешек атуда, хош иiстiң айдынына сүңгiп, оның барша нәрiнен тояттану үшiн май айының қоңызы болғын келiп кетедi.

Қаланың өзi қолайсыз болғанмен, айналадағы табиғат айтып жеткiзгiсiз тамаша. Бұл қайтыс болған М. деген графтың алуан түрлi ғажап көрiнiстерiмен қиюласа келiп, көркем де жазық алқаптарға айналатын өз бағын осы қыраттың үстiне орналастыруына түрткi болса керек. Бақ қарапайым, тiптi кiреберiсте-ақ оның жоспарын оқымысты бағбан емес, бiр сезiмтал жүректiң осы жерде өзiнiң жан рахаты үшiн жасағанын сезесiң. Мен марқұмға бас иiп, оның сүйiктi орны болған, ал қазiр өзiм иемденген, тозығы жеткен осы бақта бiрнеше рет көз

жасымды төктім де. Жақында мен бақтың иесі болып алдым; бағбан бірнеше күннен кейін-ақ маған бауыр басып кетті және ол бұнысына еш өкінбейтін де болады.

10 мамыр

Көктемнің таңғажайып аппақ таңына ұқсап, менің бүкіл жан жүрегімді рахатқа бөлеген шаттық бар болмысымды баурап алды. Менің жалғыздық өмірім, өзім сияқты жандарға арналғандай, осы аймақта өтіп жатқанына қуанамын. Сондай бақыттымын, қымбаттым, мамыражай тіршілік сезіміне бөленгенім сонша, өнерім жапа шегуде. Қазір сурет түгілі бір сызық та сала алмас едім, бірақ дәл осы сәттердегідей өзімді ешқашан ұлы суретшідей сезінген емеспін.

Айналамда сүйікті жазира бусанып жатқан шақта жарқыраған күн астындағы орманым тастай қараңғы күйде мүлгіп тұр, тек жеке-дара сәулелер ғана ішкі ордаға ұрлана енеді, мен болсам құлдилай аққан бұлақ жағасындағы биік шалғынның арасында жатамын, жер бетіндегі мың-сан түрлі шөптер маған таңғажайып сыр шерткендей болып көрінеді; олардың арасында құжынаған құйттай тіршілік иелерінің, құрттар мен шіркейлердің сан түрлі, түсініксіз пішіндерін жүрегіме жақын сезінемін де бізді өз қалауынша жаратқан құдірет иесінің бар екенін түйсінемін, бізді мәңгілік рахатқа бөлеп, демеп, қорғап-қоршап жүрген сол баршаға сүйіктінің қайғы-қасіретін сеземін; достым менің, одан соң көз алдым бұлдырап, айналамдағы бүкіл әлем мен аспан түгелдей сүйіктімнің бейнесіндей жаныма ұялайды – мен оны жиі-жиі сағынамын да, ойға шомамын: шіркін, сенің жаның тәңірінің айнасынан айқын көрінетіні сияқты, сен де өз ішіндегі бүкіл сезім толқынысын сол қалпында қағаз бетінде айнадағы бейне іспеттес етіп көрсете алсаң ғой! - Достым, бірақ бұл менің түбіме жетеді, мені осынау көріністердің құдіретті мысы билеп алды.

12 мамыр

Осы аймақта алдамшы рухтар қалықтап жүр ме, жоқ, әлде менің айналамдағының бәрін бейне бір жұмақтағыдай етіп тұрған жүрегімдегі жылылық, таңғажайып қиял ма, ол арасын толық ажырата алмаймын. Осында, қала маңында, бір бұлақ бар, ол бұлаққа мен тура Мелузина¹ мен оның сінділері сияқты бауыр басып алдым. Бір кішкентай төбешіктен әрі тура жиырма басқыш төмен түссең, мөп-мөлдір су мәрмер жарқабақтан ағып тұрған төмендегі үңгірге тап боласың. Кішкене қоршау жоғарыда айнала ернеу жасай, биік ағаштармен көмкерілген алаңқай, сол маңдағы ең салқын жер; осының бәрінің әрі өзіне тартатын, әрі бір түрлі қорқынышты бірденесі бар. Мен әр күн сайын онда ең кемінде бір сағат отырамын. Ол жерге қаладан қыздар келіп су алады, ал мұның өзі – бір кезде патша қыздарының өздері де атқарған, ең бір залалсыз әрі қажетті іс. Мен сонда отырсам болды, басымда қалай ата-бабаларымыздың құдық басында танысып, үйленгендері және құдық пен бұлақ маңайында қайырымды рухтардың қалай қалықтап жүргені жайлы ойлар қаптап кетеді. Бұны жазғы күнгі ауыр қыдырыстан кейін салқын бұлақ басында ешқашан рахаттанып көрмегендер ғана түсіне алмайды.

13 мамыр

– Сен менің кітаптарымды жіберейін бе деп сұрапсың ғой?
– Қымбаттым, құдай үшін өтінемін сенен, құтқаршы мені солардан! Менің бұдан былай ешқашан жетектелгім, сергіп, шабыттанғым келмейді, жүрегім онсыз да ыркыма көнбей, шамадан тыс бұлқынуда; маған бесік жыры керек, ал мен оны толығымен өз Гомерімнен таптым. Өзімнің өреки тасыған қанымды қаншалықты жиі-жиі басуға тырысамын десеңші, өйткені сенің мына жүректен асқан соншалықты құбылмалы ештеңені көрмегенің тегіннен-тегін емес. Сүйіктім! Менің қайғыдан бұзақылыққа, тәтті жабырқаулықтан ессіз құштарлыққа ауысқан күйім туралы, онсыз да көп ауыртпалықты арқалаған саған айтып жатуымның қажеті бола қояр ма екен? Сондықтан да мен өз жүрегімді бейне бір дімкәс сәбидей күтудемін, оның

кез келген тілегі орындалуы керек. Бұл жайлы дабыра қылмай-ақ қоярсың; бұны менің бетіме басатын кісілер де баршылық.

15 мамыр

Бұл жердің қарапайым адамдары, әсіресе, балалар мені танып та үлгерді әрі жақсы көреді. Алғашқыда мен олармен араласқым келіп, жылы шыраймен анау-мынау жайлы сұрай қалсам, кейбіреулері мен оларды кекетіп тұр екен деп ойлап, бетімді өте дөрекі қайтарып тастаған кездері де болды. Мен оған ренжімедім; тек бұрыннан-ақ жиі байқағанымның дұрыс екендігін тез-ақ сездім: өзін зиялымын деп санайтын адамдар қарапайым халықпен жақындасам мәртебемді жоғалтамынау дегендей, бойын үнемі суық, алыс ұстайды; олардың ішінде бейшара халыққа қамқорлық көрсеткен сынай танытып, оларға өздерінің менмендігін неғұрлым таныта түскісі келетін кейбір жеңілтектері мен мейірімсіз тентектері де бар.

Мен біздің тең емес екендігімізді, тең бола алмайтынымызды да жақсы білемін; бірақ, менің пайымдауымша, кімде-кім, абырой-атағын түсірмес үшін қара халық деп аталатындардан аулақ, шеттеп жүру қажет деп ойласа, онда оны бейне бір жеңілетінін біліп, қорыққандықтан, жауының алдында бұқпантайлайтын қорқақ деп сөуге әбден болады.

Жақында мен құдыққа келгенімде, ыдысын ең төменгі басқышқа қойып, оны енді көтеріп, басына қоюға көмектесіп жіберетін дос қыздарының бірі көрінбес пе екен деп жан-жағына қарап тұрған бір жас қызметші қызды көрдім. Мен төмен түстім де, оған қарадым.

- Сізге көмектесейін бе, бикеш?
- Ол тіпті қып-қызыл болып кетті.
- О, жоқ, мырза!
- Онда тұрған не бар?

Ол криңенін² түзеді, мен оған көмектестім. Қыз рахметін айтты да жоғары көтерілді.

17 мамыр

Мен неше түрлі адамдармен таныстым, бірақ әзірше ешқандай жақын дос, сырлас тапқаным жоқ. Мен өзімнің бойымда нендей тартымдылық бар екенін білмеймін; олардың көбісі мені жақсы көріп әрі тез бауыр басып кетеді, алайда біздің жолымыздың тек аз уақытқа ғана қиылысатыны жанымды ауыртады. Бұндағы адамдар қандай деп сұрасаң, менің саған айтарым: барлық жердегідей! Адамзат үшін бұл жазмыш біркелкі нәрсе ғой. Көпшілігінің уақыттары өмір сүру, тіршілік ету үшін жанталаса жұмыс істеумен өтеді, ал өздеріне аздап та болса қалған еркіндіктің оларды шошытатыны сондай, одан құтылудың бар мүмкіндігін іздестіреді. О, адам тағдыры-ай десеңізші!

Дегенмен бұндағы халық шынымен-ақ жақсы! Мен кей кезде өз-өзімді ұмытып, олармен бірге болған қуаныштардан ләззат аламын. Ырғын дастарқан басында олармен барынша ашық-жарқын әрі адал пейілмен жақындасу, я бірге қыдырыстау, тіпті кезі келгенде би де билеп жіберу және тағы сол сияқтылар маған сондай жағымды әсер етеді; тек менің бойымда әлі де болса басқа да көптеген күш-қуаттың тұнып, бәрі жұмсалмай бекер рәсуаланып жатқанын жасыруға мәжбүр боламын, тіпті оның есіме түспегенін қалаймын. Ах, бұл сезім жүрегімді сығымдайды-ақ. Амал не! Түсініксіздік біздің пешенемізге жазылған ғой.

Менің бала кезімдегі дос қызым о дүниелік болыпты! Мен оны неге ғана танып, білдім екен! – Ақымақсың, – деймін өзіме өзім! Сен жер бетіндегі жоқты іздеп жүрсің; бірақ менде ол болды ғой, мен оның жүрегі үлкен екенін сезгенмін, ондай жайсаң жанның қасында мен өзіме шамадан тыс талап қоятын сияқты болып көрініп едім, себебі мен, мүмкіндігінше, бәрі болуға тырыстым. Құдіретті күшті құдайым! Сонда менің жандүниемде көрініс таппаған бір де бір қуат көзі қалып па еді? Жүрегім бар табиғатты аялап, құшатын. Ал мен бүкіл ғажайып сезімімді оның алдына жайып сала алмадым ба? Біздің кездесулеріміз нәзік сезімдердің үздіксіз қауышуы секілді еніп, алғыр ойларымыз, тіпті шалдуарлығымыздың өзінде, яғни

осының бәрінде данышпандық белгісі бардай сезілетін еді-ау? Ал енді ше? Өттең, оның менен бірнеше жас үлкен болғандығы оны менен бұрын о дүниеге алып кетті ғой. Мен оны, оның асқан ақылы мен періштедей шыдамдылығын ешқашан ұмытпаспын.

Біраз күн бұрын мен бір аңқылдаған, ашық, жүзі сондай жылы, жас Ф. - деген бозбаланы кездестірдім. Оның оқудан келе жатқан беті екен, өзін данышпанмын деп санамайды, дегенмен де басқалардан көп білемін деп ойлайды. Менің жалпы пайымдауымша, өзі ұқыпты-ақ секілді, қысқасы, оның тамаша білімі бар. Ол менің көп сурет салатынымды, грекше білетінімді осында естіген соң, менімен таны-сып, Баттойкстан³ бастап Вудқа⁴ дейін, фон де Пилестен⁵ Винкельманға⁶ дейін көп білетіндігіне мақтанды және өзінде Зульцердің⁷ теориясы бар екенін әрі оның бірінші бөлімін түгелдей оқып шыққандығына, өзінің Хейненің⁸ антикалық оқу жайлы қолжазбасының иесі екенін айтып сендірді. Мен мұнысына келісе салдым.

Тағы да бір тамаша адаммен, князьдықтың лауазымды қызметкерімен таныстым. Ақжарқын, адал жүректі кісі. Жұрттың айтуынша, оны тоғыз баласының ортасында көру бір ғанибет болса керек; әсіресе оның ең үлкен қызы жайлы көп мақтау сөздер айтылады. Ол менен үйіне келуімді өтінді, мен оныкіне жақын арада барып та қалармын. Ол осы арадан бір жарым сағаттық жердегі әкімшіліктің аңшы үйінде тұрады, онда әйелі қайтыс болған соң рұқсат алып кірген көрінеді, өйткені қалада әрі мекеме үйінде тұру тым ауыр болыпты.

Бұдан басқа маған бірнеше сопысымақтар кездесті, бар болмыс-тары жан тәзгісіз, ал лас қарым-қатынастарына тіпті шыдауға болмайды.

Қош бол! Хат сенің көңіліңнен шығады, өйткені ол бір тұнып тұрған тарих!

22 мамыр

Адам өмірі тек әншейін бір қиял, түс сияқты деген мағынадағы ішкі түйсік мені де үнемі мазалайды. Мен

адамның шығармашылық және танымдық күш-қайратының шектеулі екенін байқағанымда, оның бар іс-әрекетінің мұқтаждықты қанағаттандыруға келіп тірелетінін, яғни біздің бейшара тіршілігімізді ұзартудан басқа еш мақсат-мұраты жоқ екенін көремін; содан соң басқа да ізденістер барысындағы тыныштық дегеніңіз адамдардың өздері қамалып отырған қапас қабырғаларына түрлі-түсті бейнелер және ашық көріністердің суретін салып, тек қиялдана мойынсұнуы ғана – осының бәрі, Вильгельм, мені тұйыққа тірейді. Мен ішкі дүниеме қайта ораламын да, бір әлемге тап боламын. Мұнда буырқанған күш-қайрат пен түсінікке қарағанда күдік пен күңгірт құмарлық басым түседі. Сол сәтте бәрі менің ақыл-ойымда қалықтап жүреді, ал мен болсам жарық дүниеге тағы да қайтадан армандай ынтығамын.

Барша терең білімді мұғалімдер мен оқытушылар балалардын неліктен бір нәрсені қалайтынын білмейтініне толық келіседі; ересектер де балалар сияқты осынау жер бетінде сенделіп жүр және аналар сияқты олар да қайдан келіп, қайда баратынын білмейді, дәл солай белгілі бір мақсатпен әрекет етулері де аз, тура солай олар бірде шыбықпен ықтырылып, бірде тәттімен қызықтыру арқылы басқарылады: бұны ешкімнің де мойындағысы келмейді, ал менің ойымша, бұл – бұлтартпас ақиқат.

Мен, әрине сенің пікірінді ықыластана мойындаймын, себебі сенің бұл туралы не айтқың келетінін білемін, қуыршаққа алданған балалар құсап ертеңгі күнін ойламай өмір сүретін бәзбіреулердің, киініп-шешініп, шешесінің тәттіні тыққан жәшігін үлкен құрметпен айнала еңбектеп, ақыры қалағанына ие болып, ұртын толтыра асап: «Тағы да!» – дейтіндерді бақыттылар деп есептеймін. Олар жаратылысынан бақытты. Өздерінің түкке тұрғысыз істеріне немесе тіпті құмарлықтарына дейін дардай атақ беріп, оларын адамзаттың пайдасы мен өркендеуі сияқтандырып, ұлы істер қатарына қосып қоятындарға да жақсы. Осындай бола алатындарға жақсы! Бірақ егер кімде-кім осының

бәрінің құнының қаншалықты екенін өзі шын түсінсе, онда ол өз бағын жұмақтай етіп күзеп-түзеуді білетін жағдайы жақсы мешан да, және ауыр жүк астында өз жолын қажымай-талмай, қираландай жүріп, ары қарай жалғастыратын бейшара да мына күннің жарығын тағы бір сәт болса да көруге бірдей ынтызар екендігін байқайды, иә, ол үнсіз ғана өз әлемін де танып-білер еді. Сонысымен бақытты да болар еді, себебі ол – адам. Және де ол өзінің сонша шарасыз екендігіне қарамастан, жүрегінде әрдайым еркіндіктің тәтті сезімін сақтап жүреді әрі бұл қапасты қалаған кезінде тастап кете де алады.

26 мамыр

Сен менің жайымды, бір жасырын жерге үйшік жасап алып және барынша азын-аулақты қанағат тұтатын әдетімді, бұрыннан-ақ білсең ғой. Мен осы жерден тағы да бір өзіме ұнайтын орын кездестірдім.

Қаладан шамамен бір сағаттық жерде Вальгейм деп аталатын жер бар. Оның төбе баурайына орналасуы өте қызық. Егер жалғыз аяқ жолмен жоғары қарай көтерілсең, бүкіл жазықты тұтас көруге болады. Жасына қарамай сыпайы әрі ширақ кимылдайтын дәмхана иесі әйел шарап, сыра, кофе ұсынады; ал бәрінен де ең жақсысы айналасын шаруалар үйлері, сарайлар мен дуалдар қоршап тұрған шіркеу алдындағы кішкене алаң, оның жан-жағын екі жөке ағашы бұтақтарымен жауып тұр. Мұндай оңаша, жайлы орынды мен сирек кездестірген болатынмын. Қожайынның үйінен өз үстелім мен орындығымды алдырып, сол жерде кофемді ішіп, Гомерді оқимын. Алғаш рет, түс ауған бір тамаша шақта, жөке ағашының арасымен қыдырыстай жүріп, осы мүлде бос жерге кездейсоқ тап болып едім. Жұрттың бәрі егіс даласында болатын; тек бір төрт жас шамасындағы бала ғана жерде отыр. Өзі алдына алты айлық баланы отырғызыпты. Ол балаға оның аяғы мен кеудесі орындықтың қызметін атқарып тұр. Айналасына алаңсыз қараған сәбидің қара көздерінен

ұшқын байқалады. Дегенмен ол сондай тыныш отыр еді. Мен бұл көрініске риза болдым: қарсыда тұрған бір соқаның үстіне отырдым да осынау бауырмал көріністі рахаттана қағазыма түсіре бастадым. Мен жақын тұрған қоршауды, қойманың есігін және сынған арбаның дөңгелектерін – бәрін қаз қалпындағыдай етіп салдым, бір сағат өткен соң, көз алдымда титтей де қоспасыз, шынайы салынған өте қызық сурет тұрды. Бұл менің алдағы уақытта табиғат аясында жеке болуым керек деген шешімімді бекіте түсті. Тек жалғыздық қана ішкі сезімі бай ұлы суретшілерді қалыптастырады. Белгіленген қағидалар жайлы көп айтуға болады, қоғамдық тәртіпті мақтағанда да шамамен соны айтады. Сол тәртіп бойынша қалыптасқан адам ешқашан талғамсыз және қолайсыз ештеңе жасамайды, заң мен молшылық тұрмысқа мойынсұнып өзгеріп кететін біреулер сияқты ол да ешқашан жайсыз көрші немесе асқан зиянкес бола алмайды; оның есесіне жұрт сияқты не айтқысы келсе, соны айта беретін шынайы табиғи сезімі мен шыншыл бейнелеу қабілетін сол неше түрлі ережелер кұртады! «Тым қатты кеттің» дерсің сен. «Ол тек бей-берекет қаулап өскен ағаш сабақтарын қыркумен ғана шектеледі т.с.с.». – Қымбатты досым, мен саған дәл сондай теңеу келтірейін бе? Бұнда да мәселе тура махаббат сияқты ғой. Бір жас жігіт бір қызды сондай ұнатады, ертеден кешке дейін бар уақытын соның қасында өткізіп, кез келген сәтте оған өзінің бар ынтасымен берілгендігін дәлелдігісі келіп, күш-жігерін, бүкіл байлығын жұмсайды. Сол кезде мемлекет қызметін істейтін, тоқмейілсіген бір адам келеді де, оған былай дейді: «Сүйкімді жас мырза! Сүю деген адамзатқа тән, сіз тек қана адамша сүюге тиіссіз! Жұмысқа белгілі бір уақытыңызды бөліңіз, ал демалыс уақытыңызды өз қызыңызға арнаңыз. Мал-мүлкіңізді санаңыз, өзіңіздің күнделікті қажетіңізден артылғанынан, оған сыйлық жасауыңызға тыйым салынбайды, шамамен оның туған күніне және атаулы мереке күніне т.с.с., тек жиі емес. Оны жігіт тыңдаса, онда тыңғылықты бір жас адам болады да шығады, ал мен өзімақ кез келген әкімге оны кеңсеге орналастыруын ұсынамын; тек

оның махаббаты осымен бітті дей бер, ал егер ол суретші болса, өнерінің де біткені. О, достарым менің! Таза сезім қайнарының тым сирек бұрқ етіп, анда-санда ғана арнасынан аса буырқана тасқындауы неге сендерді абыржытып, жан дүниелеріңізді күйзелтеді?

– Сүйікті достарым, өйткені сонау жағалаудың екі жағында да парасатты мырзалар тұрады, олардың бақтағы үйлері, жауқазынды жүйектері мен көкөністі бақшалары құрып кеткен болар еді, сондықтан да олар дер кезінде тоғандар мен бөгеттер арқылы төніп келген қауіп-қатердің бетін қайтарудың ретін табады.

27 мамыр

Мен, байқауымша, сүйсіну, салыстыру және декламацияға беріліп, саған балалармен ары қарай не болғанын түгел айтуды ұмытып кетіппін. Соқа үстінде екі сағат бойы эсерлі ойға шомып отырғанымды кешегі хатымда үзіп-жарып баяндап едім ғой. Ақыры кешке таман қолында себеті бар бір жас әйел әлі орындарынан да қозғалмаған балаларға қарай асыға-аптыға басып келе жатып, алыстан: «Филиппс, сен нағыз азаматсың», – деп дауыстады. Ол менімен амандасты, мен рахмет айтып орнымнан тұрдым да оған жақындап барып, «Балалардың анасымысыз?» деп сұрадым. Әйел өзінің балалардың анасы екенін айтты да, үлкеніне бір жарты тоқаш берді, кішкентайын көтеріп алып бар аналық махаббатымен елжірей сүйді. «Мен, – деді ол, – Филиппсыма кішкентайды ұстатып, үлкен баламмен ақ нан, қант және ботқа пісіретін шөкке әкелуге қалаға кетіп едім. Мен оның бәрін қақпағы түсіп қалған себеттен көрдім. – Гансыма (бұл ең кішісінің аты болатын) кешкісін сорпа пісіріп берейін деп едім; үлкенім, кеше Филиппспен ботқаның қаспағына таласамын деп шөккені сындырып қойғаны». Мен үлкен баласы жайлы сұрадым, ол маған оның көгалда бірнеше қазды қуып жүргенін айтып үлгергенше, баласы да секіре жетіп келді. Өзіне тете бауырына жаңғақ ағаштың шыбығын берді. Менің әйелмен

ары қарай сөйлесе келе білгенім, ол өзі мұғалімнің қызы екен. Күйеуі бір-екі ағайынды туысынан қалған мұраны алып келу үшін Швейцарияға кетіпті. «Олар күйеуімді алдағысы келіп, – деді ол, – жазған хаттарына жауап бермей қойды; содан соң, ол жаққа өзі кетті. Тек әйтеуір көлденең бақытсыздықтан аман болса екен! Мен одан еш хабар ала алмай отырмын». Мен әйелден зорға құтылдым, балалардың әрқайсысына бір-бірден тиын-тебен бердім, егер шешесі қалаға бара қалса, арнайы тоқаш әкелсін деп ең кішкентайы үшін біреуін бердім, біз солай бір-бірімізбен қош айтыстық.

Қымбаттым, кейде мен жайма-шуақ сезіммен, ешбір мұңсыз қалыпта өмір сүретіндерге қызығатын да сияқтанамын. Олардың күнделікті өмір ағымына қалыптасқандығы сондай, тіпті алмасып жататын жыл мезгілдерінің өзіне де тым самарқау күйде қарайтындығын қайтерсің?!

Сол кезден бері мен жиі-жиі далада жүремін. Балалар маған әбден бауыр басып алды, мен кофе ішсем, оларға да қант тиеді, ал кешкісін менімен айран мен май жағылған нанды бөліседі. Жексенбі сайын олар ешқашан нәпақасыз қалмайды, ал егер мен ғибадат қылу уақытынан соң онда болмасам, оларға тиесілі тиын беру дәмхана иесі әйелге тапсырылып қойылған.

Олар маған сенгендігі соншалық, неше түрлінің бәрін жасырмай айтады, әсіресе, мені олардың балалар көбірек жиналған кездегі әуесқойлықтары мен тілек, ықыластары, табандылықтары қызықтырады.

Балалардың менің мазамды алатынын ойлап, ажыржи қауіптенетіндей ештеңе жоқ екендігіне шешелерінің көзін жеткізу, әрине, оңайға түспеді.

30 мамыр

Менің саған сурет салу жайлы жақында айтқанымның, әрине, поэзияға да қатысы бар; бұл тек таныған нәрсенді сөзбен батыл түрде сомдай алу ғана, сонымен қатар аз сөзге көп мағына сыйдыру ғой... Мен бүгін бір жағдайға тап болдым, оны түгел

жазып алдым, жер бетінде бұдан асқан мамыражай күй бар ма екен сірә, әйтсе де поэзия мен сурет өнеріне қандай қатысы бар? Табиғаттың көрінісіне жарлықсыз-ақ араласуға болмай ма?

Егер сен осы кіріспеден аса мәнді әрі ерекше бірдеңе күтсең, онда тағы да әбден алданғаның; маған соншалықты қатты әсер еткен бір шаруа бозбала ғана. Мен әдеттегідей әңгімеге шорқақпын, ал сен, әрине, әдеттегідей мені асырып айтып отыр деп ойлайсың; осы сирек те ерекше жайттарды туындататын тағы да Вальгейм, сол Вальгейм...

Бір топ адам сыртта жөке ағашының саясында кофе ішуге жиналған болатын. Олардың ортасы менің ойымдағыдай болмағандықтан, мен бір сылтау тауып қалып қойдым.

Көрші тұрған үйден бір шаруа бозбала шықты да, мен жақында суретін салған соқаның әлденесін жөндеуге кірісті. Маған оның түр-сипаты ұнағандықтан, оны сөзге тартып, жағдайын сұрадым, аз уақытта-ақ біз танысып, әдеттегідей тез тіл табысып кеттік. Ол маған өзінің бір жесір әйелге қызмет ететінін және оның өзіне тым жақсы қарайтынын айтты. Бозбала әйел туралы өте көп жайды баяндады және оны мақтағаны сондай, мен бірден-ақ оның әйелге бар жан-тәнімен ғашық екендігін байқадым. Әйел онша жас емес көрінеді. Оның айтуына қарағанда, бірінші күйеуімен арасы нашар болғандықтан, қайтып тұрмысқа шыққысы келмейтін көрінеді, ал оның әңгімесінен әйелдің ол үшін қаншалықты сұлу, қаншалықты көркем екендігі, оның алғашқы күйеуінің қателігін ұмыттыру үшін әйелдің өзін таңдағанын сондай тілейтіні ап-анық білініп тұрды, осы адамның шынайы ықыласын, махаббаты мен адалдығын саған анық жеткізу үшін оның айтқандарын сөзбе-сөз қайталауыма тура келер еді. Иә, саған бірден оның қимылының мәнерін, дауысының ырғағын, жанарындағы жасырын отты айнытпай суреттеп бере алу үшін менде ұлы ақындық қабілет болуы керек. Жоқ, оның бар болмысы мен бет-әлпетіндегі нәзіктікті ешбір сөз жеткізе алмайды; мен не айтсам да бәрі тек әншейін қиыспайтын бірдеңе ғана. Әсіресе, оның мені өздерінің арасындағы қарым-қатынасты тең емес деп ойлап, әйелдің жақсы тәлім, тәртібіне күмәнданар

ма екен деп соншалықты абыржи қорыққаны, маған қатты әсер етті. Ешқандай жасандылықсыз-ақ оны өзіне ырықсыз тартып, баурап алған әйелдің сымбатты мүсіні, дене бітімі жайлы айтқаны қаншалықты әсерлі екендігін мен тек ішкі жан дүниемде ғана қайталай аламын. Мен өз өмірімде осыншалық ессіз құштарлық пен ыстық та жалындаған ықыласты дәл осындай таза күйінде көрмеппін, иә, мұндай пәк қалпында ешқашан ойлап та, армандап та көрген емеспін деп айтуыма әбден болады. Егер мен саған осы пәктік пен шынайылық есіме түскенде ішкі жан-дүнием құлпырып сала береді және осынау адалдық пен нәзіктіктің елесі маған бар жерде ілесіп жүр, ал мен өзім одан ұшқын алып, күн сайын зарыға аңсап жүрмін десем маған ұрыспағайсың.

Мен ол әйелді таяу арада көруге құмарттым. Дегенмен ойлана келе бұдан бас тартқан жөн болар деп таптым. Оны ғашығының көзқарасымен көргенім дұрыс шығар; ол, мүмкін, менің көз алдыма қазір елестеткенімнен мүлде басқа болып көрінер, ал мен неліктен тамаша қиял көрінісін бүлдіруге тиіспін?

16 маусым

Мен саған неге жазбай жүрмін?– Мұның себебін білгің келетін шығар және сен де оқымыстылардың бірісің ғой? Сен өзің-ақ білуге тиіссің, мен аман-есенмін, бәлкім тағы да кеңес берерсің. – Қысқасы, мен біреумен таныстым, ол танысу менің жүрегіме шоқ түсіргендей болды. Мен... – мен білмеймін.

Оның қалай болғанын, өзімнің ең бір сүйкімді жанмен танысқанымды, саған рет-ретімен айтуға шамам жетпейді. Мен ризамын әрі бақыттымын! Сондықтан да жарытып әңгімелей алуым неғайбыл...

Періште! – Туу! Бұны әркім-ақ өз сүйіктісі жайлы айтады ғой, солай емес пе? Әйтсе де менің саған оның қаншалықты кемел жан екенін, неліктен кемел жан екенін айтып жеткізуге шамам жетер емес; қойшы, әйтеуір, ол менің бар болмысымды баурап алды.

Соншалықты қарапайымдылығына – ақылы, асқан

мейірімділігіне – ерекше табандылығы, ал күнделікті өмірдегі әрбір іс-әрекетіне жан дүниесінің салмақтылығы сайма-сай.

Менің саған ол туралы осы айтқанымның бәрі – оның бірде-бір қасиетін жеткізе алмайтын тұшымсыз, былжыр, бос сөз ғана. Келесіде – жоқ, келесіде емес, саған тура қазір бәрін айтқым келіп отыр. Мен мұны қазір істемесем, онда бұл ешқашан айтылмауы мүмкін. Өйткені, осы хатты жазуды бастағалы бері қаламымды қоя салып, атымды ерттетіп алып, шаба жөнелуге үш рет оқталдым.

Әйткенмен де, бүгін ертемен өзіме-өзім онда бармасқа уәде еттім, сонда да әлсін-әлсін күннің қай шамада екенін көру үшін терезе алдына бара беремін.

Мен мұндай халге төзе алмадым да оған баруыма тура келді.

Міне, мен қайтып келдім, Вильгельм. Кешкі асқа нан мен май жей салып, саған хат жазудамын. Оны сүйкімді, ойнақтаған балалардың, сегіз бірдей бауырларының ортасында көру, менің жанымды бір ғанибет рахатқа бөлейді!

Егер мен осылай жалғастыра берсем, сен бәрібір ештеңе түсінбейсің... Ал тыңда енді, мен егжей-тегжейіне дейін айтып беруге тырысайын.

Мен саған жақында бір С... деген жергілікті бастықпен қалай танысқанымды, оның мені жақын арада жеке мекен-жайына немесе дұрысырақ айтқанда, шағын шаруажайына келуімді өтініп шақырғанын жазып едім ғой. Мен бұған пәлендей көңіл аудармаған едім, егер кездейсоқ осы бір тыныш жерде жасырын жатқан қазынаның үстінен түспеген болсам, сол қалпында онда ешқашан бармаған да болар едім.

Біздің жастар қала сыртында сауық кешін ұйымдастырған болатын, мен де соған қуана-қуана барайын дедім. Оған осы жердің жақсы, әдемі, бірақ елеусіздеу бір қызынан бірге баруын өтіндім, сөйтіп, мен бір күйме алып, өзімнің билейтін бикешіммен және оның бөле қызымен бірге сауық-сайран болатын жерге баратын болдық, жолай Шарлотте С... дегенді ала кететін болып келістік.

«Сіз бір сұлу қызбен танысасыз», – деді менің серіктес қызым, біз бір кең кесілген орманның арасымен аңшы үйіне қарай жүріп келе жатқанымызда. «Байқаңыз, – деп қосып қойды қыздың бөлесі, - ғашық боп қалып жүрмеңіз!»

«Неге?» дедім мен. «Ол бір жақсы кісіге айттырылып қойған, бірақ ол кісі әкесі қайтыс болған соң шаруаларын реттеуге және өзіне бір жөнді қызмет қарастыру үшін жолаушылап кетіп еді,» – деді ол. Бұл хабар маған онша әсер еткен жоқ.

Біз қақпа алдына келіп жеткенімізде, күн арқан бойы жоғары тұрған болатын. Ауа сондай қапырық еді, кокжиекте жағалай жөңкілген ақшыл-сұрғылт қалың бұлттарды көргенде, әйелдер жағы дауыл тұрар ма екен деп мазасыздана бастады. Мен сауық-сайранымыздың шырқы бұзылатынын енді ғана байқадым да, олардың көңілдерін ауа райы жайлы жорамал болжаулармен жұбатқан болдым.

Мен күймеден түстім. Қақпадан шыққан күтуші қыз Лотхен бикештің қазір келетінін айтып, біздің аздап тоса тұруымызды өтінді. Жақсылап салынған үйге аула арқылы баспалдақпен жоғары көтеріліп, есіктен ішке енгенімде, бұрын-соңды көрмеген, таңғажайып бір көрініске тап болдым. Ауыз үйде сұлу мүсінді, орта бойлы, кеудесі мен жеңінде ақшыл кызғылт банты бар, қарапайым ақ көйлекті қыздың айналасында он бір мен екі жас аралығындағы алты бала үймелеп тұр екен. Ол ұстап тұрған қара нанынан қасындағы кішкентайлардың әрқайсысына жасы мен тәбетіне қарай бір-бір үзімнен шақтап кесіп беріп жатты, оны әрқайсысына соншалықты бір мейірімділікпен ұсынады, жаңа ғана кесіліп болған нанға ұзақ созылған кішкене қолдары жеткенде шетінен шын ықыластарымен рахметін айтып, кешкі асына риза болған балалардың бірі шетке секіріп шықса, енді бірі басалқалы мінезіне сай жайбарақат қана өздерінің Лоттелері мініп кететін күймені көру үшін қақпаға қарай кетті.

- Сізді кіруге мәжбүр еткеніме және бикештерді күттіріп қойғаным үшін кешірім өтінемін, – деді ол. – Киінемін деп және өзім жоқта істелетін анау-мынау шаруаларды тапсырамын деп

жүріп балаларға тамақтарын беруді ұмытып кетіпін, ал олар менен басқаның нан кесіп бергенін қаламайды.

Мен оған мәнсіз бір мақтау айтқан болдым, ал бар есіл-дертім оның бейнесінде, үнінде, қимыл-қозғалысында болды, тек ол бөлмеден қолғабы мен желпуішін алып келуге жүгіріп кеткен шақта ғана күтпеген жайдан есімді жиып алуға шамам келді. Кішкентайлар алысырақ барып, маған шеттен қарап тұрды, мен ең кіші, жүзі балбыраған сәбиге қарай жүрдім. Ол кейін шегінді, дәл осы кезде Лотте есіктен ішке кірді де: – Луис, ағайыңа қолыңды бер, – деді. Бала еркінсі қол берді, мен өзімді ұстай алмай кеттім де, оны мұрнының ластығына қарамай құшырлана бетінен сүйіп алдым.

– Аға дейсіз бе? – дедім мен оған қолымды ұсынып жатып. – Мен өзіңізге туысқан болу бақытына лайықты деп ойлайсыз ба?

– О-о, – деді ол сәл ғана жымыып, - Біздің туысқандарымыз толып жатыр, егер сіз солардың ішіндегі ең жаманы боламын деп ойласаңыз, өкінішті-ақ.

Ол кетіп бара жатып, жасы он бірлердегі өзінен кейінгі сіңлісі Софияға балаларға жақсылап қарауды және атқа мініп бой жазуға кеткен әкесіне қайтып келгенінде сәлем айтуды тапсырды. Кішкентайларға Софияны өзіндей көріп айтқан тілін алындар дегеніне кейбіреулері нақты уәде де беріп жатты. Тек бір алты жас шамасындағы беймаза, ақшыл шаштысы былай деді: «Ол бәрібір сен емес қой, Лотхен, біз сені жақсырақ көреміз». Ең үлкен екі бала күйменің артына жабысып алыпты, Лотте әрі менің өтінішім бойынша, әрі олар бірін-бірі мазактамай, дұрыстап тұруға берген уәдесіне сеніп, бізбен бірге орманға дейін баруларына рұқсат етті.

Біздің жөнделіп отырғанымыз сол еді, бикештер жағы амандасып бола салысымен, бірінен соң бірі киім-кешек, әсіресе әйелдер қалпағы туралы пікір, сындарын айтысып, өзіміз бара жатқан орта жайлы егжей-тегжей әңгімеге кірісті. Лотте күймені тоқтатқызып, інілерін түсірткізгенде, олар оның қолын тағы бір рет сүйгілері келетінін білдірді. Үлкені он бес жасына тән

сондай бір нәзіктікпен, ал кішісі құшырлана әрі жеңілтектене сүйді. Ол кішкентайларды бізбен тағы қоштастырды да, біз ары қарай жүріп кеттік.

Қыздың бөлесі одан жақында жіберген кітабын оқып болған-болмағанын сұрады. –Жоқ, – деді Лотте, – Оны өзіңіздің қайтып алуыңызға болады, маған ұнамады. Бұрынғысы да онша жақсы болмап еді».

Мен олардың қандай кітаптар екенін тандана сұрадым, Лотте маған жайлап түсіндіре бастады: ол не айтса да мен бәрінен оның мінез-құлқының қыр-сырына қаныға түскендей болдым, әрбір сөзінен ерекше сүйкімділікті, бет-бейнесінен менің өзін түсінгенімді сезгендіктен біртіндеп ризашылықпен жайыла түскендей болған ақылдылықтың нәзік сәулесін көрдім.

«Мен кішірек кезімде, – деді ол, – Романдардан артық ешнәрсені жақсы көрмеуші едім. Жексенбі сайын бір бұрышқа отырып алып бар жүрегіммен қайдағы бір мисс Женнидің⁹ бақыты мен қайғысына ортақ болу маған қаншалықты ләззат әкелгенін құдайым өзі біледі. Осындай оқудың маған әлі де жағымды әсер ететінін жоққа шығармаймын. Кітапты сирек оқимын, әйтсе де ол менің талғамыма сай болуы керек. Мен одан өз әлемімді іздеймін, сондықтан кітаптағы өмір де маған әрі таныс, әрі жақын болуы керек, ал оқиғасы үйдегі жеке басымның тірлігінен әлдеқайда қызығырақ әрі таңғажайып әсерлі болуы керек, мейлі тіпті жұмақтағыдай болмай-ақ қойсын, дегенмен жалпы алғанда адамға бұйырақ бақыттылықтың қайнар көзі болуы тиіс».

Мен өзімді осынау сөздердің тебіренгенін жасыруға тырыстым. Бұл бірақ ұзаққа созылмады: себебі жол үсті оның аса бір шынайылықпен дін қызметшісі Вакефильд¹⁰ және ...* айтқанын естігенімде, өз-өзімді ұстай алмадым, оған білгенімнің бәрін ақтардым, тек біраз уақыттан соң Лотте әңгімені басқаларға бұрғанда ғана аналардың осы кезге дейін ештеңе түсінбей, басқа жерде отырғандай көздері бақырайып кеткенін байқадым. Қыздың бөлесі маған бірнеше рет кекесінмен, мұрнын шүйіре қарады, бірақ мен оған тіпті көңіл де бөлмедім.

Әңгіме би қызығына ауысты. «Егер бұл құмарлық қателік болса, – деді Лотте, – Онда мен шынымен мойындайын, биден артық ештеңені білмеймін. Ойыма бірдене түскен кезде, көне күйсандығымда бір контре¹¹ биді дыңылдатсам, бәрі қайтадан жақсарып сала береді».

Әңгіме үстінде оның қара көздеріне қалай рахаттана қарадым десеңші! Сүйкімді алаулаған еріндері мен жайдары, үлбіреген жүзі бар жан-тәнімді баурап алды! Оның әңгімесінің кереметтей ақылдылығына тәнті болғаным сонша, айтқан сөздерін жиі-жиі мүлде естімедім де! - Сен мені жақсы білесің ғой, сондықтан да мұны көз алдына елестете аласың. Қысқасы, біз сауық-сайран болатын үйдің алдына келіп ақырын ғана тоқтағанымызда, мен күймеден түс көргендей күйде түстім, айнала қалықтаған әлемде арман құшағына берілгенім сонша, жоғарыдағы жарқыраған залдан шарықтаған музыкаға әзер көңіл аудардым.

Лотте мен қыздың бөлесімен билейтін сыңарлары, Аудран және әлгі бір Н.Н., – Бәрінің аты кімнің есінде тұрар дейсің! – деген екі мырза бізді күйме есігі алдында қарсы алып, өз бикештеріне ие болды, ал мен өзімдікін алып жоғары көтерілдім.

Біз мәнуетте бірімізбен біріміз айнала айқасып кеттік; мен бикештердің бірінен соң бірін шақырдым, қырсық қылғандай олардың ең қолапайсыздары рахмет айтып, мені босатуды кешеуілдете түсті. Лотте мен оның сыңары бір ағылшын биін бастап, бізбен бірге қатарласа билей бастағанында қалай рахаттанғанымды сезе алармысың сен. Оның билегенін көрсен етті! Биледі деп соны айт! Қарашы, ол бар шын жүрегімен, бар жан-тәнімен биге берілген, бүкіл өне бойы саздылыққа толы, сондай еркін, биден басқа ештеңені ойламайтындай алаңсыз, ештеңені сезбейтіндей; және сол сәтте оның айналасындағының бәрі шынымен жоғалып кеткендей.

Мен оны екінші контре¹¹ биге шақырдым; ол үшінші биге келісті. Аса бір сүйкімділікпен өзінің бәрінен де неміс биін өте сүйсіне билейтінін айтты. - «Бұл жерде, - деп ол сөзін жалғастырды, – Бірге билеуге тиіс әрбір жұп неміс биін билегенде

бірге қалу сән болып саналады, ал менің сыңарым вальсті нашар билейді, сондықтан мен оны бұл жұмыстан босатсам, ол маған тек алғыс айтады. Сіздің бикешіңіз де оны жақсы көрмейді, әрі билей алмайды. Ағылшын биін билеп жүргенде сіздің вальсті жақсы билейтініңізді байқап қалдым; егер неміс биін менімен билегіңіз келсе, онда барыңыз да менің мырзамнан өтініңіз, ал мен сіздің бикешіңізге барайын». Мен келістім. Менің билейтін қызым оның сыңарымен әңгімелесе тұратын болып шештік.

Ал, басталды-ай дейсің! Біз бір сәтке білектердің неше алуан айқасуына сүйсіне қарап тұрдық. Әсем, шаттана, қандай жеңіл қозғалады десеңші ол! Біз вальс ырғағымен шыркөбелек айналғанымызда бар дүние бірінің артынан бірі көше жөнелгендей болды, бірақ сәлден соң-ақ бәрі апыр-топыр болды да кетті, себебі вальс билеу кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Біз сабырлылық танытып, басқалардың билеп болуын күттік, ал икемсіздері би алаңын босатқан кезде, тағы да бір жұппен, Аудран мен оның билейтін қызымен би соңына дейін абыроймен төтеп бердік. Мен ешқашан бұлай жеңіл қозғалған емеспін. Жай пендеге ұқсамай кеттім. Ең сүйкімді жанды құшағыңа алып, онымен желдей ұшып дөңгелене жөнелгенінде, жан-жағындағыңның бәрі шыркөбелек айналды дейсің, және – Вильгельм, ақиқатын айтсам бар ғой, мен сонда да өзім сүйген қыздан, қалыңдығымнан менімен билегендей басқа біреумен ешқашан билемеуін, тіпті осы үшін құрып кетсем де, талап еткен болар едім деп серт еттім. Сен мені түсінесің ғой!

Біз демімізді басу үшін залды бірнеше қайтара жүре айналып өттік. Одан кейін ол отырды да, мен алып келген ең соңғы жалғыз апельсинді жеді. Тек, оның сыпайылық жасап, оны бір көрші қызбен тепе-теңдей етіп бөліскені жүрегіме қанжар қадағандай әсер етті.

Үшінші ағылшын биінде біз екінші жұп болдық. Біз қатармен билеп келе жатқанымызда, оның білегі мен ашық та таза шынайы сезімге толы көзіне қалай шаттана қадалғанымды құдай өзі біледі. Біз бір бет-әлпеті онша жас болмаса да сүйкімді

жүзі маған көркем болып көрінген әйелдің қасына таядық. Ол Лоттеге жымия қарап, қасынан өте бергенімізде саусағын сес көрсете шошайтып, “Альберт” деген атты үлкен мән бере екі рет атады.

«Егер сұрағаным айып болмаса, Альберт деген кім?» – дедім мен Лоттеге. Ол жауап қатуға ыңғайланған кезде бидің үлкен сегізінші ырғағын билеу үшін бөлінуімізге тура келді, ал біз қайтадан бір-бірімізге қиғаштана тұрғанымызда маған оның қабағынан ептеп ойланғандық байқалды. «Сізден несін жасырайын – деді ол маған променадаға¹² қолын ұсынып жатып, – Альберт деген – мен атастырылған бір жақсы адам». Бұл мен үшін ешбір жаңалық емес еді, өйткені ол жайында маған қыздар жол үсті айтқан болатын, әйтсе де мүлде жаңа естігендей болдым, өйткені мен мұны әлі, осыншама аз уақыт ішінде өзіме соншалық қымбат болып үлгерген оған байланысты ойламап едім. Бітті, сасқалақтап, есім шыққаны сонша, басқа бір жұптың ортасына кіріп кеттім, бәрі астаң-кестең болды, бұны қайта тез ретке келтіру үшін Лоттенің өзі ынта-жігер көрсетіп, араласуына тура келді.

Бірталай уақыттан бері, көкжиектен көрінген жарқылдаған найзағай әлдеқайда күшейе түсіп, күннің күркіреуі музыканы басып кеткенде, би әлі аяқталмаған еді. Үш қыз қатардан шыға жөнелді, олардың соңдарынан жігіттері ерді; бәрі бей-берекет болды да, музыка тоқтап қалды. Бақытсыздық немесе бір қорқынышты нәрсе бізге рахат үстінде аяқ астынан тап келсе, жайшылық кездегіден оның әсері әлдеқайда күштірек болары табиғи жайт қой. Бір жағынан күтпеген жерден әсер еткен қарама-қайшылыққа, душар болғанымызда, біздің болмысымыз сезімталдыққа бір рет қана ашылатындықтан, әсерді соғұрлым тезірек қабылдайды. Көптеген бикештердің сырт кейіптерінің аяқ астынан бода-бода болып шыға келуінің себебі осы деуіме тура келеді. Олардың ең ақылдысы арқасын терезеге бере бір бұрышқа отырды да, құлағын басты. Енді біреуі оның алдына тізерлей кетіп, найзағай алғаш жарқылдағанда-ақ басын жасырды. Үшінші

біреуі ол екеуінің ортасына кірді де, еңіреп жылаған қалпы сіңлісін бас салды. Біреулерінің үйлеріне қайтқылары келді; не істеп, не қойғандарын біліңкіремей, сасқалақтаған кейбіреулері әлі онша естерін жия алмай, біздің арамызда сабырлы болып көрінгілері келіп шіренген бейшара бозбалалардың батылдығын қолдауларын, я болмаса, маңайындағылардың тәңіріге бағытталған бүкіл жалбарынуларына құлақ асарларын да білмеді. Біздің мырзалардың біразы темекілерін оңашада тарту үшін сыртқа зытты; ал қалған қауым үй иесі әйел есін жиып, бізге терезесінде қақпағы мен пердесі бар бөлмені көрсеткенінше не істерлерін білмеді. Онда кіргеніміз де сол еді, Лотте дөңгелете орындықтарды қойып жатыр екен, содан соң оның өтініші бойынша отырған жұртқа бір ойынды түсіндіре бастады.

Мен кейбіреулердің ауыздарын шырынды фантка¹³ дәмелене ашып, шолжиып отырғанын көрдім. «Біз санамақ ойнаймыз, – деді ол. – Ал мұқият болыңдар! Мен дөңгелектің ішінде оңнан солға қарай жүремін, ал сендер де солай айнала санайсыңдар, кімнің саны аталса, сол оқша атылып жүгіріп шығуы керек, ал кімде-кім кідіріп немесе қателесіп қалса, шапалақ жейді, осылай мыңға дейін».

Оны көрудің өзі сондай қызық болды. Ол қолын алға соза дөңгелене отырғандарды айнала жүрді. «Бір, – деп бастады біріншісі, көршісі -екі, келесісі - үш, солай ары қарай кете берді. Ол бара-бара тезірек жүре бастады, одан да тездетті; ақыры біреу қателесті: шарт! Бір шапалақ, күлкіге араласа келесісіне де шапалақ шарт етті! Бұрынғысынан да тез жүрді. Мен өзім екі рет шапалақ жедім және олардың әдеттегі басқаларға арналғандарынан қаттырақ болғанын іштей сүйсіне аңғардым. Мыңға дейін саналып біткенде, ойын жалпылама айқай-шу аралас күлкімен аяқталды. Найзағай басылып, жақын таныстар бір-бірін шетке жетелей бастады, мен залға қарай Лоттеге ілестім. Жолай ол: «Шапалақтың арқасында олар ауа райын да, бәрін де ұмытты!» деді. Мен ештеңе деп оған жауап қата қоймадым. «Мен, – деп сөзін жалғастырды – ол – қорқақтардың бірі-ақ едім,

сонда да басқаларға жігер берейін деп бекініп едім, батылданып кеттім». Біз терезенің алдына келдік. Алыста күн күркіреді, нұрлы жауын жерге құйып тұрды, жанға жайлы хош иіс жылы лепке тола бізге лап қойды. Ол шынтақтай тұрған бойы көзімен айналаны шолып шықты, аспанға, маған қарады, мен оның көзінің жасқа толып тұрғанын көрдім, қолын менің қолымның үстіне қойды да: - Клопшток!¹⁴ деді. Сол сәтте-ақ есіме оның ойына оралған керемет ода түсті де, ол осынау ұранмен үстімнен құя салғандай болған сезім толқынына көмілдім. Шыдай алмай кеттім, еңкейіп ләззатқа тола көз жасыма араластыра, қолынан сүйдім. Оның көзіне тағы қарадым. – Асылым! Сен өзіңнің қаншалықты құдіретті екеніңді мына жанардан көрер ме едің, ал мен сенің есіміңді¹⁶ бөгде біреудің аузынан естімесем екен!

21 маусым

Мен дәл бір құдай тағалам тек өзінің сүйген құлына ғана қиятындай аса бақытты күндерді басымнан өткерудемін; не болсам о болайын, мен өмірдің қуанышынан ләззат алмадым деуге хақым жоқ. – Сен менің Вальгеймді білесің ғой; мен онда тіптен орнығып алдым, ол жерден Лоттенікіне дейін небәрі жарты-ақ сағат, сол жерде мен адамзатқа тиесілі бақыт атаулыны сезінудемін.

Мен Вальгеймді демалысқа қолайлы деп таңдап алғанымда, оны аспанға сонша жақын жатқан болар деп ойлаппын ба? Жырақ шығып қыдырғанымда жазықтықтан менің бар ықыласымды баураған аңшы үйін жиі-жиі көріп жүремін!

Сүйікті Вильгельм, мен адамның өз бойынан әлдебір тың жаңалықтар ашып, өзін-өзі жетілдіруге құштар болатынын бағамдадым, неше түрлі ойға шомдым; сондай-ақ өресіздікке де оп-оңай мойынсұнатын үйреншікті әдетіңмен, бірқалыпты, оңға да, солға да бұрылмастан ары қарай өмір сүре беруге ішкі бірбеткей бейімділік жайлы да ойладым.

Керемет! Мен осында келіп, биік төбеде тұрып сұлу жазыққа көз жібердім, табиғат мені баурап алды. Анау кішкене орман!

– Ах, сен оның көлеңкесімен тұтасып кете алатын болсаң ғой! – Сонау таудың құзар шыңы! – Шіркін, сол жерден алыс аймаққа қарап тұрар ма еді! – Біріне-бірі жалғасқан төбелер мен құпиялы жазиралар! – О, мен сендермен бір сәт сіңісіп кетсем ғой! – Мен солай қарай асықтым, кері қайттым, бірақ үмітім ақталмады. О, алыс, қиян дегенің де тура болашақпен бірдей! Жарқыраған тұтас әлем біздің көз алдымызда тұнып жатыр, ал сезіміміз онымен кірігіп, сағышға айнала буалдырланып жоғалып кетеді, ал біз өзіміздің бүкіл болмысымыздағы осы бір танғажайып дүниеден айрылмау үшін, өзімізді сол сезім тереңдігіне бойлатуға ұмтыламыз. – Әттең! Біз қалағандарымыз осында болса екен деп қанша асыққанымызбен де күткеніміздің бәрі артта қалғандай, біз әлі сол бейшара, өресіз қалпымыздамыз, ал біздің жандүниеміз қолға ұстатпас рахатты аңсауда.

Сөйтіп, ақырында мазасыз қаңғыбас қайтадан өз отанын сағынады, алыс елден босқа іздеген рахатты өз үйшігінен, балаларының ортасынан, зайыбының құшағынан, өз қарамағындағы шаруашылығынан табады.

Мен ертеңгісін күнмен таласа Вальгейміме барып, қожайынның бағында тәтті бұршақтарымды жинаймын, оларды тазалап отырып, арасында Гомерімді оқимын; кішкене ас үйде бір ыдысты тандап алып, май саламын, көк бұршақты отқа қойып, жабамын да, оны анда-санда араластырып қасында отырамын: сол кезде мен тура Пенелопаға өгіздер мен шошқаларды сойып, бұзып, асып берген жаужүрек күйеу жігіттердей өзімді өте көңілді сезінемін. Мені осынша бір тыныш, шынайы сезімге қарық қылған патриархалды өмірдің ағымы еді. Мен, құдай сақтай гөр, оны өз өмірімнің қалпына бәлсінбей-ақ қосып алуға дайынмын.

Жүрегімнің адамға тән қарапайым да залалсыз ләззатты сезе алатыны қандай жақсы, өзі жұлып алған орамжапырақты дастарқанына алып келіп және тек жалғыз орамжапырақты ғана емес сонымен бірге бүкіл жақсы күндерді, оны отырғызған сұлу таңды, оны суарған қымбат кештерді, өзінің сонда өсімтал

көшеттерден қуат алғанын – бәрін бір сәтке қайтадан рахаттана түйсінеді.

29 маусым

Алдыңғы күні осында әкімге қаладан дәрігер келгенде мен сол жер-де Лоттенің балаларымен арпалысып жатқан болатынымын, біреулері менің үстімде айнала еңбектесе, бірі мені келеке етіп, мазақтап, мен оларды қытықтап, олар бар дауыстарымен шыңғырыса күліп үлкен айқай-шу болып жатқан. Доктор өте бір сіресіп қалған, кірпияз адам екен, сөйлеп тұрғанында жеңінің ұшын қаттап, желбіршегінің шетінен жиі тартқылайды, бұл әдетін өзінше зиялы адамның мәртебесі деп есептейтінін оның мұрын көтеруінен байқадым. Мен бірақ ештеңеге араласпауға бекіндім, оған өте ақылды жайттарды тәптіштей айтуға мүмкіндік бердім де, балалар құлатқан қағаздан жасалған үйшіктерді қайтадан қаластырдым. Ол кейін қалаға кетті, жүрген жерінде жергілікті әкімнің балалары мүлдем тәртіпсіз болып кетіпті, Вертер деген неме оларды әбден бұзыпты деп өкініш білдірген көрінеді.

Иә, қадірлі Вильгельм, жүрегіме жер бетіндегі ең жақындарым – балалар. Мен олардың кішкентай ғана қылықтарынан, бір кезде әрқайсысына тән болар қасиеттерді байқаймын: барша жарылқаушылардың өркенін, барша күшін көремін; бірбеткей мінез-құлықтардан болашақтағы табандылықпен тұрақтылықты, еркеліктен әлемдегі қауіп-қатерден сүйреп шығаратын таза мысқыл мен жеңілдікті көремін, бәрі еш бұзылмаған, сондай бүтін, таза! – Сонан соң, мен қайта-қайта ұлы ұстаздың¹⁷ алтын сөзін қайталаймын: Сендер қалай да осылардың бірі боласыңдар! Иә, сонымен, қымбаттым, олар да біз сияқты, олар бізге үлгі ретінде қарауға тиісті деп есептегендіктен, қол астындағы бағынышты пендедей қараймыз. Олардың ешқандай ерік-жігері болмауы керек! Бізде шынымен ешқандай ерік-жігер жоқ па? Ал артықшылығымыз қайда жатыр? – Себебі біз үлкенірек әрі ақылдымыз! Құдіретті құдайым-ау, сен өз биігіңнен үлкен балалар мен кішкене балалардан басқа ештеңені көрмейсің; ал

сен қайсысынан көбірек ләззат табатыныңды баяғыда-ақ сенің балаң¹⁸ жария еткен болатын. Бірақ олар оған сенбейді әрі оны тыңдамайды да – бұл да жаңалық емес қой! – балаларын өзі сияқтандырып қалыптастырады да – Хош бол, Вильгельм! Менің бұл жайлы әрі қарай көп бос сөйлеуге құлқым жоқ.

1 шілде

Төсек тартып сарылып жатқан сол ауру жанға Лоттенің қанша-лықты кымбат екенін мен өзімнің бейшара жүрегіммен сеземін. Ол бірнеше күн қалада, дәрігердің айтуына қарағанда жарық дүниемен қоштасуға таянған және осы соңғы мезеттерде Лоттенің өз қасында болғанын калаған бір адал әйелдің үйінде болады. Өткен аптада таудың арғы жағындағы бір сағаттық жерде жатқан елді мекенге онымен бірге Шт... деген пастордікіне бардым. Біз төртке таман сонда келдік. Лотте өзінің екінші сіңлісін жанына ерткен болатын. Екі биік жаңғақ ағашының көлеңкесі түскен пастордың ауласына кіргенімізде, жылы жүзді қарт адам есік алдындағы орындықта отыр екен, ол Лоттені көре салысымен, бейне бір жаңадан күш біткендей, тіпті балдағын ұмыта оның алдынан шықты. Лотте оған қарсы жүгірді, қарияны қояр да қоймай отырғызып, өзі оның қасына отыра қалып әкесінің көп сәлемін жеткізді, қарияның сүйкімсіз, кір-қожалақ кіші баласын, қартайғанда көрген жалғыз қуанышын бауырына қысты. Сен оның қарттың көңілін қалай аулағанын, жартылай керек құлағына естірту үшін дауысын көтере, оған қаза тапқан жас, дені сау кісілер жайлы, Карлсбаденің артықшылығы жайлы әңгімелегенін және қарттың алдағы жазда сонда баруға бел байлаған шешімін құптағанын, оның өзі соңғы рет көргендегіден көп сергек, жақсы көрінетінін айтқанын көрсең етті. –

Мен бұл кезде пастордың әйеліне сыпайыгершілігімді көрсетіп бақтым. Қарттың көңілденгендігі сондай, бізге жап-жақсы көлеңкесін түсіріп тұрған сұлу жаңғақ ағаштарын мақтай отырып, ептеп қиналса да, бізге оның тарихын айта бастады.

«Кәрі жаңғақты, – деді ол, – Кім отырғызғанын біз білмейміз,

біреулер мынау, басқалары анау пастор дейді. Анау төмендегі жасырағы менің әйеліммен құрдас, қазанда елуге толады. Ол кешке таман туған, ал әкесі жаңғақты ертеңгісін еккен екен. Ол менен бұрын осында істеген қызметтес әріптесім болатын, ал оның ағашты қаншалықты жақсы көргенін айтып жеткізу мүмкін емес; мен де оны, әрине, одан кем жақсы көрмеймін. Мен осыдан жиырма жеті жыл бұрын кедей студент қалпымда алғаш рет осы аулаға келгенімде, менің әйелім бір бөрененің үстінде бірдеңе тоқып отыр екен». Лотте оның қызын сұрады: сөйтсе ол Шмидт мырзамен бірге пішендіктегі жұмысшыларға кетсе керек, қарт бұрынғы әріптесі мен оның қызының өзін қалай жақсы көргендігі туралы, өзінің алдымен оның викарийі, одан соң ізбасары болғаны жайлы әңгімесін ары қарай жалғастырды. Пастордың қызы Шмидт мырзамен бақ арасынан шыққанда, әңгіме әлі аяқталмап еді. Ол Лоттемен ыстық ықыласпен сәлемдесті, айта кетейін, ол маған ұнады: кісімен қысқа уақыт ішінде ашық та жап-жақсы әңгімелесе алатындай пысық, сымбатты қараторы қыз екен. Оның нақсүйері көркем, (себебі Шмидт мырза өзін солай етіп көрсетті) әрі сабырлы кісі екен, Лотте оны үнемі сөзге тартса да, ол біздің әңгімемізге араласқысы келмеді. Мені, әсіресе, ренжіткені – оны сөзге араласуға жібермей тұрған ұялшақтықтан гөрі бойындағы өркөкіректік пен бет әлпетінен байқалып қалатын, жымысқы мысқылдың басымдығы еді. Кейінірек бұл қасиеті, өкінішке орай, анық көрінді; өйткені қыдырған кезде Фридерике Лоттемен, кейде байқаусызда менімен қатарласа қалған сәттерінде мырзаның онсыз да қоңырқай жүзінің қарауытып кететіні, бет-әлпетінен айқын көрінді. Лотте жеңімнен тартып, менің Фридерикемен тым жақындасып кеткенімді ескерткен кезі де болды.

Адамдардың бірін-бірі қинағанынан артық мені ештеңе шіміркендіре алмайды, әсіресе, жас адамдар өмірлерінің құлпырған шағында, бар қуанышқа емін-еркін кенеле алатын кездерінде бір-бірінің аздаған жақсы күндерін тыжырынумен тәрк етеді де, соңынан сол түзетілместей қателіктерін өздерінің

ысырапшылдықтары деп түсінеді. Бұл жанымды жайтаптырмады, біз кешке таман пастордың ауласына қайтып келіп, дастарқан басында сүт ішіп отырғанымызда сөз өмірдегі қуаныш пен қайғы жайына ауысты, көңіл-күйім болмағандықтан, ұнжырғам түсіп, әңгіме желісін тап басып, ашық-жарқын сөйлесе алмадым.

«Біз, адамдар, жақсы күндер аз, жаман күндер көп деп жиі шағынамыз, – деп бастадым мен, – Ал меніңше, көбінесе қателесеміз. Егер біздің жүрегіміз таза болса, әрбір күнге құдайдың бізге даярлаған жақсылығының рахатын көрген болар едік, біз сонда ғана қандай қайғыны да жеңерлік күшке ие болар едік».

«Бірақ біздің ақыл-ойымыз өз ырқымызда емес қой, – деп сөзге араласты пастордың әйелі, – Денедіе тұрған не бар дейсің! Егер біреудің өз күйі жақсы болмаса, онда оған барлық жерде де қызық жоқ сияқты болып көрінеді». Мен оның мұнысын мойындадым. «Онда біз бұл сезімді, – деп сөзімді жалғастырдым мен ары қарай, – бір ауру деп есептейік те, бұған еш дауа жоқ па деп сұрасақ ше?» – «Бұл тек айтуға ғана оңай», – деді Лотте, – жеңіл айтқанның өзінде, меніңше, көбісі біздің өзімізге байланысты. Мен бұны өзімнен білемін. Егер бірдене шамыма тиіп, ренжітетін болса, атып тұрамын да бақта әрі-бері жүріп, бірнеше контре¹¹ бидің әнін айтсам болды, бәрі сол сәтте-ақ ғайып болады». – «Менің де айтпағым осы еді, – деп қостадым мен, – Төмен көңіл күйдің өзі тура бір салғырттықпен бірдей, өйткені бұл да салғырттықтың бір түрі. Біздің табиғатымыз осыған өте бейім, әйтсе де, егер біз өзімізді жігерлендіруге бір мәрте ғана күш салсақ, онда біздің бар ісіміз оңға басады да, іс-әрекетімізден шынайы ләззат аламыз».

Фридерике өте мұқият тыңдап отырды, ал жас жігіт болса маған қарсы шықты, адам өзін-өзі билей алмайды-мыс, әуелі өз сезіміне де ие бола алмайды екен.

«Мұндағы мәселе біреу, әркім-ақ қуана-қуана аулақ болуға тырысатын, жайсыз сезім жайында, – деп киіп кеттім мен, – және өзі басынан өткермейінше, өз күшінің қаншаға жететінін ешкім

де білмейді. Әрине, кім ауру болса, сол барлық дәрігерден кеңес сұрайды және өзінің денсаулығын қалпына келтіру үшін ең қиын сынақтардан да, ең ашы дәрі-дәрмектерден де бас тартпайды». Мен кеңпейіл қарттың біздің пікірталасымызға араласу үшін мұқият құлақ түргенін байқадым да, даусымды көтере сөзімді соған бағыттадым.

«Адам күнәлары жайлы сонша көп уағыздалады, – дедім, – Бірақ мен ешқашан жаман көңіл-күй жайында айтылған сөз естімедім».

– «Бұны қаланың пасторы істеуге тиіс, – деді қарт, – Қарапайым шаруаларда ешқандай ащы мысқыл жоқ; дегенмен, бұл да кейде зиянын тигізбес, ең болмаса әкім мырза мен оның әйелі үшін сабақ болған болар еді». Отырғандар күлді, біздің таласымызды бірталайға дейін үзген бір жөтелге тап болғанынша бізбен бірге қария да аңқылдай күліп отырды; одан соң жас жігіт қайта сөзге кірісті:

– Сіздер ащы мысқылды күнә дедіңіздер, меніңше, бұл асыра сілтеу сияқты.

– Ешқандай да асыра сілтеу емес, – деп жауап бердім мен, – Егер кімде-кім өзіне және өзінен кейінгілерге зиянын тигізсе, осы атаққа ие болады. Біздің бір-бірімізді бақытты ете алмайтынымыз былай тұрсын, бір-бірімізден әр жүректің өзіне ғана сыйлай алатын рахатын ұрлайтынымыздың өзі-ақ жеткілікті емес пе? Сіз маған көңіл-күйі жаман болғанда оны жасыра алатын, айналасындағы қуанышты бұзбай, ренішін жалғыз өзі көтеретін адамды атаңызшы! Әлде ол көбінесе біздің ішкі қадір-қасиетсіздігіміз, өзімізге риза болмаушылығымыздан туындап, үнемі есуас бірбеткейліктен бүлінген наразылығымыз ба? Біз өзіміз бақытсыз ететін бақытты адамдарды көреміз, ал бұған төзуге болмайды». Лотте менің сөйлеген кездегі қобалжығанымды көріп жымиды, Фридерикенің көзіндегі жас мені ары қарай сөйлей беруге итермелей түсті.

– Біреудің кеудесінде пайда болатын қарапайым ғана қуанышын ұрлау үшін оның жүрегіне өзінің билік ете алатынын

пайдаланған жанның бағы жанбас, – дедім мен. Біздің қинаушыларымыздың, көре алмаушыларымыздың жайсыздығы улап тастаған, бір сәттік ләззаттың орнын жер бетіндегі бар сыйлық, еш сыпайылық толтыра алмақ емес».

Осы сәтте жүрегім сыздап тұрды; кейбір өткен жайттар туралы естеліктер кеудемді қысып, көзіме жас келді.

«Кімде-кім бұны өзіне тек күн сайын қайталар болса, – деп ышқына сөйледім мен, – сен достарыңның қуаныштарын бұзбай және олардың бақытын ұлғайта түсу үшін, оны оларменен бірге қызықтағаннан өзге, ештеңе істеуге шамаң жетпейді. Олардың жаны іштей мазасыз құштарлыққа бола қиналса, касіретпен шырқы бұзылса, оларға титтей де болса жеңілдік жасауға шамаң жете ме?»

Ал егер тіпті одан кейін ең соңғы, айықпас дерт, сен құлпырған шағында-ақ көміп тастаған жанды бас салса, ол ойсыз көзін аспанға қадай, құп-қу маңдайында жан тері тамшылай ағып, аянышты әлсіз халде жатқанда, сен бір қарғыс атқан адамдай оның төсегінің қасында тұрасың, өзіңнің бар мүмкіндігіңмен ештеңе істей алмайтыныңды іштей ойлап, сені іштей қорқыныш қалшылдатады, өліп бара жатқан жанға бір мысқал әл, ұшқындай болса да батылдық қосу үшін бәрін беруге даярсың».

Өзім көрген осындай бір жайттың естелігі бар күшпен тасқындап осы сөздер арқылы ақтарылды. Мен қол орамалыммен көзімді бастым да жұртты тастап тұрып кеттім, тек Лоттенің біздің кететіндігімізді ескерте айтып шақырған даусы ғана сабама түсірді. Ол мені жолай не болса соған сонша құлшына араласатынымды және бүйте берсем құритынымды айтып ұрысты! Мен өзімді сақтауға тиістімін! – О періштем! Мен сен үшін өмір сүруім керек!

6 шілде

Лотте әлі өзінің өлім алдында жатқан дос әйелінің қасында және де ол әлі де сол баяғы қалпы, сүйкімді жан қашан да, қайда болса да қайғыны жеңілдетіп, бақытты етеді. Ол кеше

кешке Марианнамен және кішкене Мальхенмен бірге қыдыруға шығыпты. Мен оны білген соң оларды тауып алдым да, бірге қыдырдық. Біз бір жарым сағаттай жол жүргеннен кейін қала маңындағы маған аса қымбат, тіпті мың есе қымбат құдыққа келдік.

Лотте тас дуалдың үстіне отырды, біз оның алдында тұрдық. Мен жан-жағыма қарадым. Ах! Бірталай уақыттан бері соншама жалғызсыраған жүрегім қайтадан тірілгендей болды.

«Сүйікті құдық, – дедім мен, – содан бері мен сенің көлеңкеде демалмадым, жаныңнан асыға өткенде, кейде сені көрмедім де». Төмен қарап едім, Мальхеннің бір тостаған су алып, жоғары қарай тырмыса көтеріліп келе жатқанын көрдім. Мен Лоттеге қарадым да бәрін сездім, оның маған қаншалықты қымбат екенін сездім. Сол кезде тостағанын алып Мальхен келді. Марианнаның ыдысты алғысы келді. «Жоқ! – деп шыңғырып жіберді сәби аса бір тәтті әлпетпен. – Жоқ, Лотхен, сен алдымен ішуің керек!» Ол мұны айқайлап айтқан кезде шын пейілділігі мен мейірімділігіне тәнті болғаным сонша, өз сезімімді қалай жеткізерімді білмедім, баланы жерден көтеріп алып құшырлана сүйгенімде ол шырылдап жылай бастады. «Сіз дұрыс істемедіңіз», – деді Лотте. Мен ыңғайсызданып қалдым.

«Жүр, Мальхен, – деді де, оны қолынан жетелеп баспалдақпен төмен түсіріп бара жатып, – Анда таза бұлаққа барып тез-тез жуына ғой, сонда ештеңе етпейді». Мен сол жерде тұрып кішкентайдың осы бір ғажайып бұлақ бар кірді жуып-шайып жібереді деген сеніммен, жексұрын сақалдан жұққан масқараны аластауға тырысып, су қолымен бетін сонша мұқият сүрткенін көрдім; Лотте болды десе де сәби, неғұрлым көп жуса, соғұрлым тез тазаратындай, одан әрі өршелене жуа берді. – Мен саған айтайын, Вильгельм, ешқашан бұндай құрметпен шоқындыру ырымын көрмеп едім; Лотте бері келгенінде, сөз жоқ, оның аяғына, тура бір ұлттың қарыз-парызын жуған бәз бір пайғамбардың алдына жығылғандай, жығылған болар едім.

Өзімді қуантқан осы жағдайды бір парасатты, адамның ақыл-ойын түсіне алатын кісіге айтпай тұра алмадым; бірақ мені қалай қабылдады десеңші! Ол Лотте мүлде дұрыс істемеген деді; балаларды ешнәрсеге ес-түссіз сендіруге болмайды; бұндай жайттар, балалардың сансыз қателіктер мен ырымшылдыққа ерте тап болуына себеп болады. Менің ойыма бұл кісінің осыдан сегіз күн бұрын шоқындырылғаны түсті, сондықтан да мен бұған көңіл бөлмедім де жүрек түбінде шындыққа сенген қалпымда қалдым: құдай бізге не істесе, біз де балаларға солай қарауымыз керек, ол бізді тәтті арман толы сағымда әбден тербелтіп қояды да өте бақытты етеді ғой.

8 шілде

Адам неткен бала сияқты еді! Неліктен осындай бір ғана көзқарасқа зәру болады екен! Адам неткен бала сияқты еді! – Біз Вальгеймге барған болатынбыз. Қыздар жағы жоғары кетті. Қыдырып жүргенде көз алдымнан Лоттенің қара көздері кетпеді. – Мен есуаспын, кешір мені! Сен осынау көздерді көрсең етті! – Мен қысқаша баяндайын (себебі көзіме ұйқы тығылып, жұмылып отыр), қара, қыздар жағы мінген кезде күйменің қасында жас В..., Зельштат, Аудран және мен тұрған едік. Әбден жеңілденіп әрі желпініп алған жігіттермен қызу әңгімеге кіріскен болатынбыз. – Мен Лоттенің көздерін іздедім; ах, олар біреуден соң біреуге ауды! Маған түсші! Маған! Маған! Өзіне сол жерде сонша табынып тұрған жанға ол көздер түспеді! – Жүрегім онымен мың мәрте қоштасты! Ал ол мені көрмеді! Күйме кете барды; көзіме жас келді. Мен оның артынан карадым да, Лоттенің есікке ілініп тұрған орамалын көрдім, ол артына бұрылды, қарайын деп, ах! Маған ба? – Сүйіктім! Осынау бір беймәлім қалыпта қалқып тұрмын; бұл менің жұбанышым ғой: ол мүмкін көзімен мені іздеген шығар! Мүмкін! – Қайырлы түн! О, мен неткен бала сияқты едім!

10 шілде

Жиналған қауым ол жайлы сөз ете қалса, маған қандай жайсыз әсер ететінін көрсең етті сен! Егер менен тіпті ол қаншалықты ұнайды деп сұраса? – Ұнайды! Бұл сөзді өлердей жек көремін. Лоттенің бар ақыл-ойын, бүкіл сезімін баурамай, тек ұнатушы адам қандай болуы мүмкін! Ұнайды! Жақында біреу менен Оссианның¹⁹ маған қалай ұнайтынын сұрады!

10 шілде

М... деген әйел өте нашарлап жатыр; ол үшін Лоттемен бірге қайғырып, тәңірге жалбарынып жүрмін. Мен оны дос қызының үйінде сирек көремін, ал бүгін ол маған таңғаларлық жайтты айтып берді. – Кәрі М... әйелін өмір бойы әбден қинап, қаржы жағынан қысым көрсеткен, ұсақ-түйекшіл, қазымыр, сараң адам екен; сонда да әйелі үнемі есебін тауып барын жеткізіп отырыпты. Аз күн бұрын дәрігер оған өмірінің біткенін айтқанда, әйел өз күйеуін шақыртып алады да (Лотте бөлмеде болыпты) сөзін бастапты: «Мен өзім өлген соң реніш, әрі жөнсіздік тудыруы мүмкін бір жайды мойындайын деп едім. Осы кезге дейін үй-жайды мүмкіндігінше ретті әрі үнемді ұстадым: осы отыз жыл бойы сені алдағанымды жалғыз сен ғана кешіре аласың. Біз үйленген алғашқы кезден-ақ сен болар-болмас етіп ас үйдің қаржысын және басқа да үй ішінің шығынын белгіледің. Біздің үй тұрмысымыз ауқаттырақ, шаруашылығымыз үлкенірек болғанда да сен менің апталық ақшамды жағдайға қарай көбейткің келмеді; қысқасы, өзің білесің, тұрмысымыз әбден түзелген кезде де менен жеті гульденді²⁰ бір аптаға жеткізуді талап еттің. Мен оларды еш қарсы сөз айтпай алып, ақшаның жетпегенін жеті сайын дүкеннен алып тұрдым, онда қожайын әйел кассаны ұрлайды-ау деген ешкімнің қаперіне де кірмеді. Мен ештеңені босқа ысырап еткенім жоқ, егер менен кейін үй шаруасын атқаратын басқа біреу болмағанда, бұны мойындамай-ақ мәңгілікке тыныш кете берген де болар едім, қысылтаяң жағдайда не істерін білмес және сен де үнемі бірінші әйелің осыны жеткізген еді деп қасарысарсың».

Лотте екеуміз, егер біреу шығын екі есе артық шығатын жерде жеті гульденді жеткізсе, мұның артында бір жасырын сыр бар-ау деп сезіктенбеген, адам сана сезімінің көрсоқырлығы жайында сөз еттік. Бірақ пайғамбардың ішіндегі майы мәңгі таусылмайтын ыдысын²¹ танданбай-ақ өз үйлеріне кіргізіп алатындай кісілерді өзімнің көргенім бар.

13 шілде

Жоқ, мен өзімді өзім алдамаймын! Оның қара көздерінен маған және менің тағдырыма деген таза ықыласты оқимын. Иә, мен сеземін, бұл жағынан жүрегіме сене аламын, ол-о, мен осы сөздердің құдіретін айтып жеткізуге шамам жетер ме, қақым бар ма? – ол мені сүйеді!

Мені сүйеді! – Мен қадірімді өзім білгендеймін, қалай мен – менің саған бұны айтуыма әбден болады, сен мұндайды түсінесің – мен өзімді-өзім қашаннан бері қадірлесем, сол кезден бері ол мені сүйеді!

Бұл өзіме деген сенім бе, әлде тым биік бағалау сезімі ме? – Мен Лоттеге ұнауы мүмкін-ау деп қауіптенерліктей адамды білмеймін. Әйтсе де, өз күйеу жігіті жайлы айта қалса, ол туралы асқан бір мейіріммен, өте жақсы көре сөйлейді, ондай кездерде мен өзімді бейне бір бар абырой-атағынан жұрдай болып, қаруынан айырылған біреу сияқты көремін.

16 шілде

Байқаусызда менің саусағым оның қолдарына тиіп кетсе, не аяғымыз үстелдің астында түйісіп қалса, бар тамырым шымырлап қоя береді! Мен бейне бір шок басып алғандай аяғымды кері тартып аламын, сөйте тұра белгісіз бір күш мені қайтадан алға жетелейді – басым шыр көбелек айналады. О! Оның пәк те қарапайым жаны мені осынау болымсыз жақындықтың өзі қалай қинайтынын сезбейді. Ол тіпті күнделікті әңгіме үстінде қолын менің қолымның үстіне қойып, әңгіме қызығымен маған жақындай түскен сәттерде, аузынан шыққан шырын лебі ерніме

жетеді – мен бейне бір желмен шайқалып батып бара жатқан сияқтанамын. Ал, Вильгельм! Бір кезде осынау құдіретті күшке, мынау сенімге бас исем! Сен мені түсінерсің. Жок, менің жүрегім соншалықты күнәһар емес! Әлсіз! Тым әлсіз! – Ал бұл күнә емес пе?

Ол – мен үшін періште. Ол барда бар құштарлығым тылсымға бата тынышталады. Мен онымен болған кезімде не болып, не қойғанымды білмеймін; жан дүнием бүкіл жүйкемді шымырлатқандай болады. – Оның күйсандықта періштедей ойнайтын сондай қарапайым әрі өте жігерлі бір әуені бар. Ол оның сүйікті әні, алғашқы нотасын ойнай бастаса-ақ болды, бүкіл мұнымнан, реніш, қайғымнан арылғандай боламын.

Музыканың сиқырлы күші жайлы байырғы ешбір сөз мен үшін таң емес. Қарапайым ғана әуен мені сонша баурап алады! Және Лотте оны қай кезде бастауды біледі, көбінесе, мен өзімнен өзім түңіле бастаған кезде ойнайды! Жанымның абыржуы мен ой түнегі сейіледі де, қайтадан еркінрек дем аламын.

18 шілде

– Вильгельм, бізге махаббатсыз дүние неге керек! Онсыз сиқырлы шамның қажеті не! Шамды әкелуің-ақ мұң екен, сенің боз қабырғанда алуан түсті суреттер жайнап сала береді! Бұл тіпті өтпелі елес қана болса да, біз жас балалардай алдана тұрып, ғажайып көрініске таң-тамаша қаламыз, сол шақта ол бізді үнемі бақытқа кенелткендей болады. Бүгін мені бір сөзуар біреулер ұстап қалды да, Лоттеге бара алмадым. Не істеу керек! Оған жақындаған бір адам бүгін өз қасымда болуы үшін мен оның үйіне күтушімді жібердім. Оны қалай тағатсыздана күтсем, солай қуана қарсы алдым! Егер ұялмағанымда, оны басынан ұстай алып сүйген болар едім.

Жұрт бонон тастары²² жайлы айтып жүр. Егер оны күнге қойса, сол тас күннің жарығын тартып алып, түнде бірталай уақыт жарқырап тұрады екен. Бозбала да маған сол тас сияқтанады. Оның көздері Лоттенің жүзіне, бетіне,

кеудешесінің жағасына түсті-ау деген сезім маған осының бәрін сондай қастерлі, аса қымбатты етті! Осы сәтте бала маған тым қымбат болып көрінді. Оның менің қасымда болуы маған сондай әсерлі болды. Құдай сақтасын, сен бұған күле көрме. Вильгельм, егер бізге өмір жақсы болып көрінсе, ол тек елес қана ма?

19 шілде

«Мен оны көремін! – деп айқайлаймын мен ертеңгісін көзімді ашып, шат-шадыман көңілмен сұлу күнге қарап. - Мен оны көремін!». Сөйтіп күні бойы одан басқа еш тілегім болмайды. Бәрі, бәрі осы үмітке ғана байланып қалғандай.

20 шілде

Мен жіберілген өкілмен бірге*** баруға деген сіздердің ойларыңызбен әлі келісе қойғаным жоқ. Мен бағынышты болуды онша жақсы көрмеймін және бұған қоса ол кісінің жексұрын адам екенін біз бәріміз білеміз. Шешем менің белсенді болғанымды өте қалайды депсің сен, бұл менің күлкімді келтіреді. Мен қазір де белсенді емеспін бе? Түптеп келгенде бәрібір емес пе: мен бұршақ санаймын ба, әлде жасымық санаймын ба? Жер бетіндегінің бәрі өз өзіңді алдау, және де кімде кім өз қабілеті мен қалауынсыз, басқа біреуге жағу үшін ақша немесе атаққа бола, не сол сияқты тағы да бірдеңеге бола жұмыс істесе сол қашанда ақымақ.

24 шілде

Менің сурет салуға қалай болса солай салғырт қарайтыныма сен көп алаңдайтындықтан осы кезге дейін аз істедім дегенше бар істі қозғамай, әзірше жылы жауып қоюды жөн көрдім.

Мен ешқашан бұдан артық бақытты, сезімім де ешқашан бұлай шөпке, тау-тасқа дейін, жалпы табиғатқа осыншалықты құштарлықпен толық арналған емес, әйтсе де қалай айтарымды білмеймін, менің бейнелеуім өте әлсіз, жан-дүниемде ешбір кескін нобайын ұстай алар емеспін; бәрі әйтеуір қалқып, теңселіп

жүргендей; бірақ, егер менде балшық немесе балауыз болса, онда шынымен-ақ бірдеңе жасаған болар едім. Егер бұл сенделіс ұзаққа созылса, тағы балшық алып, илермін, ең болмаса самса іспеттес бірдеңе шығар!

Мені барған сайын көңілсіз ете түскені, осыдан біраз уақыт бұрын ғана ұқсастықты дәлме-дәл табушы едім. Ал жақында Лоттенің портретін үш рет бастап, үш рет маскара болдым.

Өткенде оның көлеңке бейнесін – силуэтін жасағанмын, енді сонымен қанағаттануым керек болар.

25 шілде

Иә, сүйікті Лотте, мен бәрін тауып, әкелейін; сіз тек маған көбірек тапсырма беріңіз, тек жиірек. Сізден жалғыз-ақ өтіңерім: маған жазған парағыңызға құм²³ сеппеңізші. Бүгін мен оны ала сала ерніммен аймалап едім, тістерім шықырлап шыға келді.

26 шілде

Оны жиі көрмеуге іштей бекініп те қойдым. Иә, кім сөзінде тұра алар дейсің! Күн сайын мен арбалған кезде өз-өзіме, сен ертең ең болмаса бір рет бармауың керек деп нықтап ант етемін: ал таң атқан соң тағы бір тапжылтпастай себеп табамын да, көзді ашып-жұмғанша оның үйінде боламын. Немесе ол кешкісін былай дейді: – Сіз ертең бәрібір келесіз ғой? – Мұнан кейін кім бармай қала алар дейсің? Немесе ол маған бір тапсырма береді, ал оның жауабын өзім барып бергенді жөн көремін; немесе ауа райы өте тамаша болады да, мен Вальгеймге барамын, ал онда болсам, Лоттенің үйіне дейін небары жарты-ақ сағат! – Мен атмосфераға тым жақынмын – Тіпті көзді ашып-жұмғанша сонда боламын. Менің әжемнің бір магнитті тау жайлы ертегісі бар еді: жақын келген кемелердің бірден барлық темір бұйымдары жоғалады екен, шегелер тауға қарай ұшады да, ал бейбақ сорлы жандар быт-шыты шыққан тақтайлардың арасында күл-талқан болады екен.

30 шілде

Альберт келді, ал менің кетуім керек; ол тіпті ең жақсы, аса игі адам болсын делік, мен өзімнің одан төменірек екенімді мойындауға даяр болсам да, оны қарсы алдымда соншама көп игіліктердің иесі ретінде көру жан төзгісіз еді. – Басыбайлылық! – Жетеді, Вильгельм, күйеу жігіт келді! Ақ жарқын, сүйкімді, сыйлауға тұрарлық адам. Бақытыма қарай, оны қарсы алған кезде мен болғаным жоқ! Бұл жүрегімді парша-парша еткен болар еді. Ол сондай адал екен, мен барда Лоттені әлі бірде-бір рет сүйген жоқ. Құдай жарылқасын оны! Мен оны қызды сыйлағандығы үшін жақсы көруге тиіспін. Ол менімен жақсы қатынаста болғысы келеді, байқауымша, бұл көбінесе оның өзінің қалауынан гөрі Лоттенің бағыттауынан туатын секілді; себебі бұндайға әйелдер епті әрі олардікі дұрыс та; егер олар өте сирек болса да, өзіне ғашық болған екі адамды бір-бірімен жақсы қатынаста ұстай алса, бұл оларға пайдалы ғой.

Мойындауым керек, Альберт әбден сыйлауға тұрарлық жан. Оның байсалды кейпі менің мінезімнің тынымсыздығына қарағанда өте анық та айқын, тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Ол үлкен сезім иесі және Лоттенің бағасын біледі. Альберт түнеріп жүруге бейім емес сияқты, ал түнеру менің адам бойындағы қасиеттердің ішіндегі күнә ретінде ең жек көретін нәрсем екенін сен білесің.

Ол мені ақылды адам деп есептейді; ал менің Лоттеге деген ықыласым, оның әрбір іс-әрекетінен алатын жан ләззатым, оның мерейін өсіріп, оны бұрынғыдан да ары сүйеді.

Ол Лоттені кейде ептеген қызғанышсымағымен қинамай ма екен, бұл мен үшін жұмбақ, егер оның орнында болсам, мен тіпті сол қызғаныш – сайтанның алдында онша табанды болып қала алмас едім.

Қалай болған күнде де, менің Лоттенікінде болуға деген өлермендігім шегіне жетті! Бұл есуастық па әлде адасқандық па? Аттарын атаудың қажеті не! Жағдай өзінен-өзі-ақ түсінікті ғой! Мен қазіргі білетінімнің бәрін Альберт келместен бұрын-ақ білгенмін; оған ешқандай талап қоя алмайтынымды білдім

және сол талапты қойғамын да жоқ – яғни, бұл қаншалықты мүмкін болса да, үлкен қайырымдылықпен талап ете алмайсың. – Ал енді міне, басқа біреу шынымен келіп қызды одан тартып алғанда есуас әбден таңғалады.

Тістеніп алып өз сорлылығыма күлемін, ал ештеңе өзгермейтін болғандықтан, менің бас тартуым керек деп айтқысы келетіндерге екі есе, үш есе күлер едім. – Мені осы топас пысықтардан құтқарыңдаршы! – Орман ішінде айнала жүгіремін, ал Лоттенің үйіне келгенімде, Альберт сол үйде, көңілді қалпында саялы бақ ішіндегі орында отырады, мен болсам, жынды адам сияқты ары қарай не істерімді білмеймін де, ызалы қалжың мен шатасқан бірдеңелерді айта бастаймын. «Құдай үшін, – деді маған бүгін Лотте, – Өтінемін сізден, кеше кешкісіндегідей шу шығармаңызшы. Сіз өте көңілді болсаңыз, қорқынышты болып кетесіз». Былайша айтқанда, мен Альберттің жұмысқа барар кезін аңдимын; зытып далаға шығамын да, Лоттенің жалғыз екенін көрсем, жадырап сала беремін.

8 тамыз

– Сүйікті Вильгельм, өтінемін сенен, біздің бұлтартпас тағдырға мойынсұнуымызды талап ететін адамдарды жан төзгісіз етіп ғайбаттағанымда, әрине, саған қатысты айтқан жоқпын. Шындығында, сені олардың пікірін құптар деп ойламап едім. Түптеп келгенде сенікі дұрыс. Тек бір нәрсе есінде болсын, кымбаттым, өмірде қалауың өте сирек орындалады; сезімдер мен іс-әрекет түрлері, бейне бір қыр мұрынды мен пұшық мұрындының арасындағы айырмашылық сияқты, алуан түрлі болып құбылады.

Егер сенің бар дәлелінді жинап алып, «иә» мен «жоқтың» арасына ұрлана кіру жағын іздестірsem, сен маған ренжімессің.

Немесе былай дерсің: сен әлде Лоттеге қолыңды жеткізуге үміттенесің, әлде ешбір үмітің жоқ. Жарайды, бір жағынан ол үмітті аластауға тырыс, өз қалауыңның орындалу жағын іздестір: болмаса белінді бекем бу да, бар күш-қуатыңды жалмайтын

сәтсіз сезімнен құтылудың жолын ізде. – Қымбаттым! Бұның жақсы айтылған және айтуға ғана оңай ғой.

Жегідей жеген ауру меңдеп, бара-бара өмірін жалмайтын бақытсыздан сен қанжардың бір ғана соққысымен азаптан бірден құтылуын талап ете аласың ба? Оның күш-қуатын сарыққан сырқат, сонымен бірге одан құтылу үшін жігерін де ұрламай ма?

Әрине, сен маған басқа бір балама ұғым арқылы жауап берерсің: кім шарасыздық пен именшектіктің арқасында өз өмірін қатерге тіккеннен гөрі, қолын кестіруді артық санамайды ғой деймісің? – Білмеймін! Біз осы салыстырулар арқылы бір-бірімізбен тістеспейміз керек. Жетеді – Иә, Вильгельм, маған кейде бір сәтке буырқанған, бәрін сілкіп тастайтындай жігер пайда болады, сол кезде мен қуана-қуана барар едім, тек қай жаққа екенін білсем ғой?

Кешкісін

Бірталай уақыттан бері қарамаған күнделігім бүгін қолыма қайта түсті, өзімнің осының бәріне қалай саналы түрде, бірте-бірте, бойлай енгеніме таңмын!

Мен үнемі өз жағдайымның қандай екенін сонша анық көре тұра, тура бір нәресте сияқты іс-әрекет етіппін, қазір бұрынғыдан да анық көріп отырмын, бірақ алға басудың нышаны да білінбейді.

10 тамыз

Егер ақымақ болмасам, тым жақсы, тыныш өмір сүрген болар едім. Менің дәл қазіргі кездегі қалпымдағыдай бір адамның көкірегіне қуаныш ұялату үшін сәтті жағдайлар оп-оңай кез бола салмайды. Ах, біздің жүрегіміздің өз бақытын жалғыз өзі ғана жасайтыны ақиқат қой. Тамаша отбасының бір мүшесі болу, қартқа өз ұлындай, кішкентайларға өз әкесіндей сүйікті болу, ал Лоттеге ше? Оған қоса адал Альберт қазымырлық жасап, менің ынтық көңіліме кедергі келтірудің орнына, ол мені алаңсыз достығымен баурай түсуде; мен оған Лоттеден

кейінгі жер бетіндегі ең сүйікті жанмын! – Вильгельм, біздің қыдырып, Лотте туралы әңгімелескенімізді тыңдаудың өзі бір ганибет: жер бетінде бұдан өткен күлкілі жағдай жоқ шығар, сөйте тұра бұдан менің көзіме жиі-жиі жас келеді.

Ол маған Лоттенің қадірменді шешесінің өлер алдында үйі мен балаларын Лоттеге тапсырғанын, ал өзіне Лоттені табыстағанын, сол кезден бері Лоттені өзгеше бір рухтың ширата түскенін, оның шаруашылық қамына кірісіп, шынымен нағыз шеше болғанын, әр күні жігерлі сүйіспеншілікке, жұмысқа деген ынтаға толы болғанын және соған қарамастан ашық-жарқындығын, сергектігін тастамағанын айтты. – Мен онымен қатар жүріп отырамын да, жолай гүлдерді жұлып алып, мұқият бір дестеге жинаймын, сосын оларды жанымыздағы ағын суға лақтырамын да, жайлап аққан гүлдің соңынан қарап тұрамын. – Мен саған жаздым ба, жоқ па, білмеймін, Альберт осында қалып, өзі қалағандай, сарайдағы жап-жақсы каражаты бар бір қызметке тұратын болды. Шаруашылықтағы тәртіп пен ұқыптылық жағынан оған сай келетіндерді мен өте сирек кездестірдім.

12 тамыз

Әлбетте, Альберт – жер бетіндегі ең жақсы адам. Кеше ол екеуіміздің арамызда таңғаларлық жағдай болды. Мен қоштасу үшін оның үйіне келдім; себебі қазір осы саған хат жазып отырған жерге, тауға, атпен шығуға көңілім кетті де тұрды, бөлмеде ары-бері жүргенімде, көзім оның тапаншаларына түсті. «Саяхатқа тапаншанды бере тұршы», – дедім мен.

– Қалауың білсін, – деді ол, - Сен оны өзің оқтап алуға тырыс, олар бұнда тек сән үшін ғана ілулі тұр. Мен біреуін алдым, ол сөзін ары жалғады; – Менің сақтығым бір ыңғайсыз жайға кез келтіргеннен бері мен бұл шіркінді қолыма алған емеспін. Мен ол оқиғаны білуге ынтықтым.

– Мен, – деді ол, – тура үш ай бойы бір досымның үйінде тұрған болатынмын, оқталмаған екі тапаншам бар еді, тыныш ұйықтап жаттым. Бірде жаңбырлы күнгі түстен кейінгі мезгілде,

ішім пысып отырғанмын, қайдан ойыма түскенін қайдам: бізге шабуыл жасауы мүмкін ғой, тапаншалардың бізге қажеті боп қалар деп ойладым, сен өзің білесің ғой, қалай болатынын.

– Мен оларды тазалап, оқтау үшін қызметшіге бердім; ал ол қыздармен қылжақтасып, оларды қорқытпақ болады, қалай екенін бір құдай өзі біледі, әйтеуір қару атылып кетеді де, ол кезде мылтықтың сүмбісі суырылмаған екен, сүмбі бір қыздың оң қолының бұлшық етін жанай өтіп, бас бармағын бөліп түсіріпті. Маған бірталай айып тағылды, оның үстіне қыздың емделуіне ақша төлеуге мәжбүр болдым, содан бері бар қаруды оқтамай қоямын. Аса қымбаттым, қандай екен сақтық деген? Қауіп-қатер алдын ала хабар бермейді ғой! Әйтсе де...».

Мен оны өзінің «әйтсе десіне» дейін ғана жақсы көремін; өйткені әрбір тұжырымның ерекшелігі бар екендігі өзінен өзі түсінікті ғой? Бірақ ол өте адал ниетті! Ол егер бір үстірт, жалпылама, жартылай шындықты айтып қалдым-ау деп ойласа, онда саған түсініктер беріп, күдіктерін, қарсы пікірін айтпай қоймайды, тіпті соңында негізгі әңгіме желісінен ештеңе де қалмайды. Осы жолы да ол аса тәптіштей сөйледі: ақыры мен оны мүлде тыңдауды қойдым, қыңырлыққа беріліп, тұтқиыл қиялмен тапаншаның аузын шекеме оң көзімнің үстіне тіредім.

– Ту-у! – деді Альберт менен тапаншаны алып жатып,

– Мұның не?

– Ол оқталмаған ғой, – дедім мен.

– Сонда да, мұның не? – деді ол шыдамсыздана.

– Тіпті көз алдыма да елестете алмаймын, өзін-өзі атамын деген адам неткен ақымақ десеңші; ол туралы ойлаудың өзі жиіркендіріп жібереді».

– Сен сияқты адамдардың, – деп дауыстап жібердім мен, – бір нәрсе жайлы анықтамалары дайын тұрады; мынау ақымақ, мынау ақылды, мынау жақсы, мынау жаман! Ал бұны қалай деуге болады? Сендер сондай әрекетке итермелейтін ішкі себептерді тексердіңдер ме? Неге ол олай болды, неге ол солай болуға тиісті еді? Себептерін сендер анық білесіңдер

ме? Осыны білсеңдер, онда пікір айтуға асықпас едіңдер».

«Кейбір іс-әрекеттердің, қандай себептен барып туындаса да адамгершілікке жат болып қала беретініне келісетін боларсың», – деді Альберт.

Мен иығымды көтердім де онымен келістім. «Сонда да, қымбаттым, – деп жалғастырдым сөзімді, – бұл жағдайда да кейбір ерекше тұжырымдар табылуы мүмкін. Ұрлықтың күнә екені ақиқат нәрсе; бірақ өзін және жақындарын аштан өлуден құтқару үшін ұрлыққа баратын адам айыптан гөрі аяуға тұрарлық. Қайнаған ашу-ыза үстінде өзінің күнәһар әйелі мен оның оңбаған аздырушысын құрбан еткен еріне кім тас атар? Ләззатқа толы мезетте махаббаттың ырықсыз қуанышына берілген қызға ше? Біздің заңшылдарымыз, яғни салқын қанды тақуалардың өзі де бұндайды жасырып, айыптауларын қайтып алады».

«Бұл мүлде басқа нәрсе, – деп қарсылық білдірді Альберт, себебі құштарлыққа берілген адам бар ақыл-ойы мен еркінен айырылып мас, есі ауысқан адамдай көрінеді».

— Ах, осы ақылдылар-ай! – дедім мен жымия. Құштарлық! Мастық! Есуастық! Сендер, өнегелі адамдар, бейқам, ештеңеге араласпай, мізбақпай шетте тұрасындар да, ішкішті сөгіп, ақымақтан жиіркеніп тура дінбасы құсап оларды айналып өте шығасындар да құдайға Фарисей сияқтанып, сендерді соларға ұқсатып жаратпағаны үшін рахмет айтасындар. Мен бір емес, бірнеше рет мас та болдым, құштарлықтарым есуастыққа ұқсас та болды, бірақ екеуіне де өкінбеймін, себебі жұрттың ұлы, мүмкін емес нәрсені ойлап тапқан барлық, ерекше адамдарды бұрыннан-ақ маскүнемге немесе есі ауысқанға өңештерін соза балайтындарын өз әлімше түсінуге үйренгенмін.

Бірақ күнделікті өмірде де, бәз біреу ептеп болса да бір еркін, адал, кездейсоқ іс істеп қойса, оның артынан тас лақтырып, айғайлағандарды есту жан төзгісіз-ақ: «Ол – мас, ол – ақымақ!» ұялсаңдаршы, ішпейтіндер! Ұялындар сендер, данышпандар!»

— «Тағы да сен әдеттегідей асыра сілтеп отырсың, – деді Альберт, – сен бәрін өсіріп жібересің және де мүлде қателесесің,

бұл жерде сөз болып отырған өзін-өзі өлтіру жайын сен үлкен істермен қатар қоясың: мұны әлсіздіктен басқа ештеңеге де балауға болмайды. Себебі қорлыққа толы өмір кешуден гөрі өлу әлдеқайда оңай, әрине».

Мен сөзді доғаруды ойладым, себебі мен үшін, шынымды айтсам, өзім бар пейіліммен ақтарыла сөйлегенде, біреудің баршаға аян шындықты айтуын тыңдаудан асқан азап жоқ. Әйтсе де мен өзімді ұстап бақтым, себебі бұны бұрын да бірнеше рет естігем және осы жайлы жиі-жиі ренжіген де болатынымын, біршама ширыққан қалыпта оның сөзін бөлдім:

«Сен бұны әлсіздік деп есептейсің бе? Сенен өтінерім – сыртқы жағдайларға қарап баға бермесең етті. Қанаушының жан төзгісіз езгісінде жаншылған халық ақыры көтеріліп, шынжырын үзсе, сен оны да әлсіз деп айта аласың ба? Үйін өрт шалған адам қорқыныш үстінде бар күшін жиып, жайшылықта зорға қозғалта алатын жүктерді оп-оңай көтеріп шығады; реніштің ашу-ызасы үстіндегі біреу алты кісімен алысып, оларды жеңіп шықса, оларды да әлсіз деп айтуға бола ма? Ал, қымбаттым менің, егер қатаю күштілік болса, неге еріксіз күшею оған қарама-қарсы болуға тиіс?»

Альберт маған қарады да былай деді:

«Көңіліңе алма, сенің келтіріп тұрған мысалдарыңның бұл жерге мүлде қатысы жоқ сияқты».

«Солай-ақ болсын, – дедім мен, – мені жұрт ой-пікірің кейде бос сөзбен шектеледі деп жиі-жиі сөгетін. Қане көрейікші, өмірдің жайлы күйінен бас тарту адамға қаншалықты әсер ететінін, біз осыны өзімізше, басқаша, елестете алар ма екенбіз? Өйткені біз тек өзіміз сезінген іс барысында сөйлеуге ғана қақымыз бар».

«Адам жаратылысының, табиғатының – деп мен сөзімді ары қарай жалғастырдым, – өз шегі бар: ол қуанышты, ренішті, қайғыны белгілі бір шамаға дейін көтереді, ал шектен асқанда, ол мерт болады. Сонымен бұнда әңгіме біреудің әлсіз немесе әлді екендігінде емес, әркімнің қасіретке өз шама-шарқына қарай қаншалықты төзе алатындығында, бұл, әрине, рухани

немесе тән күші мен қуаты жағынан да болуы мүмкін. Мен болсам, өз өмірін қиятын адам қорқақ дегенге де таңданамын, қатерлі безгектен өлгелі тұрған жанды қорқақ деп қалай айтуға болады?»

«Парадокс! Бәрі де парадокс!» – деп дауыстап жіберді Альберт. «Сенің ойың жансақтау, – деп қарсыластым мен. – Сен келісетін шығарсың: адамның табиғи күш-қуаты бір жағынан суалып, енді бір жағынан қайта оңалмастай қирайтыны сонша, ешбір игілікті өзгеріс арқылы өмірдің үйреншікті ағымын қайта орнатуға олардың шамасы келмейді».

Сонымен, сүйіктім, бұны енді біз рухани жағынан қарастырайық. Адамдардың томаға-тұйық ішкі дүниесі жағынан алып қара: түрлі әсерлердің оған қалай ықпал ететінін, әрқилы ойлардың оны қалай шырмайтынын алсақ, ақырғысы, яғни үнемі арта түскен құштарлық, оның бар байсалдылығы мен сабырлылығын сарқып, түбіне жетеді.

Салқынқанды, есті адам бақытсыздың жағдайын бекер талқыға салады, сау адам, аурудың төсегінің қасында тұрып, оған өз күшінің титтейін де бере алмайтыны сияқты, оған өсиеттерін де бекер айтады».

Бұл Альбертке әншейін бір жай ғана, дерексіз айтыла салғандай болды. Мен осыдан аз уақыт бұрын жұрт судан өлі денесі табылған қызды еске алып, оның тарихын қайта айтып бердім.

— Бір үй ішінің күйкі тірлігі мен үйреншікті жұмысқа мойынсұна өскен, бірінен соң бірі дайын тұратын үй тазалау, қала берді әр жексенбіде өзі сияқтылармен қалаға қыдырып барып, үлкен мерекелерде біраз билеп, көп болса, көршісімен бір-екі сағат кейбір ұрыс-талас туралы қызу әңгіме, өсек соғудан басқа ешбір рахатты білмеген әдемі, жас қыздың жалындаған жанында еркектердің жарамсақтануларынан іштей тәни қажетсіну пайда болады; бұрынғы алданыштары оған бара-бара қызықсыз көрінеді, ол ақыры қалаған кісісін кездестіреді, белгісіз бір сезім жетегіне тежеусіз еріп, қыз оған бар үмітін артады, айналасындағы дүниені ұмытады, ештеңе көрмейді,

ештеңе естімейді, одан басқа ештеңені сезбейді, тек соны ғана сағынады, жалғыз соны. Тынымсыз құштарлықтың беймәлім рахаты оны түп-тура мақсатына қарай жетелейді, ол жігітпен бірге болуды қалайды, онымен айнамас бірлікте өзіне тиесілі барша бақытты қарсы алғысы, өзі аңсаған бүкіл қуаныштан толығымен ләззат алғысы келеді. Күн сайын қайталанған уәделер оның бар үміті мен сенімін күшейте түседі, батыл да қуатты құшақ, оның құштарлығын арттырып, бар болмысын жаулап алады; қыз ақыл-есінен танғандай қалқиды, жер бетіндегі жан ләззатының сезіміне беріледі, әбден шегіне жете елігеді. Ақыры ол өзінің құштарына риясыздықпен айқара құшағын жаяды – ал сүйіктісі оны тастап кетеді.

— Ол құрдымның алдында бір нүктеге қадалған күйінде ойсыз тұр; айналасының бәрі түнек тұман, ешбір үміт, ешбір жұбаныш, ешқандай жарық сәуле жоқ! Себебі өзінің тыныс-тіршілігін жалғыз содан ғана сезінген еді, ол – мұны тастап кетті. Қыз көз алдында жатқан кең әлемде, жоғалтқан нәрсесінің орнын толтыра алатындардың да барын көрмейді, өзін сол әлемнен аласталғандай жалғыз сезінеді – ештеңені көрмеген күйі жүрегінің сұмдық қайғысына жаншыла, айнала қоршаған өлім арқылы бар қорлығын тұншықтыру үшін өзін-өзі лақтырады. – Көрдің бе, Альберт, бұл көптеген адамдардың тарихы! Айтшы, бұның аурумен ұқсастығы жоқ па? Табиғаттағы шатасқан, қарама-қарсы келетін күштердің шимайынан ешбір жол таба алмайды да адам өледі.

Осының бәріне қарап: «Ақымақ қыз!» деп айтатындардың соры арылмас. Уақыттың емдеуін күте тұрғанында, торығуы ендігі тарар ма еді, ендігі оны жұбататын басқа біреу табылған да болар ма еді».

– Бұл: «Есуас безгек үстінде өледі!» деп айтумен бірдей. Ол күшін жинап, ағзасындағы сөлі тазарып, қанының тасығаны тыншығанша тоса тұрғанында ғой, бәрі де өз орнына келер еді, ол бүгінге дейін өмір сүрген болар еді!».

Альбертке менің салыстыруым әлі де нанымды болмады, тағы бірдеңелер айтып келіспейтінін білдірді, яғни, мен тек

әншейін бір ақымақ қыз туралы айтқан болып шықтым; бірақ топастықтан аулақ, жан-жақты түйсігі бар адамды кешіруге болатынын ол түсінгісі келмейді.

– «Достым-ау, – деп айғайладым мен, – Адамның аты адам, ал ессіз құштарлық буырқанып, адамгершілік шегінен шығып кеткенде, әркімнің-ақ, аз-маз да болса ақыл-ойы жайына қалады. Және де... Жарайды, бұл жайлы тағы да бірде, – дедім де мен бас киіміме жармастым. О, менің жүрегім қандай сыздап тұрды десеңші! – Біз бір-бірімізді түсінбеген күйде екі жаққа кеттік. Қалайша бұл дүниеде адамдар оңай түсініспейді екен?..

15 тамыз

Жер бетіндегі адамдарды бір-біріне ессіз құштар ететін тек махаб-бат екені бесенеден белгілі ғой. Мен мұны Лоттеден-ақ байқаймын, мені жоғалтқысы келмейтін сияқты, ал балалардың мені үнемі ертеңгісін қайта келеді дегеннен басқа ештеңе қаперлерінде жоқ. Бүгін Лоттенің күйсандығын күйіне келтірейін деп барып едім, бірақ балалар ертегі айтып бер деп қыр соңымнан қалмай, оған мұршамды келтірмеді және Лоттенің өзі де менің олардың тілегін орындауымды өтінді. Мен оларға, Лоттеден алғандағыдай менен де ықыластана алатын, кешкі нандарын кесіп бердім де, қолы шебер ханша қыз туралы сүйікті ертегілерін айттым. Бұдан мен өзім көп нәрсені үйреніп жүрмін деп сені сендіре аламын, олардың әсерленуінің тосындығы мені таңғалдырады. Себебі маған, көбінесе, бір нақты оқиғаларды ойлап табуыма тура келеді, келесі жолы оны ұмытып қалсам, олар өткен жолы бұның басқаша болғанын шуылдаса айтады, сөйтіп мен қазір оларды сол қалпында, әндете, әр буынына дейін өзгертпей, жіпке тізгендей етіп баяндауды үйренудемін. Бұдан алған сабағым, автор өз шығармасының өзгертілген екінші басылымы, көркемдік жағынан бұрынғы нұсқасынан жақсы болса да, қайткенде де өз еңбегіне зиянын тигізуі мүмкін.

Алғашқы әсерге біз оп-оңай берілеміз, ал адам болса, ең бір шындыққа жанасымсыз жайттарға да сенуге даяр; ол бірден

біздің ойымызға берік ұялап қалады, ал оны қайтадан тырналап, түбірімен жұлып тастағысы келгеннің соры қайнайды-ақ.

18 тамыз

Адамды не бақытты етсе, сол оның қасіретінің де қайнар көзі болуға тиіс пе еді?

Мені соншама рахатқа бөлеп, тірі табиғатты, айналадағы әлемді маған жұмақтай еткен жүрегімдегі ыстық сезім, енді қайда барсам да, қыр соңымнан қалмайтын, жан төзгісіз қинаушы, қатігез рухқа айналды. Жартаста тұрып, өзеннің арғы жағындағы сонау төбелерге дейінгі жазықтыққа қарағанымда, айналадағының бәрінің жайнай өсіп, тіршіліктің қайнап жатқанын көрдім; сонау етегінен құзар басына дейін қалың ағаштар жамылған тауларды, анау жазықтықтардың алуан түрлі иімкелерінің керемет ормандармен көлеңкеленгенін көрдім, ал мақпал өзен сыбдырлаған қамыстың арасымен алға қарай жылжып, кешкі жібек жел аспанда ары-бері тербелген жеңіл бұлттармен шағылысады; кейде құстар әнінің айналамдағы орманды тірілткенін естідім, миллиондаған масалар үйірі күннің соңғы тартымды қызыл сәулесінде көңілдене билесе, кешкі шапақ гуілдеген қоңыздарды шөптерден босатады, айналамдағы үздіксіз шырылдар мен абыр-сабыр жер бетіне назарымды аударды, мүктің қатты жартастан өз нәрін тартып алып жатқаны, құрғақ құм төбешіктегі бұтаның қисая өскені маған табиғаттың ішкі, құлпырған, әулие тіршілігін паш ете түскендей: осының бәрін ыстық жүрегіме қалай бастым десеңші, өзімді осынау асып төгілген байлық ішінде бейне бір құдайдай сезіндім, шексіз әлемнің ғажайып бейнелері жан дүниемде бәрін жандандыра қозғалады. Алып таулар мені қоршап алды, алдымда құрдым құздар жатты, тасқындар төмен құлдырап, аяғымның астында өзендер күркірей ақты, орман да, тау да күңгірледі; мен олардың, шексіз күштердің бәрінің, жер қойнауында өзара әрекет жасағандарын көрдім; жер беті мен аспан асты аралығында алуан түрлі тіршілік иелерінің тұқымдары құжынап жүр. Бәріне,

бәріне мың түрлі тірі жәндіктер қоныс тепкен; ал адамдар болса, топ-топ болып үйшіктеріне жиылып алып, өз ойларынша бүкіл байтақ әлемді билейтіндей көрінеді! Ақымақ бейшара! Сен бәрін сонша таяз байыптайсың, себебі сен өзің тым ұсақсың. Қол жетпес таулардан, аяқ баспас елсіз дала арқылы белгісіз мұхиттың шетіне дейін мәңгі жаратушының рухы есіп тұр және оған құлақ асып, өмір сүретіндер әрбір құм, қиыршыққа да қуанады. – Ах, мен сол шақта жиі-жиі үстімнен ұшып өткен тырнаның қанатына ілесе шетсіз-шексіз теңіз жағалауына жетуге ынтызар болдым, тәңірінің көбігі бұрқыраған құтысынан бас айналдырар өмір ләззатын ғана ішу үшін, бір сәтке ғана жалғыз өзім жанымның құш-қуатының шама-шарқына қарай осының бәрін кім өз ішінде, өзінен тыс жаратса, соның қуанышына қосылғым келеді.

Бауырым, мені тек сол өткен уақыттардың естелігі ғана тыныштандырады. Тіпті мына құлшыныстың өзі, сонау айтып жеткізгісіз сезімдерді қайта жаңғыртып, қайтадан айтудың өзі менің жан-дүниемді желпіндіреді де артынша мені дәл қазір қоршап тұрған жайымның қорқынышы екі есе күшейе түседі.

Жан дүниемнің алдында бір шымылдық көтерілгендей, ал шексіз өмір алаңы мен үшін мәңгі ашық көрдің құрдымына айналды. Бәрі өтпелі, бәрі де ғұмырына жетерлік бар күшін сарқа тауыспастан, құйынша айнала зымырап өте шығатын шақта сен «Міне нақ осы» деп айта алармысың, әттең-ай! Тасқынмен шайыла ағып, тереңге бата ма әлде құзға барып соғыла ма? Бұнда сені және сенің айналаңдағыларды жалмамайтын сәт болмайды, әйтеуір бір кезде өзің қаламасаң да, қиратушы қалпына түсуің мүмкін. Жай ғана қыдырыстың өзі мыңдаған байғұс құрттардың өмірін жояды, бір аяқ басысыңның өзі қаншама құмырсқалардың қиыншылықпен салынған илеуін бұзады да кішкене ғана әлемді тап-тар көрге таптайды. Тух! Мені қобалжытатыны мына сендердің тұрақтарыңды шаятын тасқын су, я мынау сендердің қалаларыңды қирататын жер сілкінісі секілді тіршіліктің үлкен де сирек апаты емес, мен бүкіл табиғатта жасырын жатқан өзі

не көршісін құртпайтындай бірдеңе істемейтін талқандаушы күшпен келісе алмаймын. Мен өстіп қорқа сенделудемін. Айнала толы жер мен аспанның өміршең күші: ал мен болсам бәрін мәңгі жалмайтын, мәңгі қирата шайнайтын құбыжықтан басқа ештеңе көрмей тұрмын.

21 тамыз

Күнде таңертең ауыр түстен оянған шағымда оған қолымды бекер созамын, оны төсегімнен босқа іздеймін, түн сайын бақытқа толы күнәсіз түстер көремін, оның қасында көгалда отырып, қолын бастырмалата сүйемін. Ах, одан соң жартылай ұйқылы-ояу күйімде оған қарай сүріне-қабына ұмтыламын да, оянып кетемін, әттең-ай – сығымдалған жүрегімнен көз жасымның селі тасқындап қоя береді, күнгірт болашағыма жұбанышсыз жылаудамын.

22 тамыз

Менің қажыр–қайратымның тынымсыз сүреңсіздікке ауысуы бақытсыздық, Вильгельм, мен қол қусырып отыра алмаймын, бірақештеңе істей де алмаймын. Менде ешқандай шығармашылық күш қалмады, табиғатқа деген ешбір сезім жоқ, ал кітаптар мені жирендіреді. Біз өзімізді-өзіміз жоғалтқанымызда, біз үшін бәрі де мәнінен айырылады. Ант етейін саған, кейде мен ертеңгісін оянғанда алдағы күнге мақсат, құлшыныс және үміт арту үшін тынбай еңбек ететін қарапайым жұмысшы болғым келеді. Альберттің қызмет істеріне басынан аса жиі көміліп отырғанын көргенімде, оған қызығамын да. Кейде өзімді оның орнында елестетемін, онда маған қандай жақсы болған болар еді! Саған және министрге елшіліктен орын қарастыруды өтініп, хат жазу туралы бірнеше рет ой келіп еді. Сенің сендіргеніңдей бәлкім бетімді қайтармайтын болар. Мен өзім де бұған сенімдімін. Министр мені бұрыннан-ақ жақсы көреді, бір іспен айналысуың керек деп мені ұзақ үгіттеген болатын; бұл мені кейде шынымен ойландырады да.

Соңыра қайтадан осы жайлы ойласам, өз шыдамсыздығынан еркіндігінен айырылып, ер менен жүктен салдырап, өлердей етіп жегілген ат туралы мысал ойыма түседі – не істеймін, білмеймін – Ал, сүйіктім менің! Мүмкін жағдайдың өзгеруіне тек жайсыз, қайда барсам да соңымнан қалмайтын, жан азабы ұмтылдыра ма екен?

28 тамыз

Шындығында, егер менің ауруым жазылатын болса, онда оны тек осы адамдар жазар еді. Бүгін менің туған күнім, танертең ертемен Альберттен бір кішкентай пакет алдым. Ашып жатқанымда бірден ақшыл қызыл бант көзіме түсті, оны мен Лоттеменалғаштанысқанымдакөйлегініңомырауынанкөргенмін және осы кезге дейін бірнеше рет соны сұрап жалынған едім. Оған қоса ішінде парактың он екі бөлігіндей ғана екі кішкене кітапша бар екен, қыдыруға шыққанда Эрнестікін²⁴ сүйретпес үшін, маған өте жиі қажет болған басылым Вестштайнның²⁵ Гомері бар екен. Қарай гөр! Олар өстіп менің қалауымды алдынала біліпті, о-о, олар осылай барынша достық көмек көрсетуге тырысуда, сыйлықтары бәз бір білгішсымақтың бізді кемсіту үшін беретін сән-салтанатты сыйлықтарынан мың есе қымбат. Мен ол бантты мың мәрте сүйдім, әрбір деміммен қоса сонау бір аздаған бақытты, қайтып келмес күндерде кеудемді толтырған жан шаттығын жұтамын. Солай, Вильгельм, мен назаланбаймын, өмірдің құлпыруы тек елес қана! Қалай ғана көптеген жандар артына ешқандай із қалдырмай өте шығады, қалайша олардың біразы ғана жеміс салады да, сол жемістің өзінің де аздаған бөлігі ғана пісіп жетіледі! Сонда да олар осында жеткілікті сезіледі; әйтсе де, о, бауырым! – Біз піскен жемістерді жаратпай, көңіл бөлмей, рахатын көрмей, шірітіп тастай саламыз ба?

Қош бол! Жаз тамаша; мен жиі-жиі Лоттенің бағындағы жеміс ағашында отырып алып, жеміс үзетін ұзын таяқпен жоғарыдағы алмұрттарды түсіремін. Ол төменде тұрады да менің тастағандарымды алады.

30 тамыз

Ай, шерменде сорлы! Сенің есің ауысқан жоқ па? Сен өзіңді-өзің алдамайсың ба? Мына буырқанған шексіз құштарлық, неге апарып соғар екен? Мен жалғыз соған ғана табынамын; қиялымда тек соның бейнесі ғана, жер бетіндегінің бәрін тек онымен байланыста ғана көремін. Ал ол маған – мен оның үйінен кетер-кеткенше, бірнеше бақытты сағаттарды сыйлайды! Ах, Вильгельм! Неге ғана менің жүрегім жиі-жиі құштарланады екен! – Оның үйінде екі-үш сағат отырғанымда, оның бейнесіне, инабаттылығына, сөздерінің ғажайып мәніне сүйсінемін де бірте-бірте бар сезімім ширыға түседі, көз алдым буалдырланып, зорға естимін, мені тура бір жаналғыштай алқымымнан алады, жұлқына соққан жүрегім менің қыстыққан сезімімді еркіне жібергісі келеді, ал оның адасуы көбейген үстіне көбейе түседі – Вильгельм, мен жер бетіндемін бе, жоқ па, жиі-жиі білмей қаламын! Және – жиі келетін қайғым ұлғайып кеткенде, Лотте мені аяғандықтан, оның қолын аймалай өбіп, қыспаққа алған қайғымнан көз жасы арқылы арылуыма, жұбаныш табуыма рұқсат етеді, – сол кезде мен кетуге тырысамын, сыртқа кетемін, одан әрі ілбіп алыс далаға кетемін; кез келген кездейсоқ тауға тырыса өрмелеу, жолсыз қалың орманда тәнімді жарақаттайтын қоршаулар арқылы, быт-шытымды шығаратын тікенектер арасынан жалғыз аяқ жол салу – менің бар қуанышым! Сонда ғана аздап жеңілейіп қаламын! Аздап қана! Кейде шаршап әрі шөлдеп, жолай жатып қалғанымда, тұңғық түн биігіндегі толықсыған ай төбемде тұрады, меніреу орманда жараланған табаныма болымсыз ғана жеңілдік жасау үшін бір қисық ағашқа отырамын да таң алдындағы тыныштықта қалжырай қалғымын. Ах, Вильгельм! Айдаладағы жалғыз үйшік, қылдан тоқылған кеудеше мен тікенек көйлек рахат болған болар еді, менің жаным соларды аңсайды. Қош бол! Мен мына қиналыстан құтылудың көрден басқа ешбір жолын көрмей отырмын.

3 қыркүйек

Мен кетуге тиіспін! Менің толқыған шешімімді қуаттағаның үшін рахмет саған, Вильгельм. Екі аптадан бері оны тастап

кетейін деген ойда жүрмін. Кетуім керек. Ол тағы да қаладағы бір дос қызының үйінде. Ал Альберт және мен кетуге тиіспін!

10 қыркүйек

Түн деп соны айт, Вильгельм. Мен енді бәріне шыдап бағамын. Оны қайта көрмейтін боламын! О, мен ұшып барып мойныға асыла, ағыл-тегіл көз жасыммен әрі сүйінішпен жүрегімді қысқан бар сезімді саған айтып жеткізе алсам ғой, қымбаттым. Мен мұнда отырмын, ес жинаудамын. Өзімді тыныштандыруға тырысамын, таңның атуын күтудемін, таң ата аттарды әкеледі.

Уа, дүние-ай, ол мені ешқашан көрмейтінін сезбестен тыптыныш қана ұйықтап жатыр-ау. Мен одан қол үздім, екі сағаттық әңгіме кезінде беталысымды өзгертпеу үшін бар күшімді салып бақтым. О, құдайым-ау, неткен әңгіме десеңші!

Альберт маған кешкі тамақты ішіп болысымен Лоттемен бақта болуға уәде берді. Мен террасада биік каштан ағаштарының астында тұрып, соңғы рет сүйікті жазықтық үстінен мақпал өзеннен аса батып бара жатқан күнге қарадым. Осы жерде онымен қаншама рет тұрып ғажайып көріністі тамашалап едім, ал қазір өзіме сондай сүйікті болған гүлзармен ары-бері адымдай басып жүрмін; Лоттені танымай тұрғанда-ақ бір беймәлім, жанға жайлы тылсым күш мені осы жерге өте жиі тартатын да тұратын, ал біз таныстығымыздың басында шынында да адам қолымен жасалғандай романтикаға толы, өзім өнердің үздігі деп бағалаған осы жерге деген ортақ әуестігімізді білгенімізде қалай қуанып едік.

Ең әуелі каштан ағаштарының арасынан кең көрініс ашылады, меніңше, саған бұл жайында көп жазған болатынымын, содан кейін биік бук ағаштары қабырға іспеттес болып біртіндеп қоршала келіп, өзі тірелетін сәндік шағын ағаштармен гүлзарды одан сайын қаракөлеңке ете түседі де ақырында жалғыздық атаулының бар тақсіреті айнала қалықтаған бір тұйық алаңқай болып шығады. Алғаш рет шаңқай түсте осында келгенімде, маған бұл жердің қаншалықты жұмбақ әсер еткені әлі де есімде;

бұның бақыт пен қасірет алаңы болуы мүмкін екенін мен ептеп қана түсінгендей едім.

Олардың саябаққа көтеріліп келе жатқан дыбысын естігенге дейін, жарты сағат бойы жан ауыртар әрі тәтті қоштасу, қайта көрісу жайлы ойға берілдім. Алдарынан жүгіріп шығып, оның қолын бас салып дірілдей сүйдім. Біздің жоғары қарай көтерілгеніміз сол еді, талды төбешіктің артынан шыға келгендей болып ай туды, әр нәрсе жайлы әңгімелесіп, қараңғы саябаққа жақын келгенімізді байқамаппыз. Лотте ішке кіріп отырды, оның қасына Альберт те, мен де жайғастық, әйтсе де ішкі толқынысым мені ұзақ отырғызбады; тұрдым, оның алдына бардым, ары-бері жүріп, қайта отырдым: бұл бір қорқынышты сәт еді. Лотте біздің назарымызды алдымыздағы террасаға сәуле шашқан, бук қоршаудың шетіндегі сұлу айға аударды: тамаша көрініс барған сайын таңғаларлық бола түсті, біздің айналамызды тұнғыық қараңғылық басты. Біз тыныш қана отырдық, бірталай уақыттан соң ол сөйлей бастады:

– Мен қайтыс болған жақындарым туралы ойға берілмеу, өлім мен болашақ жайлы сезімге тап болмау үшін ешқашан айдың жарығында серуендемеймін, ешқашан. Біз жоғалып кетпейміз! – деп ол тамаша сезімге толы дауыспен сөзін ары жалғастырды, – Вертер, бірақ, біз бір-бірімізді қайта табамыз ба? Қайта танимыз ба? Сіз қалай ойлайсыз? Не айтасыз, Сіз?

– Лотте, – дедім, көзім жасқа тола, оған қолымды беріп жатып, – Біз қайта көрісеміз! Онда да, осы жерде де кездесеміз! Одан ары сөйлей алмадым, – Вильгельм, ол бұны менің жүрегімде осынау қорқынышты қоштасу болған кезде сұрауға тиіс пе еді?!

«Жағдайымыз жақсы кезде біздің өздерін ыстық сүйіспеншілікпен еске алатынымызды сүйікті марқұмдар білер ме екен, сезе ме екен? – деп ол сөзін ары жалғады. О! Тымық кеште оның балаларының, өз балаларымның арасында отырғанымда, олар тура шешелерінің қасына жиналғандай менің де айналама жиналған шақта, маңайымда үнемі анамның бейнесі қалқып жүреді. Сол шақта мен сағыныш толы көз жасыммен аспанға қарап, менің оған қайтыс болары алдында балаларына ана

боламын деген сөзімді орындап жүргенімді бір сәтке болса да көрсе ғой деп тілеймін. Соншама толқи дауыстаймын: егер оларға өзіндей бола алмасам, кешір мені, сүйіктім! Ах! Мен қолымнан келгеннің бәрін істеп жатырмын ғой: оларды ішіндіремін, киіндіремін, ух, осының бәрінен де ең бастысы, әлпештеймін әрі жақсы көремін. Сен біздің ауызбірлігімізді көрсең етті, сүйікті жарықтығым! Сен балаларыңның жақсы болуын ағыл-тегіл көз жасыңмен жалбарына тілеген құдайға ең ыстық алғысыңды да жаудырған болар едің».

Ол осылай деді! О, Вильгельм, оның айтқанын кім қайталай алар! Суық, жансыз жазулар жан-дүниедегі бүршік жарған осынау әулиедей сезімді қалай жеткізе алар! Альберт жайлап қана оның сөзіне араласты:

– Бұл сізді өте қинайды ғой, сүйікті Лотте! Сіздің жаныңыз осындай ойларға берілуге бейім екенін білемін, бірақ өтінемін сізден, керегі жоқ».

– О, Альберт, – деді ол, – сен әкем үйде жоқта екеуміздің кішкене дөңгелек үстел басында бірге отырғанымызды және кішкентайларды ұйықтауға жіберген кештерді ұмытпайтыныңды білемін. Сен жиі-жиі жақсы кітап әкелетінсің, бірақ оны оқитын кезің өте сирек болатын – сол бір тамаша жанмен қарым-қатынаста болу бәрінен де қымбат емес пе еді? Сұлу, биязы, ақжарқын әрі әрдайым сергек әйел еді ғой! Менің көз жасым құдайға аян, төсегімде көз жасымды бұлай, мені оған ұқсата гөр деп, оның алдына жалбарына жығылған болатынмын».

– Лотте! – деп айғайлап жібердім де, алдына тізерлей құладым, оның қолын да ағыл-тегіл көз жасыммен жудым, – Лотте! Сенің анаңның аруағы мен құдайдың рахымы саған қатар түскен! – Сіз оны танығаныңызда ғой», – деді ол, қолымды қыса, – ол сізбен таныс болуға тұрарлық жан еді! Тынысым тарылғандай болды. Өзім туралы ешқашан мұндай мақтауға, бұндай жоғары мадақтауға лайық болмап едім. – Ол ары қарай сөйлей берді: – Сондай әйел кіші ұлы алты айға толмай жатып, нағыз құлпырған шағында о дүниелік болуға мәжбүр болды! Оның ауруы ұзаққа

созылмады; ол тыныш қана бойұсынды, тек балалары ғана оны қинайтын, әсіресе, ең кішісі. Өмірінің таусылар шағында ол былай деді: «Маған алып келші оларды», ал мен оларды алып келгенімде, кішкентайлары ештеңе білмеді, ересектері қайғыдан абдырап қалды, балалар төсекті айнала қоршап тұрды, ол қолын көтеріп, олар үшін құдайға жалбарынып, жағалай шеттерінен сүйді де шығарып жіберді. Маған:

– Оларға ана бол! – деді. Мен оған ант еттім!

– Сен өте үлкен іске уәде беріп тұрсың, қызым, – деді ол, – Ана жүрегі мен ана мейірімі деген оңай емес. Сенің ризалық көз жасыңнан оның оңай емес екенін сезетініңді жиі байқап едім. Өз бауырларыңа ана, әкеңе қызға тән елгезектігіңмен адал болғайсың. Оған жұбаныш бола гөр. Ол әкемді сұрады, әкем өзінің айтып жеткізгісіз қайғысын бізден жасыру үшін кетіп қалған болатын; ол әбден жадап-жүдеп бітіп еді.

– Альберт, сен бөлмеде болатынсың. Ол біреудің жүргенін естіді де, кім екенін сұрады, сені өзіне шақырды, оның екеуімізге біз бақытты болады деп, бірге бақытты болатын шығар деп сенген, жұбанған, тыныш көзқараспен қарағанын айтсаңшы. Альберт оның мойнына асыла, оны сүйді де толқи тұрып: «Біз бақыттымыз! Біз бақытты боламыз!» – деді. Байсалды Альберт те өзін-өзі ұстай алмай кетті, ал мен болсам, тіпті не болғанымды білмедім.

– Вертер! – деп бастады ол сөзін, – Осындай әйелдің пешенесіне о дүниеге кету жазылыпты! Кейде мен өмірдегі ең қымбат жаннан айырылғанда қалай ғана шыдадық екен деп ойлаймын, ал бұны қайғы-қасірет шегіп, соншалық ұзақ жоқтап жылаған балалардан артық ешкім де сезінбеген шығар!

Ол тұрды, мен болсам күйзеле, толқи, отырған қалпымда қалдым да, оның қолын ұстадым. – Кетейік, уақыт болды! – деді ол. Қолын тартып алғысы келді, мен оны бұрынғыдан да қаттырақ ұстадым. «Біз қайта көрісеміз ғой, – дедім мен ышқына, – Біз қайта табысамыз, бір-бірімізді кез келген жағдайда танитын боламыз. – Мен кеттім, – деп сөзімді ары жалғадым, – Мен өз

еркіммен кеттім, әйтсе де, егер мен «мәңгіге» деп айтуға тиіс болсам, менің бұған шамам келмеген болар еді. Қош бол, Лотте! Қош бол, Альберт! Біз қайта көрісеміз».

«Менің білуімше, ертең! – деп қойды Лотте қалжындай. – Мен ол «ертеннен» нені сездім десеңші! Өттең, ол қолын тартып алғанда білмеді ғой. Олар гүлзарды бойлап кете барды, айдың жарығында олардың соңынан қарап тұрдым, жерге құлап түстім де, еңірей жыладым, атып тұрдым, террасаның шетіне жүгіріп шығып, биік жөке ағаштарының көлеңкесінің арасында бақтың есігіне қарай ағараңдап кетіп бара жатқан оның ақ көйлегін көрдім, қолымды созған сәтте ол ғайып болды.

20 қазан 1771

ЕКІНШІ КІТАП

Кеше біз осында келіп жеттік. Өкіл науқас болғандықтан, бірнеше күн үйінде болады. Егер оның мінезі жұмсақтау болғанда, басқасының бәрі ештеңе етпес еді-ау. Сеземін-ақ! Тағдырдың маған қатал сынақ әзірлегенін де. Сонда да мұнаймау керек! Қамсыз жеңіл мінездіге бәрі де оңай болады! Жеңіл мінез! Осы сөздер қалай ғана менің қаламымнан шықты екен, тіпті күлкілі-ақ! Шіркін, ептеген ғана жеңілтектік мені күн астындағы ең бақытты жанға айналдырар еді-ау. Немене! Басқалар өздерінің болар-болмас күшсымақтары мен талантына менің алдымда салмақтана масаттанғанда, мен өзімнің күшім мен дарыныма ренжимін бе? Құдіреті күшті құдайым-ау, сен маған осының бәрін сыйлағанша, неге жартысын қайтып алып, маған өзіме деген сенімділік пен көнбістік бермейсің! Сабыр! Сабыр! Бәрі жақсарады. Мен саған айтайын, сүйіктім, сенің айтқаның дұрыс. Мен күні бойы адамдар арасында болғалы бері олардың істері мен әдеттерін көріп, өзіме өзім әлдеқайда жұмсағырақ қарайтын болдым. Әрине, біздің жаратылысымыз солай: бәрін өзімізбен, ал өзімізді бәрімен салыстырамыз. Яғни бақыт пен сор бізді не қоршап тұрса, соған байланысты, ал жалғыздықтан асқан қорқынышты ештеңе жоқ. Біздің шарықтаған қиялымыз поэзияның қиял-ғажайып көріністерін азық ете отырып, біздің табиғатымыздан әлдеқайда жоғары тұрған бірнеше адамдардың сүретін салады, ал сол басқа адамдар бізге кемел жан сияқты болып көрінеді. Бұл – әбден табиғи нәрсе. Біз өзімізге көп нәрселердің жетіспейтінін өте жиі сеземіз, сондықтан өзімізге жоққа басқа біреу ие сияқты көрінеді де, оған өзімізде бардың бәрін жапсырамыз және оған тағы да бірталай идеалистік ұнамды қасиеттерді ойша қосамыз. Сөйтіп біздің өзіміз қолдан жасаған бақытымыз толығымен айқындалады.

Керісінше, егер өзіміздің бар әлсіздігімізге де, шаршағанымызға да қарамай тек қана алға ұмтыла берсек, онда біз сүріне-қабына әрі адаса, желкенімен, ескегімен қоса жүзген кейбіреулерге қарағанда, алысқа жеткенімізді жиі-жиі

байқаймыз, және басқалармен тең түсеміз, кейде тіпті, оларды басып озамыз да, өз шама-шарқымызды танып, біліп, ризалық сезіміне бөленеміз.

26 қараша 1771

Бұл жерге әйтеуір өйтіп-бүйтіп үйрене бастадым. Ең тәуірі, істейтін іс жетерлік және оған қоса адамдар да алуан түрлі. Көптеген жаңа таныстар менің көңілімді аулауда. Мен бір К... деген графпен таныстым, оны күн өткен сайын құрмет тұта түсудемін. Ол үлкен де терең ақыл иесі, бірақ сол ақылмен сіресіп қатып қалған жан емес; қарым-қатынасынан достық мейірімі сезіліп тұрады. Мен оған бір қызметіме байланысты шаруамен барып едім, маған бірден-ақ ниеттестігін білдіріп, кез келген адаммен менімен сөйлескеніндей қарым-қатынастың бола бермейтінін, алғашқы сөздерінен-ақ байқатқан, оның қарапайымдылығына әрі жылы шырайлы ниетіне өте риза болдым. Шындығында, жер бетіндегі ең жақсы, ең таза қуаныш – үлкен жан дүниенің, кең пейілдің ашық ақтарылуын көру ғой.

24 желтоқсан 1771

Алдын ала күткенімдей-ақ өкіл мені көп ренжітуде. Одан асқан тақуа, ақымақ жер жүзінде жоқ шығар; ол бәрін тәптіштеп, рет-ретімен істейді әрі тура міншіл кәрі қыз сияқты, өзіне өзі ешқашан риза болмайды, сол себептен де оған еш жақпайсың. Жұмысым жақсы жүруде, сондықтан мен бірден-ақ таза етіп жазамын; ол маған мақаланы қайтарып беріп былай дейтіні бар; «Мақала жақсы-ау, бірақ сіз оны тағы бір рет қарап шығыңыз, мүмкін басқа жақсырақ сөз бен дұрысырақ тіркес табылар». Сол кезде қаным қайнайды. Ешқандай «және», ешбір жалғаулық назардан тыс қалмауға тиіс. Менің сөйлемдерімде кездейсоқ ұшырасып қалатын сөздердің кері сөз реті оның ата жауы; оның пікірінше сөздерді белгілі бір ретпен ғана құру керек, әйтпесе ол ештеңе түсінбейді. Бұндай адаммен қызметтес болу барып тұрған бір қасірет.

Жалғыз ғана жұбанышым – граф К...– мен достығым. Ол

жақында өзінің менің өкілімнің сылбырлығы мен кірпияздығына риза еместігін ашықтан-ашық тура айтып салды. «Бұндай адамдар өз өмірін де, өзгенікін де қиындата түседі; әйтсе де, – деді ол, – бұған таудан асуды мұрат ететін саяхатшыдай көндігуге тура келеді; егер тау болмаса, жол әлдеқайда қолайлы да қысқарак болар еді; бірақ та ол дәл алдыңда тұрғандықтан, одан өтуге тиіспіз!»

Менің қартым графтың одан гөрі мені жақсы көретінін сезеді және бұл жай оның ызасын келтіреді, мен бар жерде графты жамандау үшін кез келген мүмкіндікті бос жібермейді: мен, әрине, оған көне қоймаймын, ал бұдан іс тек насырға шаба түседі. Кеше ол мені бұлқан-талқан етіп ашуландырды, себебі сөз арасында маған тиісіп өтті: граф зиялылармен қарым-қатынаста сондай жақсы болуы мүмкін, жұмыс істеу де қолынан оңай келеді және жазуға да қаламы тәп-тәуір төселіп қалған, әйткенмен де, басқа да барлық әдебиетшілер сияқты, асып бара жатқан терең ғалымдылығы шамалы көрінеді. Оған қоса оның: – «Қалай, мен сенің жанды жеріңе тидім бе?» – деп масаттанғаны бет әлпетінен көрініп тұрды. Бірақ бұл маған еш әсер етпеді; өзін осылай ұстайтын, осылай ойлайтын адамдарды жек көремін. Мен оның бетін қатты қайтарып тастадым. Оған графты мінезі мен білімі үшін-ақ әбден сыйлауға болатын кісі екенін айттым. «Мен – дедім, – жолы болып өз дүниетанымын осыншалықты кеңейткен, білуге соншалық құштар әрі күнделікті өмірде осыншалықты белсенділік таныта алатын мұндай адамды көрген емеспін». Бұның бәрі кәрі қақбастың санасы үшін Испанияның беймәлім қыстақтары іспеттес түсініксіз еді, мен бұдан әрі айтылар дәмсіз бос сөздерге тағы да ашуланбау үшін шығып кеттім.

Бұған сендердің бәрің кінәлісіңдер, сендер ғой мені жұмысқа үгіттеп, мылжындап осы мойынтұрыққа жеккен. Еңбек! Картоп егіп, оны қалаға апарып сатқан адам, менен әлдеқайда көп іс тындырар еді; егер осы сөзім қате болса, онда қазір өзім бұғауланған азапта әлі де он жыл қиналуға дайынмын. Ал мына жылтыраған бишаралық пен маңайымды қаптап тұрған жексұрын адамдар арасындағы торығушылық ше! Олардың

арасындағы атаққа таласушылық тоқталмақ емес, жалғыз адым болса да басып озу үшін бір-бірін аңдиды; бұл ешбір жасыруға келмейтін, ашық, мүлде түкке тұрғысыз, оңбаған құмарлық. Мысалы, осында бір әйел өзінің ақсүйектігін, байлығын айтып, кім көрінгенге мақтанады, ал кез келген бөтен адам былай деп ойлауы хақ: өзінің болар-болмас ақсүйектігі мен байлығын көкке көтере мақтайтын мынау бір ақымақ екен. Ең өкініштісі сол: бұл әйел осындағы жергілікті бір кеңсе хатшысының қызы ғана. Көрдiң бе, осыншама сорақы түрде масқара болуға ұялмайтын адамдарды түсіне алмаймын.

Қымбаттым, шындығында күн өткен сайын өзіңе қарамай басқалар жайлы пікір айтудың ақымақтық екеніне көзім жете түсуде. Әбден әуре-сарсаңға түстім және мынау жүрек те қатты қобалжуда. Ах, егер мені ешкім мазаламаса, оларда менің де еш шаруам болмас еді! Мені бәрінен де бұрын ызаландыратын нәрсе – қоғамдағы лепірме қарым-қатынастар. Таптардың айырмашылығының қандай қажет екенін, оның маған тигізіп жатқан пайдасын бір кісідей-ақ жақсы білемін, тілегім тек ол менің әлі осы жер бетіндегі қуанышқа толы бақыттың шуағын сезіне алар кезімде жолыма көлденең тұрмаса екен!?! Жақында қыдырып жүргенде бір Б. деген бикешпен таныстым. Осынау қатал тіршілік ортасында көптеген табиғи қасиетін сақтап қалған сүйкімді жан екен. Біз бір-бірімізге әңгіме барысында ұнадық, ал қоштасар кезде, үйіне барып тұруға рұқсат етуін өтіндім. Ол маған аса бір ақжарқындықпен рұқсат еткендіктен, оның үйіне баруға ыңғайлы шақтың тез тууын тағатсыздана күттім. Қыз бұл жердікі емес, әпкесінің үйінде тұрады. Кемпірдің кескін-келбеті маған ұнамады. Мен оған шамам келгенше көңіл бөлуге тырыстым. Әңгіме барысында көбінесе сонымен сөйлестім, жарты сағаттан соң-ақ көзім жеткені әрі бикештің өзі де мойындағаны мынау болды: сүйікті әпкесі қартайып, жоқшылық тауқыметін мықтап тартуда екен, пәниден баяғыда өтіп кеткен айбынды ата-бабаларынан басқа ешбір тірегі, ауыз толарлықтай мал-мүлкі, не бір ақылы жоқ, бейне бір басқа жұрттан биік қорғанмен бөлінгендей, оларға жоғарыдан маңғаздана, кекірейе

қарап, өз ақсүйектігіне бұлданудан басқа қуаныш-жұбанышты білмейтін көрінеді. Жас кезінде ол әдемі болған екен, өмірін бей-берекет өткізсе керек, өзінің менмендігімен бірталай бейшара бозбалаларды әуре-сарсаңға салыпты, ал пісіп-жетілген шағында бір сөзге келмей-ақ қызметтен біржолата босаған бір офицерге бас иген, ол болса мұны тағдырының әжептәуір сыйы деп түсініпті және бүтіндей бағыныштылық жағдайда онымен бірге мыс ғасырды өткізіпті де қайтыс болыпты. Сөйтіп, ол жез ғасырда өзін жалғыз сезінеді екен, егер жиені бұндай сүйкімді болмағанда, оны ешкім де мазаламас еді.

8 қаңтар 1772

Бар өмірлері салтанатты аңсаумен өткен, неше жылдар бойы бүкіл ойлары мен ынтасы, қайткенде де бір саты жоғары көтерілуге бағышталған, неткен адамдар десеңші! Бұл олардың басқа айналысатын ешбір істері болмағандықтан емес: керісінше, жұмыс дегенің үйіліп жатыр, сондықтан да ұсақ-түйек ұрыс-керістер үлкен істердің орындалуын тежеуде. Өткен жетіде шанамен сырғанау кезінде дау-дамай болып, тамашаның бар шырқын бұзды.

Есуастар, орынның ешқандай мәні жоқ екендігін және де бірінші орында отырудың басты, маңызды нәрсе емес екенін түсінбейді, неге ғана олар осыны көре алмайды! Министрлері басқаратын патшалар, хатшылары билеп-төстейтін министрлер аз ба? Ал бірінші деген кім өзі сонда? Меніңше, басқалардың әр жақ, бер жағын, ойын жақсы білетін және өз жоспарының орындалуы үшін олардың бар күші мен құштарлығын пайдаланып бағатындай тісқаққан қулығы мен билігі бар біреу.

20 қаңтар

Сүйікті Лотте, мен сізге хатты, ауа райының қатты бұзылуына байланысты әзірше паналап отырған бір жұпыны шаруаның бекет үйінде жазуға мәжбүр болып отырмын. Мен Д... қалашығында шаршап-шалдығып, бөтен, жүрегіме мүлде жат адамдар арасында жүргеннен бері, сізге хат жазуға бірде-бір рет

ұмтылған емес едім, ешқашан; ал енді мына лашықта, бәрінен алыста, қар мен бұршақ кішкене терезені төпелей ұрып, жалғыз қалған шақта, менің ең алғашқы ойыма алғаным сіз болдыңыз. О, Лотте! Мені кірген бойда-ақ, сіздің бейнеңіз, сіз жайлы естеліктер баурап алды, Сондай пәк, сондай ыстық! Құдіретті құдайым-ау! Дәл алғашқыдағыдай бақытты сәт бұл.

Сіз мені алданышты, ойын-сауықтың абыр-сабырында көрсеңіз ғой, ардақтым менің! Жан дүнием қалай суалып қалды десеңізші! Жаным бір сәтке болса да шын сезімге бөленген бақытты кезім болған емес! Ештеңе де! Ешқашан да! Мен бейне бір асыл заттар көрмесінің алдында тұрғандаймын, алдымдағы адамдар мен аттардың қимыл-әрекеттерін көремін де, өзімнен-өзім бұл көз алдау емес пе екен деп жиі сұраймын. Мен де бірге ойнаймын, дұрысы, кейде менімен неғұрлым қуыршақ құсап көбірек ойнайтын, көршімнің ебедейсіз қолын бассаламын да түршіге кейін шегінемін. Кешкісін мен айдың тууын тамашалаймын деп ойлаймын, бірақ төсектен тұра алмаймын; күндіз күннің сәулесін қуаныш етуге үміттенемін, бірақ бөлмемнен шықпаймын. Мен неге тұрып, неге ұйықтауға жататынымды білмеймін. Өмірімнің қуатын арттыратын түрткі жоқ, түннің бір уағына дейін мені сергек етіп ұстайтын, ертеңгісін ұйқыдан оятатын сиқыр күш те кетіп қалды.

Бұл жерден мен жалғыз ғана әйел затын таптым, бикеш Б..., егер сіздерді салыстыруға болатын болса, сүйікті Лотте, ол сізге ұқсайды. «Қарай гөр, мадақ сөз айтуға кәнігі болып алыпты!» дерсіз сіз. Бұнда шындықтың ептеген ұшқыны да бар. Бірталай кезден бері өте сыпайымын, себебі мен өзгере алмаймын ғой, көп қалжыңдаймын, әйелдер жағының айтуынша, менен асып ешкім де тамаша етіп мақтай алмайтын көрінеді («және алдай да алмайды», деп қосып қойыңыз сіз, себебі онсыз болмайды, түсінемісіз?). Мен бикеш Б... жайлы айтайын деп едім. Оның жанының сезімтал екендігі көгілдір көздерінен айқын көрініп тұрады. Оның қазіргі жағдайы оған тек ауыртпалық түсіргені болмаса, ешқандай да жүрек қалауын қанағаттандырып жатқан жоқ. Ол әбігерліктен құтылғысы келеді, біз сағаттап шалғай

мекенді жердегі шырқы бұзылмаған бақыттылық туралы қиялдаймыз. Сіз туралы да! Ол сізді өте жиі мадақтауға мәжбүр болады, жоқ мәжбүр емес, өз еркімен істейді, сіз туралы ықыластана тыңдайды, сізді жақсы көреді.

Шіркін, мен сіздің аяқ жағыңызда ғана, жайлы бөлмеде отырсам ғой, ал сүйікті кішкентайларымыз біздің айналамызда бір-бірімен ойнап, аунап жатса, егер олар тым шулап кеткен болса, мен оларға бір қорқынышты ертегі айтып, айналама тыптыныш жинап алған болар едім.

Күн жылтылдаған қарлы белестен еңкейе түсіп, тамаша нұрмен батып барады, боран тынышталды, ал мен өз қапас торыма қамалудамын.

Қош бол! Альберт сіздердікінде ме? Қалай? Менің бұл сұрағымды құдай кешірсін!

8 ақпан

Сегіз күннен бері ауа райы мейлінше жаман болды, бір жағынан бұл маған дұрыс та сияқты. Өйткені мен осында болғалы, бүліксіз өткен ешбір жайлы күн болған емес. Ал енді жауын құйып, әрі бұрқасын болса, бір жағынан аяз қысса, одан соң ерісе не болар еді! Пах! Менің ойымша, сыртқа қарағанда үйде де жаман болмас еді, керісінше, ол мен үшін дұрысырақ болар еді. Ертеңгісін бір тамаша күн болатыны байқалса, мен: «олар бір-бірінен тартып алуға тырысатын құдайтағаланың тағы да бір сыйлығы!» – деп айғайлап жіберуден өзімді өзім ұстай алмай қаламын. Олар бір бірінен бәрін тартып алады! Денсаулық, жақсы ат пен атақты да, қуаныш, тыныштықты да! Соның бәрі көбінесе ойламағандықтан, топастық пен тар өрістіліктерінен, ал егер оларды өзің тыңдасаң, оның бәрі тек жақсы пиғылмен істелгендей болып шығар еді. Кейде олардан өз жағаларын өздері соншалықты дүлейлікпен жыртпауларын тізе бүгіп өтінгім келеді.

17 ақпан

Бастығым екеуміз бір-бірімізге онша ұзақ төзе алмаймыз-ау деп қорқамын. Бұл бір тіпті мүлде жан төзгісіз адам. Оның жұмыс істегендегі тәсілі де, іс жүргізуі де өте күлкілі, мен ондайда өз-өзімді ұстай алмай қаламын да, оған қарсы шығамын және де жиі-жиі өз ақылыммен, өз бетіммен іс жасаймын, ол үшін, әрине, менің ісім әрқашан дұрыс емес болып шығады. Бұл жайында ол жақында менің үстімнен сарайда арыз айтты, ал министр маған жеңіл-желпі сөгіс берді. Бірақ сөгістің аты сөгіс қой, жұмыстан кетуге өтініш беруді ойлағаным сол еді, министрден бейресми хат алдым, хаттың данышпан, мейірімді және мәнді мағынасына тек бас июге тиіспін. Ол менің шектен тыс өкпелегіштігіме ескерту жасайды, бозбалалық албырттықтығымды мойындай отырып, менің асыра сілтеген ойларымды басқаларға әсер ететін пайдалы іс-әрекет деп бағалайды мұндай істерге араласуымды кәдімгі албырттық, қолдауға лайық батылдық ретінде кәдірлейді, оларды құртуды көздемейді, тек қана жұмсартып, іске асатын кезін дәл тауып, жемісті әрекет етудің жолын іздестіруге бағыт береді. Бұл маған бір аптаға жетерлік күш, қуат берді әрі жанымды жайландырды. Жан жайлылығы дегеніміз өзіңе-өзің қуаныш сыйлайтын бір тамаша нәрсе ғой. Сүйікті достым, тек осы асыл қазына қаншалықты әдемі әрі қымбаттығына қарай соншалықты тым сынғыш болмаса етті.

20 ақпан

Сендерге Құдайтағалам рахымын тигізсін, қымбаттыларым, маған бермеген бар жақсы күндерін сендерге сыйласын!

Альберт, мені алдағаның үшін рахмет саған: сендердің үйлену тойларың болатын күн қашан екен деп хабар күтіп жүрдім және де сол күні-ақ қабырғадағы Лоттенің сұлбасы салынған суретті салтанатты түрде алып, оны басқа қағаздардың астына тығайын деп едім. Екеуің бір жұп болыпсыңдар, ал оның суреті әлі осында! Сонымен ол осында қала берсін! Неге қалмасқа?! Мен өзімнің де сендермен бірге екенімді білемін, саған залалымды тигізбей-ақ Лоттенің жүрегіндемін. Иә, мен онда екінші орындамын және соны сақтап қалғым келеді әрі сақтап қалуға тиіспін. О, егер ол

мені ұмытқан болса, мен жынданып кеткен болар едім. Альберт, мен үшін бұл бір тозақ. Қош бол, аспанның періштесі! Қош бол, Лотте!

15 наурыз

Менің бұл жерден кетуіме бір реніш себеп болды. Ренжігенім сонша, тістерім шықырлауда! Сайтан! Оны өзгертуге болмайды және бұған кінәлі тек қана сендерсіңдер, сендер ғой өзіме лайық емес іске арандатқан, қудалап, қинаған.

Ал енді, міне, алдым мен оны! Ал енді сендер де алдыңдар! Сен, әдеттегідей менің асыра сілтеген ойларым бәрін бүлдіреді деп айтпауың үшін, қымбатты мырзам, сенің шебер жазушының қолынан шыққандай анық әрі жақсы бір әңгімені тындауыңа тура келеді.

Граф К... мені жақсы көреді, ерекше құрметтейтіні белгілі нәрсе ғой, мұны саған бұрын да жүз рет айтқанмын. Кеше мені түскі асқа шақырды, тура сол күні кешкісін жоғары мәртебелі қауымдағы мырзалар мен әйелдер жиналатын, олар жайлы мен ешқашан ойлап та көрмеппін, біз секілді бағыныштылардың ол топқа жатпайтынымыз да ешқашан ойыма келмепті. Жақсы. Сонымен, графтікінен тамақтанған соң онымен және де бізге келіп қосылған полковник Б. мен сөйлесіп, үлкен залда арлы-берлі жүргенбіз. Қонақтар келетін уақыт та болды. Құдай біледі, менің қаперімде ештеңе жоқ болатын. Осы кезде асыл текті ханым С... өзінің мырза күйеуімен және жаңа пісіп жетілген қаздай, кеудесі теп-тегіс корсет киген ақымақ кызымен келді. Олар ақсүйектік мәнермен еп passant көздерін адырайта, танауларын делдите кірді. Мен бұл тектес жандарды тіптен жек көретіндіктен кетуді ойладым. Графтың олардың тынымсыз бос сөздерінен босауын ғана күтіп тұрғанымда менің Б... бикешім кіріп келді. Оны көргенімде, жүрегімде ептеген қуаныш пайда болды да, кетпей қалып қойдым, оның креслосының артына тұрдым, тек бірталай уақыттан соң ғана оның менімен әдеттегідей онша ашылмай, біршама ренжи тілдесетінін байқадым. Бұл мені таңғалдырды. “Оның да басқалар сияқты болғаны ма?” деп ойладым мен,

көңілім жабырқап, кеткім келді, бірақ сонда да қалдым, себебі мен оны қуана-қуана кешірген болар едім, әрі бұған сенбей, одан тағы да бір жылы сөз естимін бе деп үміттендім, сосын өзін білесің не екенін. Осы екі ортада қауым түгел жиналған болатын. Өзінің сонау Франц Біріншінің тәж киген кезінен қалған бар киім-кешегін үстіне ілген (яғни 1745 жылдан бергі бар киім-кешегі) Барон Ф., өзінің саңырау әйелімен сарай кеңесшісі Р..., бұл жерде оны Р... мырза деп атайды, т.б. ескі сәнмен тігілген шоқпыт-шоқпыт киімін жаңа сәнді жамаулармен жөндеп қойған И... де ұмыт қалмапты. Қонақтар қаптап келіп жатыр, мен аяқ асты өте сыпайы бола қалған кейбір таныстарыммен сөйлесіп тұрдым. Ойлана келе, ақыры тек өз Б... ма ғана көңіл бөлдім. Залдың түпкірінде әйелдер бір-бірінің құлақтарына сыбырласа бастады, сыбырласу одан кейін еркектер жағына ауысты. С... деген ханымның графпен сөйлескенін (бұның бәрін маған Б... бикеш кейін айтып берген) мен байқамаппын, ақырында граф жаныма келді де, мені терезе алдына апарды.

«Сіз білесіз ғой, – деді ол, біздің ерекше қарым-қатынасымызды білесіз ғой; менің байқауымша, көпшілік сізді мұнда көргеніне риза емес сияқты. Мен бәрі үшін...». «Мәртебенізге құлдық, – деп сөзін бөлдім, – мың мәрте кешірім сұраймын, бұл жайында ертерек ойлауым керек еді, менен бір қателік өтті, кешіріңіз, менің басында-ақ қайтқым келіп еді, бірақ бір сайтан ұстап қалғаны. Мен жымыып, басымды идім. Граф сөзбен айтып жеткізгісіз ықыласты сезіммен менің қолымды қысты. Мен ақсүйек қауымнан ептеп бөлініп шықтым да барып кабриолетке отырдым. Сол жердегі төбеден күннің батуын көру үшін және Улистің қалай шошқа бағушының қонағы болғаны туралы Гомердің тамаша жырын оқу үшін М... ға қарай жүріп кеттім. Бәрі де жақсы болды.

Мен кешкі асқа қайтып келдім, қонақ бөлмеде аздаған ғана адамдар бар екен; олар үстелдің дастарқанын түріп тастап, бір бұрышта сүйек ойынын ойнап жатыр екен. Осы кезде ақкөңіл Аделин келіп кірді, қалпағын қойып жатып мені көріп, қасыма келді де, ақырындап қана былай деді: – Сен ренжіп жүрмісің?

– Мен бе? – дедім мен. – Граф сені қауымнан қуып жіберіпті ғой.
– Сайтан алсын оларды! – дедім мен, – Менің өзім таза ауаға шығуды жөн көрдім. – Сенің мұны көңіліңе алмағаның жақсы екен, – деді ол. Мені тек бұл жайды кез келген жерде айтып жүргендері ренжітеді. Осы кезде ғана мені бұл жай ренжіте бастады. Дастарқан басына келгенде де маған бәрі тек сол оймен ғана қарайды деп ойладым мен. Бұл ашу-ызамды келтірді.

Ал, бүгін тіпті қайда барсам да бәрі мені аяйды, естуімше, мені көре алмайтындардың төбелері көкке жетіпті. «Өзінің аздаған ғана ақылын аспанға көтеріп, не істесем де өзім білемін деп ойлаған астамшылықтың неге апарып соғатынын көрдіңдер ме» деген іспетті жексұрын бос сөздерді естігенде жүрегіңе пышақ сұғып алғың келеді; тәуелсіздік жайлы не айтса да еріккендердің өз еркі, ал бар өшін алу үшін, басқалардың өзі туралы айтқан неше түрлі өсегін жайбарақат шыдап тыңдайтын адамды көрер ме едім, егер олардың оттаған сөздері негізсіз болса, онда оған көңіл бөлмеу оңай болған болар еді-ау.

16 наурыз

Мені бәрі де айтақтап, ашындыруда. Бүгін мен аллеяда Б... бикешті кездестірдім, онымен сөйлеспеуге өзімді-өзім ұстай алмадым. Адамдардан біраз шеткерірек шыққан соң оған сондағы өзін қалай ұстағаны жайлы ренішімді айтып салдым. «О, Вертер, – деді ол толқыған дауыспен, – менің жандүниемді біле тұра, сондағы қылығымды осылай түсінуге бола ма екен? Менің залға кірген сәттен бастап-ақ сіз үшін бәріне де төзгенімді білсеңіз етті! Мен бәрін алдын-ала көріп білдім, сізге бұны айтайын деп қайта-қайта оқталдым. С. мен Т.-лардың өз күйеулерімен сіз отырған қауымда болғаннан гөрі, кетіп қалғанды артық санайтындарын мен білдім; графтың олармен қарым-қатынасын бұза алмайтынын да білдім, – ал қазіргі шуды айтпаңыз».

– Қалай дедіңіз, бикеш! – дедім мен, қорқынышымды жасыра. Себебі Аделиннің бұрнағы күні айтқанының бәрі есіме түскен сәтте біреу төбемнен мұздай су құйып жібергендей болды.

– Бұл маған қаншалықты қиын тиді десеңізші, – деді

сүйкімді қыз көзіне жас тола. Мен өзіме өзім ие бола алмадым, тіпті оның аяғына жығылуға шақ қалдым.

– Түсіндіріп айтсаңызшы,– деп дауыстап жібердім. Оның бетін ебіл-дебіл көз жасы жуып кетті. Мен не болғанымды білмедім. Ол да көз жасын тия алмады. – Сіз менің апайымды білесіз ғой,– деп бастады ол сөзін, – Ол да сонда болатын. Ол сізге қандай көзбен қарады десеңізші! Вертер, мен кешке де, бүгін таңертең де өзімнің сізбен қарым-қатынасым туралы өсиеттерге тойып бақтым, сізді жұрттың қалай төмендетіп, кемсіткенін естуге мәжбүр болдым, сізді тек жарым-жартылай ғана арашалауға шамам келді».

Оның айтқан әрбір сөзі жүрегіме қанжардай қадалды. Ол осының бәрін маған айтқаннан гөрі үндемей-ақ қойғанының мен үшін қаншалықты жеңіл екенін сезбеді, бұған қоса ол ары қарай тағы да не айтылатынын, бұл туралы кейбір адамсымақтардың қалай масаттанатындарын қоса айтты. Мені көптен бері сөгіп жүрген жұрт енді жақын адамдарыма да жеккөрінішті болғанымға асқақтап, басқаларды менсінбегенім үшін дұрыс жазаланды деп айыздары қанып, қуанатын көрінеді. Осының бәрін, Вильгельм, шын жаны ашыған адамның аузынан есту қандай азап! – Мен әлі де іштей алай-түлей боп буырқанған халдемін. Біреудің мені ашықтан-ашық кіналауға батылы жетсе ғой, онда оның кеудесіне семсерімді тығып алған болар едім; егер қанды көрсем, бәлкім, маған жақсы болар ма еді. Ах, осы мазасыз жүректі тілу үшін жүз мәрте пышаққа жармастым. Жұрт аттардың бір асыл тұқымы жайлы айтып жүр: ол шектен тыс шауып қызынып, болдырған кезде, дем алысын жеңілдету үшін өзінің бір тамырын тістеп алады екен. Мен де өзіме мәңгілік еркіндік алу үшін қан тамырымды ашқым келетіндей бір сезімді басымнан жиі кешемін.

24 наурыз

Мен сарайдағы қызметімнен босатуды талап еттім және оның орындалатынына үміттенемін. Алдымен сендерден бұған рұқсат алмағаным үшін мені кешірсіндер. Мен бір рет

кетуге тиіс болдым ғой, ал сендер мені қалуға көндіру үшін не айтатындарыңның бәрін білемін, иә, сонымен, шешеме бұл жайлы, шамаң келгенінше, жұмсақтап жеткізерсің, мен өзіме-өзім көмектесе алмаймын, егер оған да көмектесе алмасам, онда соған көнуіне тура келеді. Бұл, әрине, оған ауыр тиюі мүмкін. Ұлының бірден құпия кеңесшілікке не елшілікке бастаған тамаша қызмет жолының жабылып, кері кеткенін көру жеңіл емес! Бұл жайында сендер не десендер о дендер, әрі, мен қала аламын ба және қалуға тиіспін бе, осылай болуы мүмкін-ау деген жайттың бәрін қорытындылап көріңдер; жетер, кетемін, қайда барсам да, менің қасында болуымды жаны қалайтын бекзада ... бар екенін сендер білуге тиіссіңдер; ойға алған ниетімді естіген соң, ол менің өзімен бірге мекенжайына барып, сұлу көктемді сонда өткізуімді өтінген болатын. Ол менің мүлде өзіммен өзім ғана еркін болатыныма уәде берді, ал біз бір бірімізді біршама түсінетін болғандықтан, бұл үлкен бақытқа бел буып, онымен бірге кететін болдым.

19 сәуір

ХАБАР РЕТІНДЕ

Екі хатың үшін де рахмет. Менің жауап қайтармаған себебім, сараймен қоштасқанша бұл хатты жібермедім; шешем министрге барып, ойға алған ісімді қиындата ма деп қорықтым. Енді әйтеуір болары болды, қоштасатын мезгілім келіп жетті! Сендерге маған қызметтен босауға рұқсатты қалай қинала бергендерін және министрдің не жазғанын айтқым келмейді, онда сендердің зар жылауларың қайта басталған болар еді. Мұрагер бекзада менімен қоштасқанда жиырма бес дукат жіберіпті, бір сөзбен айтқанда, толқығанымнан көзіме жас келді; сонымен маған, енді шешемнің ақшасының керегі жоқ.

5 мамыр

Ертең бұл жерден жүремін, менің туған жерім жүрер жолдан небары алты шақырым ғана жерде жатқандықтан, оны да қайта

көріп, өткен, бақытты арманға толы күндерді есіме түсіргім келеді. Әкем дүние салғаннан кейін шешем өзінің адам төзгісіз қаласына барып қамалу үшін, сүйікті де қимас жерді тастап, мені өзімен бірге алып кеткен сол баяғы қақпаға кіргім келеді. Қош бол, Вильгельм, саяхатым жайлы хабар беріп тұрармын.

9 мамыр

Мен туған жеріме жасаған тәу етуімді нағыз бір зор құрметпен аяқтадым және де кейбір күтпеген, тосын сезімге тап болдым.

С... қаласынан ширек сағаттай жерде тұрған үлкен жөке ағашының қасына күймені тоқтатқызып түстім де, жаяу жүріп, жүрегіме қымбат әрбір естелікті мүлде жаңадан, тереңірек сезіну үшін, көшірдің кете беруіне рұқсат еттім. Сөйтіп мен бұрын бала кезімдегідей жөке ағашының астында тұрдым. Қалай өзгеріп кеткен! Ол кезде мен жүрегіме соншалықты көп нәр беретін, сонша кеп ләззатты үміттеніп күтетін, алға ұмтылған, құлшынған кеудемді толтыру, қанағаттандыру үшін бақытты, белгісіз дүниеден беймәлім әлемді аңсайтынмын. Енді, міне, сонау алыс әлемнен қайта қайтып келе жатырмын – О, достым, қаншама орындалмаған үміттеріммен, қаншама күл-талқан болған жоспарларыммен қайттым десеңші! – Мен, арманым мен үмітіме мың мәрте мекен болған, алдымда жатқан тауға қарадым. Осында сағаттар бойы отырып, бар жаныммен көз алдымдағы етене жақын, буалдырлана көрінетін орман-тоғайларға, жазираларға сіңіп кетуді аңсайтын едім; ал қайтар кезде, мен осы бір сүйікті жерді ыстық қимастықпен әзер тастап кететінмін! Қалаға жақынырақ келдім, бақ ішіндегі бүкіл ескі, таныс үйлерге сәлем бердім, кейін болған барлық өзгерістер мен жаңалықтар маған жиіркенішті болып көрінді. Қақпаға кірген сәтте-ақ өзімнің бәз-баяғы қалпыма қайта келдім. Қымбаттым, егжей-тегжейін баяндағым келмейді; мен үшін қаншалықты қуанышты болған нәрсе, әңгімелегенде соншалықты бір сарынды болып шығар еді. Мен тура біздің ескі үйдің қасындағы базарда тұруға бел байладым. Солай қарай кетіп бара жатып, біз бір адал,

кәрі әйелден деріс алған мектеп бөлмесінің ұсақ-түйек сататын дүкенге айналғанын байқадым. Есіме осынау тар бөлмеде өткен мазасыздыққа толы күндер, көз жастары, түсінбестік пен қорқыныш түсті. Аяқ басқан сайын есте қалған әйтеуір бір нәрсеге кездесіп отырдым. Бірде-бір құлшылық етуші әулиелер елінде де осыншама діни естеліктердің көп жері кездеспейтін болар, ешкімнің жаны дәл осындай аса құрметпен діріл қаға, құрақ ұша түсінбес. Өзенді төмен жағалай отырып таныс аулаға келдім; бұл менің әдетте көп жүретін жолым болатын, ал алаңқайда барлық балалар жалпақ тастарды суға жалата, секірте лақтырып жаттығатынбыз. Есіме кей кездердегі суға карап тұрғаным, ойша оның жолын болжап, ол ағып баратын аймақтардағы неше түрлі кездейсоқ кереметтерді көз алдыма елестететінім түсті, қиялым шексіз қиянға шарықтайтын; әйтсе де ол ары қарай жалғаса түсетін, ақыры, мен бір көз көрмес алысқа ойша сіңіп жоғалғанымша, үнемі ары қарай жалғаса беретін. Көрдін бе, сүйіктім, біздің таңғажайып ата-бабаларымыз әрі сондай қанағатшыл және сонша бақытты болған! Олардың сезімдері, талғамдары дәл бір сәбидікіндей! Улистің өлшеусіз теңіз бен шетсіз, шексіз жер туралы айтқандары сондай шыншыл, ізгілікке толы, жан толқытарлық, аңғал да жұмбақ болатын. Менің қазір кез келген мектеп баласы білетін жердің дөңгелек екенін айта алғанымнан не пайда? Адамға рахат көру үшін тек бір аздаған шөкімдей ғана жер керек, тіпті тыныштық табу үшін одан да аз жер жетеді.

Сөйтіп, мен қазір бекзаданың аңшылыққа арналған қамалындамын. Мырзамен әлі де жап-жақсы тіл табысуға болады. Ол адал әрі қарапайым. Ал, оның айналасындағылар маған мүлде түсініксіз, таңғажайып адамдар. Олар алаяқ та емес сияқты, бірақ түрлері адал адамдарға да ұқсамайды. Кейде олар маған адал адамдар сияқты болып көрінеді, сонда да оларға сене алмаймын. Жанымды ауыртатын тағы бір жай – оның тек естіген және көрген нәрселері жайлы ғана айтатыны және оларға басқа біреудің көзқарасымен қарайтыны.

Ол менің бар күш-қуатымның, бар қуаныш пен қайғымның, шерімнің – бәрінің жалғыз ғана қайнар көзі, өзімнің жалғыз мақтанышым – жүрегімнен гөрі талантым мен ақыл-түйсігімді көбірек бағалайды. Ах, менің білгенімді әркім-ақ біле алады – ал менің жүрегімдей жүрек тек жалғыз менде ғана.

25 мамыр

Іске аспайынша сендерге айтқым келмеген бір ойым бар еді: одан ештеңе шықпайтын болды, сондықтан енді бәрібір ғой. Менің соғысқа кеткім келіп еді; бұл ой ұзақ уақыт жүрек түкпірінде жатқан болатын. Ең бастысы, мен бұл жерге бекзадаға осы үшін еріп келген болатынмын, себебі ол - әскери қызметтегі генерал. Бір қыдырып жүргенде оған өз ойымды ақтардым; ол бетімді қайтарып тастады. Егер бойымдағы аса бір құштарлық емес, тек қана жай қыңырлық болғанда, оның дәлелдеріне құлақ аспаған болар едім.

11 маусым

Сен не десең о де, мен мұнда ұзақ қала алмаймын. Мұнда не істеймін мен? Уақыт өтпейді маған. Бекзада маған шамасы келгенінше жақсы қарайды, сонда да жағдайым жоқ. Түптеп келгенде біздің ортақ ештеңеміз де жоқ. Ол - ақылды адам, бірақ тіпті орташа ғана ақылы бар адам; оның өзіме қарым-қатынасы маған кәдімгі бір жақсы жазылған кітап оқығаннан артық әсер етпейді. Әлі де сегіз күн қала тұрамын, ал содан соң қайтадан адасуға түсемін. Мұндағы істеген ең жақсы нәрсем – сурет салғаным. Бекзада өнерді түсінеді және егер ол қатып қалған ғылымитүсініктерменүйреншіктіқағидаларғаүйірболмаса,бұдан да тереңірек түсінген болар еді. Кейде, оған табиғат пен өнердің нағыз қиялдағы көрінісін ашуға тырысамын, ол бәрін ә дегеннен жап-жақсы етіп жіберу үшін, өнер жайлы баршаға мәлім әлдебір шындықты соға салғанында, менің тістерім шықырлап кетеді.

16 маусым

Иә, мен тек саяхатшы, жер бетіндегі кезбе ғанамын! Сендердің нелерің артық?

18 шілде

Менің қайда кеткім келеді? Саған сенгендіктен ғана айтайын. Осында әлі он төрт күнге қала тұрамын, ал одан соң ... дегі кен орнына барамын; түптеп келгенде мұнда тұрған түк те жоқ, мен тек Лоттеге қайтадан жақынырақ болғым келеді, бар болғаны осы. Өз жүрегімнің қалауына күле тұра оны орындаймын.

29 шілде

Жоқ, бәрі жақсы! Бәрі де жақсы! Мен оның күйеуімін! О, жаратқан құдайым-ау, егер сен маған осы бақытты сыйлаған болсаң, бар өмірім үзіліссіз жалбарынумен өтер еді. Менің жанжалдасқым келген жоқ, кешір көз жасымды, кешіре көр орынсыз тілегімді! Ол – менің әйелім! Күн астындағы ең сүйікті жанды құшағыма алсам ғой. Альберт оның сұлу мүсініне жанасса, Вильгельм, менің бүкіл өне бойым дірілдеп қоя береді.

Менің мұны айтуға құқым бар ма? Неге айтпасқа, Вильгельм! Ол одан гөрі менімен бақыттырақ болған болар еді! О, ол оның жүрегінің бар қалауын орындайтын адам емес. Оған сезімталдық жетіспейді, бұны қалай түсінсең де өзің біл; сүйікті кітаптың менің жүрегім мен Лоттенің жүрегі бірге соғатын жерінде, біздің үшінші біреудің іс-әрекеті жайлы пікірімізді білдіруімізге тура келген кезінде, басқа да жүздеген жағдайға байланысты, ол бар ынта-жігерімен пікірін айта алмайды. Сүйікті Вильгельм! Оның есесіне ол Лоттені бар жан-тәнімен сүйеді, ал ондай махаббат қандай болса да сый-құрметке лайық! – Бір беймаза адам менің жазуымды үзіп жіберді. Көз жасым кеуіп кетті. Көңілім бөлінді. Қош бол, сүйіктім менің!

4 тамыз

Жалғыз менің ғана жағдайым бұлай емес. Барлық адамдардың үміттері қол жеткізбей, арман-мұраттары алданады.

Мен жөке ағашының астында кездестірген, өзім жақсы көретін әйелге бардым. Үлкен баласы алдымнан жүгіріп шықты, оның қуанышты айғайынан, жүзінен әбден қажып, қалжырағаны бірден көрініп тұрған шешесі шықты. Оның алғашқы сөзі мынау болды: «Қымбатты мырза, ах, менің Гансым қайтыс болды!» Ол оның балаларының ең кішісі болатын. Мен үндемей тұрып қалдым. «Ал күйеуім,— деді ол, — Швейцариядан қайтып келді, ештеңе де әкелмеді, егер жақсы адамдарға кездеспегенде қайыр тілеуге мәжбүр бола жаздапты, жолай ол безгек ауруына шалдығыпты». Мен оған ештеңе де айта алмадым, кішкентайына бірдеңе сыйладым; ол бірнеше алма алуымды өтінді, мен алдым да осынау мұңға толы естелік орнынан кетіп қалдым.

21 тамыз

Менің ішкі дүнием көзді ашып жұмғанша-ақ өзгеретін болды. Кейде маған шынымен өмірдің қуанышты сәті қайтадан елес бергендей болады. Әттең! Тек бір сәтке ғана! – Арманға шомған кей сәттерде, маған ырқымнан тыс ой келеді: егер Альберт өлсе ше? Онда сен боласың! Иә, солай болар еді, ал одан соң мен, өзім зәрем қалмай қорқа бас тартатын, түпсіз тұңғиыққа жеткенімше, осынау сұрқия ойдың артынан қуа беремін.

Қала қақпасынан Лоттені биге ала кету үшін алғашқы жүрген жолға шығамын – ол кезде бәрі мүлде басқаша болатын! Бәрі, бәрі де өтіп кетті! Бұрынғы күндердің ешбір белгісі де, менің ол кездегі сезімімнен де түк қалмапты. Бір кезде кемеліне келген бекзаданың бар тамаша асылдармен сәндеп салдырып, өлерінде сүйікті ұлына үлкен үмітпен тастап кеткен, енді өртеніп, қирап қалған камалға қайтып келген әруақтың рухы өзін қалай сезінсе, мен де өзімді солай сезінемін.

3 қыркүйек

Мен кейде қалай ғана оны басқа біреудің сүйе алатынын, сүюге дәті баратынын түсіне алмаймын, өйткені мен тек жалғыз оны ғана жанымдай, ес-түссіз сүйемін, одан басқа ешкімім де жоқ, ешкімді танымаймын, білмеймін де!

4 қыркүйек

Иә, өмір дегенің осындай. Табиғат күзге қарай ауысты, менің ішкі дүниеме де, айналама да күз келеді. Менің жапырақтарым сарғая бастайды, ал көрші ағаштардың жапырақтары түсіп те қалыпты. Саған осында келе салысымен бір шаруа бозбала жайлы бірде жазбап па едім? Вальгеймде оны қайта сұрап іздестірдім; жұрттың айтуынша, ол жұмысынан қуылса керек, ал мұнан басқа ол туралы ешкім ештеңе білмейді. Кеше оны басқа тұраққа баратын жолда кездейсоқ кездестірдім де сөйлестім, оның айтқан әңгімесіне хатты тебірендім, саған қайталап әңгімелеп берсем, тез-ақ түсінесің. Бірақ осының бәрінің қажеті не? Мен өзімді шошытатын әрі жанымды ауыртатын жайды неге өзімде ғана жасырып қоймаймын? Неге сені де қайғыртамын? Неге саған үнемі өзімді аяуға және сөгуге сылтау тауып беремін? Солай-ақ болсын, мүмкін бұл да менің пешенеме жазылғаны шығар!

Ептөп сағы сынғандай болып көрінген жігіт менің сұрақтарыма, алдымен көңілсіздеу кейіпте жауап берді; бірақ тез арада ол өзіне өзі келіп, мені де тани бастаған кезде тез ашыла түсті, өз қатесін түсініп, маған бақытсыздығын айтып шағынды. Достым, менің, оның әрбір сөзін сенің алдында таразыға салуға шамам келер ме! Ол естегіні қайта жаңғыртудың бір түрлі рахаты мен бақытына бөлене отырып әңгімеледі; өзінің айтуынша, қожайын әйеліне деген құштарлығы күн өткен сайын арта түсіп, ақыры ол өзінің не істеп, не қойғанын, қайда барып сиярын білмеptі. Жігіт ас-су ішуден де қалады, ұйықтай да алмайды, ішкені тамағынан өтпейді, істеуге тиіс емес істерді істейді, бойын бейне бір жын-шайтан билеп алғандай, өзіне не тапсырылғанын ұмытып қала беретін болған, бір күні әйелдің жоғарыдағы қорада екенін біліп, артынан барады, иә дұрысы, оның артынан оны біреу тартқандай болыпты. Әйел өтінішіне құлақ аспаған соң, ол оны күшпен алғысы келеді; қалай болғанын, құдай өзі куә болсын, ол өзі де білмейді, оның әйелге деген ойы үнемі адал болыпты және үйленіп, бар пейілімен онымен өз өмірін өткізуден басқа ештеңені тілемесе керек. Ол бірталай уақыт сөйлеген соң, бейне бір тағы да бірдеңе айтқысы келетін, бірақ оны айтуға батылы бармайтын кісіше тоқтап қала

берді; ақыры ол ұяла, қызара отырып, әйелдің оған болмашы еркіндік беріп, онымен араларында кейбір жақындыққа рұқсат еткенін мойындады. Жігіт екі-үш мәрте сөзін бөліп, өзінің бұны әйелге жаманат келтіру үшін айтпағанына қайтадан ант берді, айтуынша, әйелді әлі де бұрынғысынша сүйеді әрі бағалайды, ол мұны маған тек өзінің тіпті де жаман ақымақ адам емес екендігіне көзімді жеткізу үшін айтқан көрінеді, әйтпесе бұндай сөз ешқашан да аузынан шықпаған болар еді.

– Ал осы жерде, қымбаттым, мен өзімнің ескі әуенімді, мәңгі айтып өтетін әуенімді қайта бастадым: саған, алдымда сол жігіттің қалай тұрғанын, әлі де тұрғанын, көз алдына елестеттіре алармын ба?! Мен саған бәрін, өзімнің оның тағдырына қалай ортақтасқанымды, ортақтасуға тиіс екенімді, дұрыстап айтып жеткізе алармын ба! Жетер, тек сен ғана мені де, менің тағдырымды да, мені бүкіл бақытсыздыққа, әсіресе, мына сорлыға ненің тартатынын өте жақсы білесің.

Хатты қайтадан оқып шыққанда барып мен әңгіменің, түсінуге оп-оңай болатын аяқ жағын айтуды ұмытып кеткенімді көрдім. Ол әйел қарсыласады; бұған оның бозбаланы бұрыннан-ақ жек көретін, осы үйден кетуін қалайтын бауыры араласады. Себебі ол, әпкесі жаңадан үйленсе, мұра оның балаларына тиеді деп қорқатын, ал қазір оған, әпкесі баласыз болғандықтан, үміт етуге болады ғой; анау қызметшіні бірден үйден итеріп шығарады. Бұл жайдан шыққан шудың өршігені сондай, егер тіпті әйел өзі қаласа да оны қайта ала алмастай етеді. Қазір ол әйел тағы да бір басқа қызметші алса керек, жұрттың айтуынша, әйел ол үшін де бауырымен шатақтасып қалатын көрінеді, жұрттың анық айтуына қарағанда, ол оған үйленетін көрінеді, бірақ менің танысым бұған төзбеске әбден бекінсе керек. Саған айтқанымның бәрі не асыра, не кемітіле айтылған жоқ, мен бұл оқиғаны нашар айттым деуіме әбден болады: мен оны кәдімгі жаттанды адамгершілікпен, күнделікті таптауырын сөздермен баяндағандықтан нашарлатып, тұрпайы етіп алдым.

Сонымен, мұндай махаббат, осындай сезім, құштарлық ешқандай да ақындық ойдан шығарылған жоқ. Ол, өте таза

түрінде, біз сауатсыз, тұрпайы деп атайтын халықтың қарапайым тобынан шыққан адамдар арасында өмір сүруде. Біз сауаттылар – ештеңеге жарамсыз боп бүлінгендерміз! Сенен өтінерім, бұл әңгімені зор құрметпен оқы. Мен бүгін, осыны жазып отырғанда тынышпын; сен жазуымнан-ақ әдеттегідей қиқы-жиқы, кір-қожалақтық жоқтығын көрерсің. Оқы, сүйіктім менің, және бұны оқи отырып бұл сенің досыңның да тарихы екенін ойлағайсың. Иә, менің жайым осы, осылай болады да, ал менде ана бейшара бақытсызда бар батылдық пен тәуекелшілдіктің жартысы да жоқ, онымен өзімді салыстыруға тіпті батылым да бармайды.

5 қыркүйек

Ол бір шаруаға бола елден келмей қалған күйеуіне қағаз жазып жіберіпті. Ол былай басталыпты: «Қымбаттым, сүйіктім, мүмкіндігінше неғұрлым тезірек келуге тырыс, мен сені қуана-қуана күтудемін». Сол жақтан келген бір жолдасы, Альберт бір жағдайға байланысты жақын арада келе алмас деген хабар әкелді. Қағаз жіберілмей қалып қойыпты да кешкісін менің қолыма түсті. Мен оны оқып шықтым да жымыдым; ол неге күлгенімді сұрады. «Қиял күші дегенің құдайдың неткен сыйы еді, – деп дауыстап жібердім, – мен бір сәтке өзімді бұл маған жазылған деп алдаусыраттым». Ол сөзімді бөліп жіберді, бұл сөз оған ұнамаған сияқты, ал мен үндемедім.

6 қыркүйек

Лоттемен алғаш рет билегенде киген қарапайым көк фрагымды тастау маған қиын тиді, бірақ ол кейінгі кезде мүлдем көнеріп кеткен еді. Оған қоса қайтадан өзіме қайырма жағасы және сары кеудеше мен шалбардың, тура бұрынғысындай етіп, тағы біреуін жасатып жатырмын.

Бұл, әрине, маған айтарлықтай әсер де етпейді. Білмеймін, менің ойымша, уақыт өте келе бұл да маған өте қиын болатын шығар.

12 қыркүйек

Ол Альбертті әкелу үшін бірнеше күнге кеткен болатын. Бүгін оның бөлмесіне кіргенімде, Лотте алдымнан шықты, мен оның қолын айрықша қуана сүйдім.

Бір шымшық айнадан оның иығына ұшып келді. «Жаңа дос, – деді де, ол шымшықты қолына қондырды, – бұл менің кішкентайларымның ойлап тапқандары ғой. Өзі сондай сүйкімді! Қараңызшы! Мен нан берген кезде ол қанаттарын қағып, өте бір сүйкімділікпен шоқиды. Қараңызшы, ол әуелі мені сүйеді де!».

Ол торғайға ернін тосқанда өзіне берілген ләззатты, бар бақытты сезгендей-ақ, торғай тәтті еріндерге ерекше сүйкімді түрде жабыса түсті.

– Ол сізді де сүйсін, – деді де Лотте торғайды маған берді. Тұмсық оның ернінен менің ерніме жол тартты, ал шоқығаны тура бір ишара, махаббатқа толы рахаттың белгісі сияқты көрінді.

– Оның сүйісінде ашқарақтық бар, – дедім мен, – Ол тамақ іздеп жүр және бос еркелетуге қанағаттанбайды. – Ол менің аузымнан тамақ та жейді, – деді ол. Ол оған күнәсіз тілегі бар махаббаттың қуанышынан рахаттана күлімдеп, ернімен бірнеше нанның қиқымын ұсынды.

Мен бетімді бұрып әкеттім. Ол бұлай етпеуі керек еді! Менің қиялымды, арман-мұратымды осы бір періштедей пәктікпен, бақытпен еліктірмеуі, менің өмірге деген немқұрайлылық тербеткен жүрегімді ұйқыдан оятпауы керек еді!

– Ал неге оятпасқа?– Ол маған сондай сенеді! Менің өзін қалай сүйетінімді ол біледі!

15 қыркүйек

Вильгельм, өмірде жер бетіндегі әлі де болса қадірі бар, аздаған заттарды бағалап, сақтауды білмейтін адамдардың бар екендігі қитығыма тиеді. Өзің білетін жаңғақ ағаштары ше, ақпейіл пастор Шт...кінде Лоттемен бірге саясында отырған, тамаша жаңғақ ағаштары! Құдай біледі, олар үнемі ұшан-теңіз жан рахатына бөлеуші еді! Олар пастордың ауласын сондай жанға жайлы әрі салқын ететін! Ал бұтақтары неткен тамаша еді! Және оларды бұдан көп жылдар бұрын отырғызған адал

марқұмдар жайлы естеліктер ше! Оқытушы өзінің атасынан естіген бір есімді бізге жиі айтатын, ол бір сондай ақпейіл, жақсы адам болса керек, ағаштардың астында отырып, ол туралы ойлау мен үшін әрқашан жағымды еді. Мен саған айтайын, кеше біз ағаштар туралы сөйлескенімізде, оқытушының көзінде жас тұрды, оларды кесіп тастапты! Ашу-ызадан жарылып кете жаздадым, оларға жарақат салған итті өлтіріп тастағым келді. Егер менің ауламда сондай қос ағаш өсіп тұрып, олардың бірі жасы жеткендіктен семіп қалған болса, онда мен аза тұтқан болар едім, ал енді бәрін де көруге мәжбүрмін. Қуанышым-ау, оның біреуі әлі бар ғой! Адам сезімі дегенінді қойсаңшы бұл! Бүкіл жұрт күнкілдеуде, ал мен болсам пастордың әйелі өз жұртына қандай жарақат салғанын май мен жұмыртқалардан және басқа да тартулардан сезінетініне үміттенемін. Себебі бұны істеген сол ғой. Жаңа пастордың (біздің қартымыз қайтыс болып кеткен болатын) әйелі, қатып-семіп қалған аурушаң біреу. Ол өмірде не болып жатқанына немқұрайды қарайды, өйткені оны іштартып жатқан ешкім жоқ. Оқымысты болып көрінгісі келетін бір ақымақ неме діни қағидаларды қайта қарауды сөз етіп, христиандықтың жаңа бағыттағы адамгершілік сын реформациясымен жатпай-тұрмай айналысқансиды. Ал Лаватердың⁴ әуестігі жайлы иығын қикандатқаннан басқа ештеңе білері жоқ, оның денсаулығы әбден құрып біткен. Сондықтан да ол құдайдың жарық дүниесінен еш рахат көре алмай келеді. Менің жаңғақ ағаштарымды кесу осындай бір пенделерге ғана тән. Байқадың ба, өз-өзіме келе алмай отырмын. Көз алдына елестетіп көрші, түскен жапырақтар оның ауласын былғап, сасытады, ағаштар оған күн сәулесін түсірмейді, ал жаңғақтар піскенде балалар оған тас лақтырады екен, ал ол бұның жүйкесіне тиеді-мыс, ол Кенникот⁵, Земмлер⁶, Михаэльді⁷ бір-бірімен салыстырып отырған кездегі терең ойларына кедергі келтіретін көрінеді. Ауылдағы кісілердің, әсіресе қариялардың риза еместігін көргенімде: «Бұған неге жол бердіңдер?» – дедім. – Осындағы тұрақ басшысы солай еткен соң, біз не істей аламыз? Бірақ әділдік бар ғой. Тұрақ басшысы мен өзінің шегіртке әйелінің қылықтарынан шекесі қызбай жүрген пастор не істегісі

келген десеңші, оны өзара бөлісіп алуды ойлайды; сол кезде бұны әкімшілік мекемесі біліп қойыпты да: «Бері әкеліңдер!» – депті. Себебі әкімшіліктің пастор ауласының ағаштар тұрған бөлігіне әлі де бұрыннан бергі таласы бар еді, сондықтан да оны саудалап сатып жіберіпті. Сонымен, әні, олар жатыр! Өттең, мен патша болсам ғой! Пастордың әйеліне, және әкімшілік мекемеге –Жоғары мәртебелі! – Иә, егер мен жоғары мәртебелі болсам, елімдегі ағаштарға қайдан қабырғам қайыссын!

10 қазан

Мен тек оның қара көздерін көрсем болды, жадырап сала беремін! Қарашы, мені қобалжытатыны, Альберт өзі үміттенгеніндей, онша бақытты емес сияқты – мен сияқты – болайын деп ойлаған едім – егер – Мен көп сызықшалар қоюды ұнатпаймын, бірақ бұл жерде басқаша жеткізе алмаймын – ал, меніңше, әбден анық сияқты.

12 қазан

Оссиан менің жүрегімнен Гомерді ысырып шығарды. Мені қандай таңғажайып әлемге жетелеп апарарды десеңші осынау алып!

Буалдыр тұманда, әкелер рухына жетелейтін жарқыраған ай жарығында айнала боранды жел соғып тұрған шақта жазықтарды араласа ғой. Таудан бері келетін орман арасындағы сарқыраманың гүрілінен, әруақтардың үңгірлерінен жартылай естілетін ыңырсуларды және де өлгенді жоқтап жылаған қыздың әбден мүк басып, шөп өсіп кеткен сүйіктісінің құлпытасы басындағы жоқтауын тыңдаса ғой! Мен содан соң ел кезіп, ұлан-ғайыр далада әкелерінің басқан іздерін іздеп жүрген, шашы бурыл тартқан жыршыны тапсам, ах! Олардың құлпытастарын тауып алып, еңірей, дөңгеленген теңізге барып жасырынған, кешкі аспанның сүйкімді жұлдыздарына қарайды, ал батыр кеудесінде өткен күндер оқиғалары қайта тіріледі, ержүректерге қауіп-қатер төнген кезде және олар жеңіспен қайта оралғанда, олардың гүлмен безендірілген кемесіне ай мейірімді сәулесін шашады.

Оның маңдайынан терең қайғыны оқимын, таңғажайып ұлылардың ең соңғы тұяғының жалғыздықтан әбден қалжырап көрге қарай теңселе басып бара жатқанын көремін, ол туғандарының тәнсіз көлеңкелерінің келгенінен жаңа, күйдіре қинайтын қуаныштарды бойына сіңіре, суық жерге, шайқалған биік шөптерге қарап, айқай салады: «Келеді, мені әрлі кезімде білген сол кезбе келеді де сұрайды: Фингалдың тамаша ұлы, жыршы кайда? Оның өкшелері менің мүрдемді басып тұр, ол мені жер бетінен бекер іздеп жүр». О, достым! Менің де осынау бір ізгі қару асынушыға ұқсап, қылышымды жалаңаштап, өз мырзамды біртіндеп өлудің құрысып-тырысуы көп қиыншылығынан бірден құтқарғым, әрі сол жартылай құдайдың соңынан өз жанымды да жібергім келеді.

19 қазан

Ах, осы бір бос қуысты-ай! Кеудемдегі осы бір жиіркенішті бос қуысты-ай! Егер сен оны тек бір рет қана, тек бір рет қана мына жүрекке қыса алсаң ғой, мына бүкіл бос орын толған болар еді-ау деп жиі ойлаймын.

26 қазан

Иә, бұған менің көзім ап-анық, барған сайын анығырақ жетеді, сүйіктім! Бір пенденің тіршілік етуінен келіп-кетер нәрсе аз, мүлде аз. Лоттенің үйіне бір жолдас қызы келді де, мен көрші бөлмеге кітап алайын деп бардым, бірақ оқи алмадым, одан соң жазайын деп қалам алдым. Мен олардың ақырын сөйлескендерін естідім; олар бір-біріне болымсыз нәрселерді, қала жаңалықтарын: біреудің қалай үйленгенін, енді біреудің қандай науқас екенін айтып отырды.

«Ол құрғақ жөтеледі, бетінің сүйектері шығып тұр, әрі есінен танып қала береді; оның өмірі қыл үстінде тұр-ау», – деді ана қыз. «Н. Н. – да тіпті ісіп кетіпті», – деді Лотте. – Ал ұшқыр қиялым мені сол бір бейшаралар төсегінің жанына ауыстырды, мен олардың қандай жиіркенішпен өмірден теріс айналғанын көрдім, Вильгельм! Мына әйелсымақтарым бұл туралы жұрт

қалай сөйлесе тура солай сөйлейді – бөтен біреу өлгелі жатыр. – Жан-жағыма бұрылып қарадым да, бөлмені және айналамдағы ілулі тұрған Лоттенің киімдерін, Альберттің қағаздарын, өзім әбден бауыр басып кеткен мынау үй жиһаздарын, тіпті мына сия сауытқа шейін, көрдім де ойға кеттім: Қарай гөр, сен бұл үйге кімсің? Бәрімін. Достарың сені құрметтейді! Сен оларды жиі-жиі қуантасың және сенің жүрегіңе оларсыз өмір сүру мүмкін емес сияқты көрінеді, әйтсе де, егер сен кетсең ше, егер бұл ортаны тастап кетсең, олар сезіне ме екен, сенің жоктығыңнан пайда болатын мына бос қуысты олар қай кезге дейін сезінер еді? Қанша уақытқа дейін? О, адам дегенің сондай аумалы-төкпелі ғой, ол өз тіршілігін қай жерде шынымен орнықтырса, ол да сонда, сол жерде, оның бар екендігі жайлы естеліктерде, сүйіктілерінің жадында, жалғыз шынайы пікір пайда болады, тіпті онда да ол өшуі мүмкін, жоғалуы мүмкін және өте тез арада!

27 қазан

Адамдардың бір-біріне қадірі өте аз болатындықтан, мен өз көкірегімді жиі парша-парша етіп айырып, басымды мылжалап тастағым келеді. Ах, мен ол жаққа алып бармаймын, махаббат, қуаныш, мейірім мен ләззатты маған басқа біреу бере алмайды, ал шат-шадыман бақытқа толы бар жүрегіммен алдымдағы суық әрі әлсіз басқа біреуді бақытты ете алмаймын.

Кешкісін

Менің қабілетім арта түседі, бірақ оған деген сезім барлығын жұтып қояды; менде көп жақсы қасиеттер бар, ал онсыз маған бәрі де түкке тұрғысыз.

30 қазан

Оның мойнына асыла кетуге жүз мәрте ыңғайландым! Соншама көп әдеміліктің алдында айнала үйірілгенін көре тұра, оны құшақтай алуға құқың болмаудың қаншалықты оңай емес екенін құдіреті күшті құдай өзі біледі; ал әрекет ету адамзаттың

табиғи түйсігінің нәтижесі ғой. Балалар ойына келгеннің бәрін бас салуға құмар-ақ емес пе? Ал мен ше?

3 қараша

Құдай куә! Мен төсекке жатқанымда жиі-жиі қайтып тұрмаспын деп үміттенемін де, қайтадан оянбасам екен деп тілеймін: ал ертеңгісін көзімді ашамын да күнді қайта көріп, бейшара халге түсемін. О, мен құбылмалы мінезді болсам ғой, кінәні ауа райына, басқа үшінші біреуге, бір орындалмаған іске ысыра салған болар едім, онда өкініштің адам төзгісіз ауыр жүгінің тек жартысы ғана мені жаншыған болар еді. Мен қасіреттімін! Мен кінәнің тек жалғыз өзімде ғана екенін анық сеземін, кінә емес! Жетер, ішімде бұрынғы ұшан-теңіз бақыттың бұлақ көзінің орнында енді сордың қайнар көзі жасырынып жатыр. Бір кезде сезім дариясында қалқып жүрген, әр аяқ басысым жұмақ болған, бүкіл әлемді махаббатпен құшағына алатын жүрегі бар мен баяғы өзім емеспін бе? Қазір сол жүрек өлді, ол енді ешқашан еш нәрсеге таңданбайды, көздерім құрғаған, ал менің дәтке қуат беретін көз жасы арқылы бекіне, қатая алмайтын ақыл-ойым қалтырай қорқып, маңдайымды айғыздайды. Көп қайғырамын, себебі өмірімнің жалғыз рахаты болған, айналамдағы әлемді, тіршілікті жасаған құдіретті күшті жоғалтып алдым; ол бітті! Тереземнен сонау алыс төбелерге көз саламын, ертеңгі күннің сәулесі төбелерден бері қарай тұманды жарып өтіп, тып-тыныш көкорай шалғынды аялағанын, мақпал өзеннің жапырақты жөке ағашының арасымен маған қарай ирелендей аққанын көремін.

О! Мына тамаша табиғат көз алдымда бейне бір жалтыраған бояулы суреттей соншалықты көз тартып тұрғанмен, ол бар рахат пен бақыттылықтың бір де бір тамшысын жүрегімнен санама жеткізе алмайды, ал мен болсам тұла бойым құдай алдында бейне бір суалған құдықтай, тура құрғап қалған шелектей қаңсып тұрмын. Мен құдайдан төбесіндегі аспанының жердің апшысын қуырып, аңқасын кептіріп жатқанда, жауын сұраған егінші құсап жаратушыдан талай рет жер бауырлап көз жасын сұрадым. Бірақ

амал не! Құдайдың жаңбыр мен күн сәулесін біздің құлшына жалбарынуымызға бермейтінін сеземін, ал еске түскен сайын мені қинайтын сол бір шақтар неге ғана сонша бақытқа толы болды екен?! Себебі мен оның мейірім шуағының, рахымының түсуін шыдамдылықпен күттім, оның үстімнен құйған барша рахатын іштей ризалықпен, жүрегіммен қарсы алған болатынмын.

8 қараша

Ол менің шыдамсыздығымды бетіме басты! Ах, соның өзін қандай сүйкімділікпен айтты десеңші! Менің ұстамсыздығым – кейде бір шыны шарапқа алданамын деп, бір құты шарапты ішкендігім. «Бұлай етпеңіз! – деді ол, – Лоттені ойлаңыз!» – «Ойлау, – дедім мен, – сіздің маған мұны айтуыңыздың не қажеті бар еді?! Мен ойлаймын! – Мен ойламаймын! Сіз үнемі менің жадымдасыз. Бүгін мен сіз жақында күймеден түскен жерге отырдым». – Ол менің әңгімемді ары қарай тереңдетпес үшін басқа бірдеңе жайлы сөйлеп кетті. Қымбаттым! Мен біттім! Ол не қаласа, маған соны істей алады.

15 қараша

Рахмет саған, Вильгельм, шын жүректен жаның ашығанына, жақсылық ойлаған ақылыңа рахмет, сенен тынышталуыңды өтінемін. Мен ақырына дейін көнейін, қанша шаршасам да, әлі де ақырына дейін жетерлік күшім бар. Мен дінді қадірлеймін, сен оны білесің, сезуімше, ол әлсірегенге таяныш, өмірден күдер үзгендерге қуат береді. Тек қана – ол, кез келгенге осылай бола ала ма, болуға тиіс пе? Егер, сен байтақ әлемге қарасаң, онда сен оның әрдайым ондай болмағанын, болмайтынын да сан рет көрер едің. Бұл уағыздау ма, әлде уағыздамау ма, ал дін маған үнемі сүйеу болуға тиіс пе? Құдайтағаланың өз ұлы¹⁰ айтпай ма, оныменен тек оған әкесі бергендер ғана болатынын? Егер мен оған берілмеген болсам ше? Жүрегім сездіреді, құдайтағалам мені өзі үшін сақтағысы келетіндей? Өтінемін сенен, бұны жаңсақ түсінбегейсің; осы бейкүнә сөздерде титтей де кекесін

бар екен деп ойлама, бұл сенің алдыңа жайып салған менің бүкіл жан-дүнием; болмаса мен үндемей-ақ қойғым келіп еді: несіне мен осының бәрін айтып құлықсыз сөздерімді шығындаймын, кез келген адам маған қарағанда бұл туралы тіптен аз біледі ғой. Өзіне тиесілі қайғы-қасіреттің әбден зардабын тарту, түбіне дейін тауысып ішу – адам тағдыры емей немене? – Ал көктегі Құдайтағаламның ыдысы адам атаулының ерніне¹¹ тым ащы көрінсе, ол маған тәтті болғандай-ақ неге мен көкірек керіп, тәлімсуім керек? Ал менің бар болмыс-тіршілігім өмір мен өлім арасында діріл қағып тұрған қорқынышты сәтте, өткен шақ тура буалдыр тұңғыықтағы бір ұшқын сияқты жақындай түсіп, айналамдағының бәрі өліп, әлем менімен бірге құрдымға кетіп бара жатқанда, мен не үшін ұялуға тиіспін. Бұл өз-өзінен әбден титықтап, әлсіреген әрі тоқтаусыз төмен құлдилап құлаған пенденің ішкі түкпіріндегі бостан-бос еркіндікке ұмтылған күшінің сиқырлаған даусы емес пе: «Құдайым-ау! Құдайым-ау! Неге сен мені қалдырдың!¹²» Мен осы көтеріңкі дауыс үшін ұялуға тиіспін бе, аспанды бейне бір орамалдай-ақ ширатқан, ол да құтыла алмаған осы сәттен мен қорқуға тиіспін бе?

21 қараша

Ол өзінің де, менің де түбіме жететін у даярлап жатқанын көрмейді де, сезбейді де; ал мен болсам, ол ажалыма бола ұсынған бокалды ерекше ләззатпен тауыса сімірудемін. Оның жақсы көз қарасы нені білдіреді, мені ол жиі-жиі – жиі? – жоқ, жиі емес, әйтсе де кей-кейде менің сезімімнің еріксіз көрінісін қабылдай алатындай қайырымдылықпен қарайды, неліктен оның жүзінен менің қайғы-қасіретіме деген аяушылық көрініп тұрады?

Кеше кетіп бара жатқанымда, ол маған қолын беріп жатып былай деді: «Қош бол, сүйікті Вертер!» – Сүйікті Вертер! Бұл оның мені сүйікті деп алғашқы рет атауы, бұл жай іші-бауырымды елжіретті. Мен оны жүз мәрте қайталадым, ал кеше түні ұйықтауға жатайын дегенімде, өзімнен-өзім әр нәрсені бір

шаттым, сөйттім де аяқ астынан былай дедім: «Қайырлы түн, сүйікті Вертер!» – одан кейін тіпті өзіме өзім күліп жібердім.

22 қараша

«Оны маған берші!» – деп, мен жалынып-жалбарына алмаймын: сонда да ол жиі-жиі мендік сияқты болып елестейді. Мен: «Оны маған бер!» – деп жалбарына алмаймын, себебі ол басқа біреудікі. Өз қасіретімді кекетіп данышпансимын, мен өзімді шектемеген болсам, салыстырулар мен теңеулерге шек болмас еді.

24 қараша

Менің қиналатынымды ол сезеді. Бүгін оның көзқарасы жүрегіме терең бойлады. Мен Лоттенің жалғыз отырғанының үстінен түстім; ол маған ештеңе демеді, тек қарады да қойды. Мен оның бойынан ешқандай да асқан сұлулықты, тамаша ақыл жарқылын көре алмадым; бұның бәрі де көз алдымда ғайып болды. Маған іштей түсіністік, тәтті жанашырлыққа толы әлде бір тамаша көзқарас терең әсер қалдырды. Неге мен оның аяғына жығылуға тиіс емеспін? Неге менің оның тамағынан мың мәрте сүйіп, өбу арқылы жауап беруіме болмайды? Ол қорғанышты күйсандықтан тапты, ойнай отырып, нәзік те баяу дауыспен жайлап қана қосылды. Ешқашан оның еріндерінің бұндай әдемі болғанын көрген емеспін; еріндері шөлікпей ашылып, аспаптан құйылған сол бір тәтті әуезді ұрттағысы келетіндей, тек ғажайып үн ғана күнәсіз ауыздан кері шалқитындай. Иә, саған мұны айтып жеткізе алсам ғой! – Мен ұзақ шыдай алмадым, иілдім де ант еттім: Тәңірі рухының арайы бар еріндерді сүюге ешқашан батылым бармас-ау!...Әйтсе де менің тілегім... Ха! Көремісің, тура менің жанымның алдында кедергі қоршау тұрған сияқты мына бақытқа қол созып, одан соң ол күнәні жуып-шаю. Күнә ме?!

26 қараша

Кейде өз-өзіме былай деймін: – Сенің тағдырың дара да жалғыз, ал басқалар бақытты сияқты, бүйтіп әлі ешкім де

қиналмаған болар. Мен бір ертеректегі ақынды оқысам болды, өз жүрегімнің тереңіне үңілгендей боламын. Мен соншалық көп шыдадым! Ах, менен бұрын да адамдар осыншама бақытсыздықты бастан кешті ме екен?

30 қараша

Мен өз-өзіме келмеуім керек, мен солай етуге тиіспін! Қайда кірсем де төзімді тауысатын бір оқиға қарсы алдымнан шыға келеді. Бүгін! О, тағдыр-ай! О, адамзат!

Түскі ас кезінде судың жағасына қарай келе жаттым, ас ішуге еш зауқым болмады. Бәрі қаңырап қалғандай, кешкі дымқыл суық жел таудан бері қарай үрлей соғып тұрды, сұрғылт бұлттар жазықтыққа қарай жылжып барады. Алыстағы шатқалдардың арасынан айнала еңбектеп, емдік шөп іздеп жүрген, сұрқай жасыл киімді адамды көрдім. Мен оған жақын келгенімде, аяқ сыбдырымды естіп бері бұрылды, жүзінен кемел ақыл-ойы көрініп тұрғандай. Қызық, оның бет-әлпетіне тұнған қайғы анық көрінгендей, қара шашы екі буда етіліп түйреуішпен түйреліпті, ал қалғандары жуан бір бұрым болып өріліп, арқасында салбырап тұр. Киім киісіне қарағанда ол төменгі таптан шыққан сияқты болып көрінді, оның немен айналысып жүргенін сұрасам маған ренжімес пе екен деп ойлады, содан соң одан не іздеп жүргенін сұрадым. - Мен гүл іздеп жүрмін, – деді ол терең күрсіне, – бірақ бірде-біреуін таба алмадым. – Бұл гүл өсетін мезгіл де емес қой, – дедім жымия. – Гүлдердің түрі өте көп қой, – деді ол маған қарай төмен түсіп келе жатып. - Менің бағымда раушан мен ырғайдың екі түрі бар, біреуін маған әкем берген болатын, олар тура арам шөптей өседі; екі күннен бері соларды іздеудемін, бірақ таба алмай жүрмін. Осында далада да неше түрлі гүлдер өсетін, сары, көк, қызыл, ал толғақшөптің әдемі гүлі болушы еді. Ешқайсысын таба алмадым.

Мен қорқынышты бірдеңені байқадым, сондықтан да орағыта сұрадым: – Сіз гүлді қайтпек едіңіз? – Оның беті бір таңғаларлық, діріл қаққан жымыспен әжімденіп кетті. – Егер сіз мені сатпайтын болсаңыз, айтайын, – деп

саусағын аузына тақады, – мен қымбаттыма гүл шоғын сыйлауға уәде етіп едім. – Бұныңыз жақсы екен, – дедім мен. – О, – деді ол, – Оның басқа да көп заттары бар, ол – бай. – Әйткенмен де ол сіздің гүл шоғыңызды артық көретін шығар, – деп қосып қойдым мен.

– О, – деп ол сөзін әрі қарай жалғастырды,– оның тәжі мен асыл тастары бар.

– Оның аты кім сондай-ақ?

– Егер маған бас штаттар ақы төлегенде ғой,– деп ол сөзін ары жалғады, – мен басқа адам болған болар едім! Иә, менің де жұлдызды сәттерім болған! Ал қазір мен біттім. Мен енді... – аспанға жасаурай қараған көзқарас бәрін де аңғартты.

— Сіз сөйтіп бақытты болған екенсіз ғой? – деп сұрадым мен.

— Ах, менің қайтадан сондай болғым келеді, қайтадан сондай болар да едім! – деді ол. – Ол кезде менің өмірім сондай жақсы болып еді, көңілді, тура бір судағы балықтай тіпті жеңіл еді!

– Генрих, – деп айғайлады жолдан бері бұрылған бір әйел, – Генрих, сен қайда тығылып жүрсің? Сені іздемеген жеріміз жоқ, тамаққа жүр!

– Мынау сіздің ұлыңыз ба? – деп сұрадым мен оған жақындай бере.

– Иә, менің сорлы ұлым! – деп сөзін жалғады әйел. – Құдайтағала менің мандайыма ауыр тағдырды жазыпты.

– Ол қашаннан бері мұндай күйге түсті? – деп сұрадым мен.

– Оның бүйтіп тынышталғанына жарты жыл болды. Құдайға шүкір, тынышталды, осыдан бір жыл бұрын ол құтырынып кеткен еді, ол кезде жындылар үйінде шынжырлаулы жатты. Қазір ол ешкімге ешнәрсе істемейді, тек өңшең корольдар мен патшалар жайлы әңгіме айтады. Жақсы, момын адам болатын, маған көмектесіп асырап тұр еді, көркем жазуымен өз ауқатын өзі табатын, кейін ол бірден күрт тұйық болып, қатты безгекке шалдықты, бара-бара еліруге ұласты, ал қазір енді міне, өзіңіз көріп тұрғандай. Мырза, егер сізге айтуға мүмкін болса»... –

Мен әйелдің төпелеген сөзін сұрақпен үзіп жібердім: «Ол сонша мақтайтын, өте бақытты, сондай еркін болған қандай кезі еді?»

— Ақымақ-ай! – деді әйел аянышты жымыспен, – ол есінен ауысқан кезін айтады, соны үнемі мадақтайды; ол оның жындылар үйінде ес-түсін білмеген кезі ғой. Мені тура найзағай соққандай болды, әйелге ақша ұстата салдым да асыға басып кетіп қалдым.

– Сен сонда бақытты болып едің! – деп айғайлады қалаға қарай тез-тез басып кетіп бара жатып, – сонда саған өмір бейне бір судағы балықтай жақсы болып еді! – Көктегі тәңірім-ау! Ақылы кірмей жатып қайта жоғалуды, бақытсыз болуды адамдардың пешенесіне жазып па едің!? – Бейшара! Мен сенің ақылыңнан адасып, зарыққаныңа, жарыместігіңе қалай қызығамын! Сен ханшайымыңа қыста гүл сыйлау үмітімен дала кезіп жүрсің – және сенесің, бірақ ешқандай гүл таппайсың, неліктен таппайтыныңды түсінбейсің де. Ал мен – мен болсам үмітсіз, мақсатсыз шығып, келген жолыммен кері қайтамын. – Егер бас штаттағылар саған ақы төлеген болса, қандай жақсы тұрған болар едім деп ойлайсың сен. Бақытты жан! Өз бақытсыздығыңды жер бетінің бір кедергісінен көре аласың. Сен сезбейсің! Сен, өз сорыңның быт-шыт болған жүрегінде, өзіңнің ауысқан миыңда жатқанын сезбейсің, ал жер бетіндегі бір де бір король саған қол ұшын бере алмайды.

Ауруды мазақтап, сырқатын үдете түсетін алыстағы бұлақтың соңынан еріп, өз өмірінің соңғы сағаттарын қиындататын адам үмітсіздікпен өлуге тиіс! Жан қасіретін жұлып алып тастау үшін, қысылған жүрегін тыншыту үшін әулие табытқа тәуап ететін бақытсыздан өзін жоғары ұстайтындарды лағынет атсын. Оның әрбір аяқ басысы, қиналған жанға тыныштықтың бір тамшысын сыйлай алады, әрбір өткен күндізгі қиын саяхаттан соң жүрегі жеңілдеп түнде жеңіл ұйықтайды. – Ал өз құс төсектерінде жатып алып, осыны есуастық деп айтуға қақыларың бар ма сендердің, заржақтар? – Есуастық! – О, құдайым! Сен менің көз жасымды көремісің! Неге ғана сен адамды соншалықты бейшара етіп

жараттың, оған қоса саған, саған ғана артатын оның ең соңғы, соңғы жалғыз тал сенімін де ұрлайтын, тасбауыр жандарды берермісің, тәңірім! Себебі бір емдік түбірге, жүзім шырынына сенгеніміздей біз саған сенеміз, біздің айналамыздағының бәріне, бізге үнемі ауадай қажетті, емдік әрі игілік күшін берген, саған деген сенім емей немене? Әке! Мен үшін бейтаныс әке! Бұрын менің бар жанымды қуанышка толтырған, қазір менен бетін бұрып әкеткен әкем! Шақыршы мені өзіне! Жауап қатшы тезірек! Сенің үнсіздігің мына шөліркеген жанға тоқтау бола алмайды. – Ал, қандай адам, қандай әке болса да, күтпеген жерден қайта оралған ұлы мойнына асыла кетіп былай деп айқай салса ашуланған болар еді: – Әке, мен қайтып келдім! Сенің қалауың бойынша ұзақ шыдауға тиіс болған саяхатты үзгеніме ашуланба. Жарық дүние, бейнет пен жұмыс та, барлық жерде де біркелкі, бірақ маған оның керегі не? Маған тек сен қайда болсаң, сонда ғана жақсы, қайғырсам да, рахаттансам да сенің көз алдында жүргім келеді.

– Ал, сен ше, көктегі сүйікті әке, оны өзіңнен қуасың ба?

1 желтоқсан

Вильгельм! Мен саған жазған бақытты сорлы адамым ше, сол Лоттенің әкесінің хатшысы болған екен, оған нәр берген әрі оны қызметтен қуғызып, есінен ауыстырған да Лоттеге деген жасырын, кейін әшкере болған сүйіспеншілігі екен.

Маған бұл оқиғаны, Альберт жайбарақат отырып айтқанда, мүмкін сен де солай оқырсың, оның мені қалай есеңгірете толқытқанын осы құрғақ сөздерден-ақ сезерсің.

4 желтоқсан

Өтінемін сенен, көремісің, мен өлген адаммын, бұдан ары төзе алмаймын! Бүгін мен оның үйінде отырғанымда, иә, отырған болатынмын, ол күйсандықта әр түрлі әуендерді ойнаған-ды, бүкіл әуендері сезімге толы болатын. – Саған не керек осы? Оның кішкентай сіңлісі менің тіземде қуыршағын тазалап отырған. Менің көзіме жас келді. Еңкейіп едім, оның

неке сақинасы бетіме тиді – көз жасым сорғалап кетті. Лотте лезде бұрыннан таныс таңғажайып тәтті әуенге ауысты, менің жаныма жұбаныш сезімі пайда болды, өткен күндер еске түсті, осы әуенді естіген кездер, ал ары қарай түнерген реніш кезеңі, одан соң орындалмаған армандар кезеңі. Мен бөлмеде ары-бері жүре бердім, жүрегімді баураған сезімнен бір сәт тұншығып та кеттім. “Құдай үшін, – дедім мен оған ұмтыла, бірден жұлып алғандай, – құдай үшін, доғарыңызшы!” Ол тоқтады да маған қадала қарады.

«Вертер, – деді ол жанды елжіреткендей жымыспен, – Вертер, сіз өте науқастанып отырсыз, сіздің жақсы көретін асыңыз дәл қазір сізге жақпай отыр. Барыңыз! Өтінемін сізден, тынышталыңыз». Мен атып шықтым – Құдай! Сен менің сорымды көремісің, шек қойсаң етті бұған!»

6 желтоқсан

Осынау бейненің қыр соңыманан қалмауын-ай! Өнімде де, түсімде де ол менің бар жан дүниемді баурап алды! Көзімді жұмсам болды, осынау ішкі жан дүниемде оның қара көздері тұрады. Осында! Мен саған бұны айтып жеткізе алмаймын. Көзімді жұмсам болды, олар осында тұрады, тура бір теңіздегідей, бейне бір тұңғиықтағыдай болып менің алдымда, іші-бауырымда тұрады. Солар менің бар ақыл-есімді жаулап алды.

Адам деген не, жарияға жар салдырған құдай-ау! Қай кезде қажет болса, тура сол жерде қайрат та таптырмай қалады емес пе? Ол қуанышқа шомылса немесе қайғыға батса, нақ сол кезде де ол қайырылмайды, дәл сол мезетте оның тұйық та суық ақыл-есі қайта кірсе, тура сол сәтте де ол түпсіз тұңғиыққа сіңіп кетуді армандай ма?

ОҚЫРМАНҒА БАСПАШЫДАН

Өзіміздің досымыздың соңғы айрықша күндері жайында бізге өз қолымен жазып қалдырған дәлелдері жеткілікті болғанында, оның артына тастап кеткен хаттарының жалғасын басқа ұзын-арқау әңгіме арқылы жалғастыруға мәжбүр болмас едім-ау деп қатты тіледім.

Мен оның басынан кешкен оқиғалары жайында жақсы білетіндерден ауызба-ауыз анық деректер жинауды алдыма мақсат етіп қойдым; бұл оқиға өте қарапайым және бұл жайлы барлық әңгімелер елеусіз деген ұсақ-түйектеріне дейін бір-бірімен іштей байланысады; тек қатынасушы кісілердің пікірлері, көзқарастары ғана әр түрлі, әрі қорытындылары да бөлек-бөлек болып кетеді.

Бізге өз байқағандарымызды, марқұмның артында қалған хаттарын жинақтап және қолға түскен ең титімдей паракқа да мұқият көңіл бөле, ыждаһатпен әңгімелегеннен басқа не қалады; тек жеке оқиғаның, әсіресе ол жәй қарабайыр емес ерекше адамдар арасынан болғандықтан, өзіне тән, шын түрткі болған қозғаушы себебін ашу да өте қиын.

Батылсыздық пен көңілсіздік Вертердің жанына тамырын тереңірек жая түсіп, өзара бір-бірімен қаттырақ айқаса келе, оның бар болмысын бірте-бірте билеп алды. Оның рухының үндестігі түгелдей бұзылып, ішкі ашу-ыза мен құлшыныс табиғатының осы кезге дейін бүкіл жаманшылықпен күресіп келген бар күш-қуатынан айырып, аса жиіркенішті әсер қалдырды. Ақыры оған бұрынғыдан ары қорқақтайтын, тартындырған қажу ғана серік болды. Жүректегі сескеніс оның рухының қалған күшін, ширақтығын, алғыр ойын әлсіретіп, ол бір қайғы тұралатқан әңгімелесушіге айналды, ол неғұрлым бақытсыз болған сайын әділетсіз бола түсті. Альберттің достарының айтуы бойынша, Вертер ең болмағанда осынау таза, байсалды адамның, ұзақ аңсаған бақытына қолы жеткенін және оның осы бақытты келешекте де сақтауға деген ниетін бағалай алмады, ол өзінің бар мүмкіндігін бір-ақ күнде жұта салып, кешкісін жапа шегіп,

жоқшылық азабын тартты. Альберт болса, дейді олар, осы қысқа мерзім ішінде өзгерген жоқ, ол үнемі сол баяғы сырбаз қалпында қалды. Вертерді алғаш танысқан күннен бастап ақ, өте жоғары бағалап, құрметтеді. Ол Лоттені бәрінен де артық сүйетін, оны мақтан тұтатын, оны әркім-ақ жер бетіндегі ең тамаша жан ретінде танып, білсе екен деп тілейтін. Егер ол күмәндану тұрмақ, оның тіпті көлеңкесінің өзінің бетін қайтарғысы келсе, я бір сәтке де өзіне тиесілі қымбатты қазынасын ешкіммен тіпті күнәсіз, пәк түрде де бөліскісі келмесе, оны бұл үшін кінәлауға бола ма? Олар Альберттің, Вертер отырғанда, өз әйелінің бөлмесінен жиі шығып кеткенін мойындайды, бірақ өз досына деген жек көрушіліктен немесе жиреніштен емес, тек әншейін, себебі ол Вертердің өзі отырғанда қатты қысылатынын сезетін.

Лоттенің әкесі науқастанып қалып, бөлмесінен шықпай қалды; ол қызына өз күймесін жіберді де, Лотте сол жаққа кетті. Бұл қыстың бір тамаша күні еді, алғашқы жауған қалың қар бүкіл аймақты жапты. Егер Альберт келмеген болса, келесі күні ертеңгісін Лоттені үйіне шығарып салайын деп Вертер барған болатын.

Ашық ауа райы оның жабырқау жанына болар-болмас қана әсер етті, оның жанын ауыр бір зіл езгілей жаншып жатты. Көкірегінде қайғылы суреттер әбден қонақтап алған еді. Ал жандүниесі бірінен бірі өткен қайғылы ойлардан басқа ешбір қозғалыс, серпілісті сезінбеді.

Өзімен-өзі үнемі араздықта өмір сүрді, әрі оған басқаның да жағдайы тек мазасыздықпен қым-қуыт шатасып жатқандай көрінді; ол өзін Альберт пен оның жұбайының арасындағы жақсы қарым-қатынасқа кедергі келтірдім деп ойлады, осы үшін, іштей күйеуге деген бір жасырын реніш араласа, өзін-өзі сөкті.

Жолда да оның ойы осы жайтқа қарай бөліне берді. «Иә, иә, – деді өзіне-өзі жасырын ғана тістене, – бұл жанға жақын достық әрі нәзік, әрі бәріне жаны ашитын қарым-қатынас тұрғысында тыныш та ұзаққа созылатын адалдық! Бұл тойынғандық пен немқұрайдылық! Оны енді қымбат та сүйікті әйелінен гөрі кез-келген жексұрын іс көбірек тартпай ма? Ол өз бақытын

бағалауды біле ме? Ол оны сыйлауды біле ме, қалай оның бұған еңбегі сіңді? Ол оған ие болды, жарайды жақсы, ол оныкі – Мен, басқа бірдеңені де білгенімдей, мұны да білемін, бұл ойға көндіккен де сияқтымын, ол мені әлі де ашу-ызаға булықтырар, менің әлі түбіме жетер. Ал маған деген достық сезімі сынаққа төтеп берді ме? Ол менің Лоттеге құлай берілгенімді өзінің құқына араласқандық деп санап, менің ықыласымнан Лоттеге деген бір жасырын жазғыруды көре ме екен, әлде? Бәрін де жақсы білемін. Альберттің мені жек көретінін сеземін, ол менің алысырақ кетуімді қалайды, осында болуым оған ауыр тиеді».

Жылдамдата басқан жүрісінен жиі тоқтап, қайтып кеткісі келгендей қайта-қайта кідіріп тұрып қалады; жалғыз өзі алға қарай жүре түсті де, ойлана, өз-өзімен сөйлесе ақыры еркінен тыс аңшы үйіне келіп жетті.

Ол есіктен кірді де, қартты және Лоттені сұрады, үй ішінің әжептәуір қобалжулы екенін көрді. Ең үлкен бала оған төменде, Вальгеймде, бір бақытсыздықтың болғанын, бір шаруаны өлтіріп кеткенін айтты! Бұл хабар оған ешқандай әсер етпеді. Бөлмеге кіргенінде Лоттенің, өзінің науқастығына карамастан, сол жаққа барып, істі болған жерінде тексергісі келген қартты үгіттеп жатқанын көрді. Қылмыскер әлі белгісіз екен, өлікті ертеңгісін есік алдынан тауып алыпты, жұрттың пайымдауынша: өлтірілген адам бұрын басқа бір қызметшісі үйінен қастасып кеткен бір жесір әйелдің қызметшісі екен.

Вертер бұны ести салысымен асыға-аптыға атып шықты. «Мүмкін емес! – деп дауыстады ол, – Менің сонда баруым керек, мен бір сәтке де тыныштала алмаспын». Ол Вальгеймге қарай асықты, ойына бәрі қайта түсті, бұл, өзі кейде сөйлесетін және өзіне сондай қымбат саналатын адамның істеген ісі екеніне ешбір шүбәсі қалмады.

Жұрт денені апарып қойған дәмханаға бару үшін, жөке ағашының арасымен жүруіне тура келді, бұрын тым сүйікті болған жермен жүруден ол қатты қорықты. Көрші балалары жиі-жиі ойнайтын есік алды қанмен былғаныпты. Махаббат пен адалдық, ең тамаша адамдық сезімдер күш көрсету мен өлімге

айналыпты. Шық басқан жуан да үлкен ағаштар жапырақсыз тұр, шіркеудің аласа ауласына толқындана көтерілетін сұлу қоршаулар жапырақсыз қалыпты, ал құлпытастарды түгелдей қар басыпты.

Ол алдына бүкіл жұрт жиналған дәмханаға жақындағанда, аяқ астынан бір айғай естілді. Алыстан қаруланған еркектер тобы көрінді де, біреу: «Қылмыскерді әкеле жатыр», – деп айғайлады. Вертер солай қарады да өзінің бекер сезіктенбегеніне көзі тез жетті. Иә! Бұл, сол жесірді үздіге сүйген қызметші еді, біраз уақыт бұрын ол оны іштей тынған ашу-ызамен, ашынумен осы айналаны жасырын торып жүрген кезінде кездестірген болатын.

«Сен не істедің, бейшара!» – деп айғайлады Вертер тұтқынға қарай тұра ұмтыла. Анау оған жайлап қарады да, үндемеді, бірақ сәлден соң тіпті жайбарақат былай деді: – «Оған ешкім бұйырмайды, ол да ешкімге бұйырмайтын болады». Тұтқынды дәмханаға алып кетті де, Вертер асыға басып кетіп қалды.

Бұл сұмдық, қатыгез әсер оның бар болмысын күйзелтті. Өз қасіреті мен өкініш, ызасынан, немқұрайдылығынан ол бір сәтте-ақ арылды; оны осы адамды құтқаруға деген жанашырлық билеп алды. Ол жігіттің бақытсыз екенін сезінді, өзі оны айыпкер ретінде мүлде күнәсіз деп есептеді, оның жағдайын терең түсінгені сондай, басқаларды да бұған қайткенде де сендіруді ойлады. Оны жақтап сөйлегісі келгені соншалықты, айтар сөзі де тілінің ұшына келді, Вертер аңшы үйіне қарай асықты, жолай өзін-өзі тоқтата алмады, осының бәрін, әкімге айтқысы келгенінің бәрін, жартылай дауыстап айтты да.

Ол бөлмеге кіргенінде Альберттің отырғанын көрді, бір сәтке абыржып та қалды, әйтсе де, тез арада жүрегін басты да әкімге өз ойын құлшына баяндады. Анау бірнеше рет басын шайқады, Вертердің соншама үлкен құлшыныспен, құштарлықпен әрі шын пейілімен, бір адамды кешіру үшін басқа бір адам не айта алатын болса соның бәрін жайып салғанына қарамай, бұл солай болады-ау деп ойлауға оңай болғанмен де, әкімге ешқандай әсер етпеді. Ол көбінесе біздің досымызды аяғына дейін сөйлетпей, оған қызараңдай қарсы сөйледі және оны кайдағы бір жасырын кісі

өлтiргiштi жақтағаны үшiн сөктi; ол Вертерге мұндай жолмен кез келген заңды бұрмаласа, мемлекеттiң бар сенiмдiлiгiн құртатынын, және де бұған, өзiнiң бұндай iсте мойнына ештеңе ала алмайтынын, бәрi өз орнында, заң белгiлеген жолмен болуы керек екенiн қосып қойды.

Вертер әлi де болса берiлмедi, тек егер ана адамға бiреу қашуға көмектесетiн болса, әкiмнiң бейтарап болуын өтiндi. Әкiм оның бұнысын да тойтарып тастады. Ақыры әңгiмеге араласқан Альберт те қарттың жағына шықты; Вертер жеңiлдi де, оған, әкiм бiрнеше рет: «Жоқ, оны құтқаруға болмайды!» дегеннен кейiн азаптана қайғырып жолға шықты.

Оны бұл сөздердiң қаншалықты күйзелткенiн бiз, оның қағаздарының астынан табылған, тура сол күнi жазылған, қолжазбасынан көреміз.

«Сенi құтқаруға болмайды, бақытсызым! Мен бiзге құтылу жоқ екенiн жақсы бiлемiн!»

Альберттiң тұтқын жайында әкiмдiкiнде айтқан соңғы сөзi Вертердi жиiркендiрiп жiбердi: ол бұдан өзiне қарсы әлдебiр кiнәлауды байқағандай болды, және екеуiнiкi де дұрыс екендiгiн жан-жақты ойлай келе санасымен түсiндi, бiр жағынан олардың дұрыстығына келiсiп әрi мойындаса, екiншi жағынан өзi тiптi тiршiлiк мәнiнен бас тартатындай болып көрiндi.

Осыған қатысты, оның қағаздарының арасынан табылған бiр парақ қағаз, мүмкiн оның Альбертке деген бүкiл қарым-қатынасын бiлдiретiн шығар.

«Менiң өз-өзiме, ол адал әрi мейiрiмдi деп, қайта-қайта айтқанымнан не пайда, бұл менiң iшi-бауырымның астаңкестеңiн шығарады; мен әдiл бола алмаймын».

Кеш жылы болатын, жел басталды, жер еруге айналды, Лотте Альбертпен бiрге жаяу қайтып келе жатты. Жолай ол, бейне Вертердiң шығарып салуы жетiспегендей, анда бiр, мында бiр алаңдап қарай бердi. Альберт Вертер туралы сөйлей бастады, оны жазғырды, дегенмен оның жақсы жақтарын да ұмытқан жоқ. Оның бақытсыз құштарлығын да қозғады және егер мүмкiн болса, оны алыстатуды қалайтынын бiлдiрдi. «Мен

мұны екеуміз үшін тілеймін,— деді ол, — Сенен өтінерім, — деп ол сөзін жалғастырды, — оның саған деген қарым-қатынасын басқа бағытқа бұруға, жиі-жиі келуін азайтуға тырыс. Жұрттың көзіне түседі, мен біреулердің осы жайында анда да, мында да айтып жүргенін білемін».

Лотте үндемеді, ал Альбертке оның үндемеуі ыңғайсыз тиді, содан бері ол Вертерді Лоттенің есіне салмады, ал егер Лотте оны есіне алса, әнгімені үзіп жіберіп немесе басқа бірденеге бұрды.

Бақытсыз сорлыны құтқару үшін істеген Вертердің зая кеткен әрекеті сөніп бара жатқан жарық жалынының ең соңғы ұшқыны еді; ол тек барған сайын қасірет пен енжарлыққа тереңдеп бата түсті; әсіресе, өз күнәсін енді жоққа шығара бастаған айыпкерге оны қарсы куәгер ретінде шақыруы мүмкін дегенді естігенде, есінен адаса жаздады.

Вертер өзі жұмыс істеп жүрген кезде кездескен қырсықтың бәрін ойша сарапқа салды, елшіліктегі реніш, сәті түспеген істің бәрі жанын барған сайын жегідей жеді. Осының бәрінен өзінің енжарлығына ақтау іздеді, өзін бар үміті үзілгендей сезінді, күнделікті тіршілік ісімен айналысуға өзін икемсізбін деп есептеді, сөйтіп ол ақыры, өзінің таңғажайып сезімі мен ерекше ой тұңғыығына бата, шетсіз-шексіз құштарлығына мүлде беріле, сүйікті де сүйкімді, өзі тыныштығын бұзған жанмен үнемі біркелкі, мұнды қарым-қатынасты үзбеуге бар күшін сала, үмітсіз, мақсатсыз оның діңкесіне тие барған сайын бір қасіретті шет, шекке жақындай түсті.

Артында қалған бірнеше хаттарында оның абыржулары, қиналыстары, шаршап-шалдығудан ада алға ұмтылысы мен құлшыныстары байқалады, өмірден қажығаны жайлы да ең мықты дәлелдері бар екен, біз енді соларға орын бергіміз келіп отыр.

12 желтоқсан

— Сүйікті Вильгельм, мен жұрт айтатындай, мейірімсіз бір рух айнала қуып жүрген бейшара сияқты халдемін. Кейде

мені не қорқыныш емес, не құштарлық емес, беймәлім бірдене басады – іштей бір белгісіз сезім, кеудемді айырардай күркірей буырқанып, тамағымды сығымдайды. Жаным ауырады! Жаныма батады! Ал ондай кездерде мен мына адамға жайсыздау жыл мезгілінде қорқынышты түнгі далада айнала сенделемін.

Кеше кешкісін далаға шықтым. Аяқ астынан күн жылынып, өзен арнасынан асып, барлық бұлақтар көтеріле ағып, Вальгеймнен бері менің сүйікті жазығымды су қаптап кеткенін естідім. Түнгі сағат он бірден кейін асыға солай қарай кеттім. Құздан төменге қарай ай сәулесімен шағылысып буырқана аққан тасқынды көру өте қорқынышты, егістіктер мен көгалдар, қоршаулар – бәрі, жазық жазира да желдің шуылында ары-бері буырқанған теңіз іспеттес. Қара бұлттардың ар жағында тыным алған ай қайта шыққанда алдымдағы су тасқыны қорқынышты әрі тамаша жарқылға айналып, буырқанып сала береді; сол сәтте бойымда бір діріл мен қайғы тағы да пайда болады. Ах, мен құшағымды жая, терең тыныстай төмендегі құрдымға қарсы қарап тұрдым! Төмен қарай. Бойдағы қиналысымды, қайғы-қасіретімді сонда лақтыру қандай рахатқа батырар еді. Тура толқындар құсап солай қарай зымыраса ғой! О! – аяғымды жерден көтере алмадым, бар күйзелісімді құрта алмадым! Менің өлер уақытым әлі келген жоқ, өзім сеземін оны! О, Вильгельм! Сонау дауыл желімен бірге бұлттарды қақ жару үшін; судың ағынын ауыздықтау үшін қалай қуана-қуана өз болмысымды қиған болар едім! Мүмкін бір рет болса да бұл рахатты бастан кешу қапастағы жанға бұйырып қалмас па екен?

– Мен Лоттемен бірге қыдырған кезде, жөке ағашының көлеңкесінде демалған жерге аса қинала қарадым, – оны да су басып кетіпті, жөке ағашты зорға таныдым! Вильгельм! Ал аңшы үйінің айналасындағы көгал ше, – деп ойладым мен. Біздің сая-орынымыз буырқанған тасқыннан кейін қалай асты-үстіне түскен! – деп ойладым мен. Өткен күндердің сәулесі бейне бір тұтқынның түсіне кірген табын мен көгалдардай ерекше, сый-құрметтей жанымды жылытты. Мен тұрдым! Өзімді өзім сөкпедім, себебі менің өлуге батылым жетеді. Мен бірақ

отынын шарбақ ағаштарынан жинап, нанын қайыр тілеумен табатын, сөніп бара жатқан сүреңсіз тіршілігін әлі де бір сәтке ұзарта, жеңілдете түскісі келген егде әйелдей осында отырмын.

14 желтоқсан

– Бұл не өзі, сүйіктім-ау! Мен өзімнен өзім қорқатын болдым! Менің оған деген махаббатым ең пәк, ең таза, ең бауырмал махаббат емес пе? Бойымда жазаланатындай не тілек болыпты? Менің ақталғым келмейді. Ал оған қоса мына түстер! О, адамдардың табиғаттан тыс күштердің ішкі қарама-қайшылықтарын көргендері расында да шындыққа жанасады!

– Түнде, – мұны айтсам дірілдеп кетемін, – оны кеудеме қыса құшақтап, махаббат сөзін сыбырлаған ерінін тоқтаусыз сүйе бердім, менің назарым оның тұманданған көзқарасымен балки араласты! Құдайым! Қазір де бақытты болуды сезінгенім үшін, өзіме сонау шешек атқан қуаныштарды бар жан-тәніммен қайта шақырғаным үшін жазықтымын ба? Лотте! Лотте! – Мен о дүниелікпін! Ақыл-есім шатасуда, сегіз күннен бері ес жиюға күшім жоқ, көзім жасқа толуда. Маған барлық жерде де әрі жаман, әрі жақсы. Ештеңені тілемеймін, ештеңе талап етпеймін. Кетсем, маған жақсырақ болар еді.

Жарық дүниені тастап кетуге деген шешім сол кезде осындай жағдайлармен Вертердің жадында барған сайын күшейе берді. Лоттеге қайтып келгеннен бері бұл оның соңғы мүмкіндігі де, әрі үміті де болып алды; әйтсе де ол өзіне-өзі, бұл ешқандай асығатын, тым тездететін іс болмауы керек деп уәде етіп еді, ол бұл қадамды ең жақсы дәлелмен ақталатындай, мүмкіндігінше, үйлесімді шешіммен жасағысы келген-ді. Оның күмәні, өз-өзімен жанжалдасуы, сірә, Вильгельмге арнап басталған хат болуы мүмкін. Хат күні жазылмаған күйі оның қағаздарының астынан табылған бір жапырақ қағазға түсіріліпті.

Оның келешегі, тағдыры, маған деген жанашырлығы әлі де өртенген алқымымнан ең соңғы көз жасымды сығып шығаруда.

Шымылдықты көтеріп, оның артына жасырыну! Бар болған-біткені осы! Ал неге қорқақтап, толқимын. Себебі о дүниенің

қандай екенін ешкім білмегендіктен бе? Және ешкім қайтып келмегендіктен бе? Ал өзіміз ол жайлы анық ештеңе білмесек те, біздің жаратылысымыздың ерекшелігі сол, адасушылық пен тұманды ізденістен танбауға тырысамыз».

Ақыры ол қайғылы ойларға әбден беріліп, достасып алды, ал ойға алғанының тұрақтай түскенін әрі алған бетінен қайтпайтынын өз досына жазған екіұшты хаты да дәлелдеп береді.

20 желтоқсан

– Вильгельм, махаббатың мен сөз түсінгенің үшін рахмет саған. Иә, сен дұрыс айтасың, кетсем, маған жақсы болған болар ма еді. Сенің өздеріңе қайтып кел деген ұсынысың маған онша ұнамайды; мынадай ұзаққа созылған аязда жақсы жолға үміттеніп отырмыз, мен, ең болмағанда әлі де бір айналып шыққым келеді. Сенің мені алып кету туралы ниетің де маған өте ұнайды, тек енді екі апта тоса тұр және де менің бұдан былайғы жоспарым жазылған тағы бір хатымды күткейсің. Қашан піспейінше, ештеңе жұлынбауы керек, бұл өте қажет. Ал он төрт күнде ерте не кеш болсын, әйтеуір көп нәрсе істеледі. Сен менің шешеме, ұлы үшін құдайға жалбарынуын әрі оны ренжуге мәжбүр еткенім үшін кешірім өтінетінімді айт. Тағдырым осылай болды, оны қуантудың орнына ренжітуге тиіспін. Қош бол, қымбаттым! Тәңірінің саған бар рахымы жаусын! Бақұл бол!

Бұл кезде Лоттенің жан дүниесінде не болып жатқанын, күйеуіне, бақытсыз досына деген сезімінің қандай болғанын біз өзіміз сөзбен айтып жеткізуге батылымыз бармайды, себебі бұл жайлы, оның мінез-құлқын білгендіктен, жап-жақсы, тыныш қана көз алдымызға елестете аламыз, әйелдің сұлу жаны өзінше ойлайды әрі өзінше сезінеді ғой.

Біздің білетініміз, Лотте іштей Вертерді алыстату үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге бекінді, ал оны кідіруге мәжбүр еткен, оған деген шынайы жүректен шыққан, достық кеңшілігі болды, себебі Лотте бұның Вертерге қаншалықты қымбатқа түсетінін білді, иә, бұл ол үшін мүмкін емес болар еді. Әйтсе

де осы кезде жағдай одан батылырақ қимылдауды талап етті; Лотте де үндемегендіктен, оның күйеуі бұл жағдай туралы сөз қозғамады, ал Лоттеге өзінің Альбертке деген көзқарасының оныкінен артығырақ екенін іс жүзінде дәлелдеуге барған сайын мүмкіндік арта түсті.

Вертер досына ең соңғы хатын жазған күні, бұл туған күн мерекесі алдындағы жексенбі болатын, Лоттенікіне келді, ол жалғыз отыр екен. Жаңа жылға деп кішкентай бауырларына арналған сыйлық ойыншықтарды реттеумен айналысып жатыр еді. Вертер кішкентайлардың қалай риза болатыны, күтпеген жерден есік ашылып балауыз шырағданмен, тәттілермен, алмамен безендірілген ағаштың енгізілуі жұмақтағыдай таңғалдыратыны жайлы әңгіме қозғады. Лотте өз ренішін сүйкімді жымыспен жасыра: «Егер ақылды болсаңыз, сіз де сыйлық аласыз; бір балауыз шырағдан және тағы бірдеңе» – деді. – Ақылды болу деп сіз нені айтасыз! – деп ол дауыстап жіберді; - Мен өзімді қалай ұстауым керек, мен қандай болуға тиіспін, қымбатты Лотте! – Бейсенбі күні кешке Христостың туған күн кеші ғой, – деді ол, – Сонда балалар да, әкем де келеді, әркім өзіне тиістіні алады, сонда сіз де келіңіз, бірақ одан ерте келмеңіз». Вертер не айтарын білмей тұрып қалды. – Өтінемін сізден, – деп, Лотте сөзін ары жалғады, – тыңдаңызшы мені, сізден менің тыныштығым үшін өтінемін, бұл, бұл бұлай қалуы мүмкін емес. Ол көзін тайдырып әкетті де, бөлмеде ары-бері теңселе жүріп, тісінің арасынан былай деп күбірледі: «Бұл бұлай қалуы мүмкін емес!» Вертерге бұл сөздердің қандай соққы болғанын, қорқынышты жағдайды сезген Лотте оның ойын әртүрлі сұрақтармен басқа жаққа бұрудың жолын іздестіріп еді, болмады. – Жоқ, Лотте, – деп айқайлады ол, – мен сізді енді қайта көрмеймін! – Мұныңыз не, Вертер, – деді ол, – Сіз бізді қайта көре аласыз, көруге тиістісіз, тек сабаңызға түсіңізші. Апырай, неге ғана сіз осынша ашушаң, бел буған нәрсеніздің бәрінен қайтпас, өзгермес, бірбеткей болып тудыңыз екен! Өтінемін сізден, – деп оның қолынан ала, ары қарай сөзін жалғай берді, мықты болыңыз! Сіздің жаныңыз, біліміңіз, талантыңыз, сізге

көп алданыш сыйлайды әлі! Ер жігітсіз ғой! Сізді аяғаннан өзге ештеңе әкелмейтін, қайғылы сүйіспеншілікті басқа бір жанға арнаңыз. Ол тісін шықырлата оған түнере қарады. Лотте оның қолын ұстап тұр. - Тек бір сәтке ғана өзіңізді қолыңызға алыңызшы, Вертер, – деді ол. – Сіз өзіңізді алдайтыныңызды, өзіңізді өз еркіңізбен құртайын деп жүргеніңізді сезбейсіз! Неге мені ғана, Вертер? Дәл мені, басқа біреудің меншігін? Дәл осы! Қорқамын мен, шошынамын, бұл әшейін болмайтын іс, әлде маған қолыңыз жетпегендік пе сізді осыншама өршелендіре түсетін». Ол оған тесіле, түсініксіз көзқараспен қарап, қолын кенет жұлып алды. - Данышпан! – деп айғайлады ол, – сондай данышпан! Мүмкін бұл ескертуді Альберт жасаған шығар? Саясатын-ай! Өте саясатшыл! – Бұны әркім-ақ істей алады, – деді Лотте бұған. - Бүкіл әлемде сіздің жүрегіңіздің қалауын орындайтын қыз құрып қалып па? Сіз өзіңізді осыған бейімдеңіз, оны іздеңіз, мен сізге соны табатыныңызға ант етемін. Осы уақытқа шейін сіздің табына тұрып, өзіңізге шек қоюыңыздан мен көптен бері сіз үшін де, өзіміз үшін де қорқамын. Өзіңізді өзіңіз зорлап көндіріңіз! Жол жүру сіздің көңіліңізді ашады, ашуға тиіс! Іздеңіз, табыңыз махаббатыңызға лайық жанды, одан соң қайтып келіңіз де, бізге де нағыз шынайы достықтың бақытты рахатын бірге тамашалатыңыз».

– Мұны, – деді ол бір суық күлкімен, – таспаға бастырып, бүкіл үй мұғалімдеріне ұсынар ма еді, сүйікті Лотте! Сіз маған тағы аздаған ғана тыныштық беріңіз, содан кейін бәрі де болады!

– Тек қана, Вертер, сіз туған күн мерекесі¹⁸ кешінен ерте келмеңіз!» Ол жауап бергісі келіп еді, бөлмеге Альберт кіріп келді. Олар бір-бірімен суық сәлемдесті де, бөлмеде әрі-бері қатарласа жүріп әңгімелескен болды. Вертер бір мағынасыз әңгіме бастап еді, онысы тез арада-ақ бітіп қалды, Альберт те сөйтті, одан соң әйелінен бір қай-қайдағы тапсырмаларды сұрады, олардың әлі дайын еместігін естіген соң Лоттеге жауап берді, оның кейбір сөздері Вертерге суық, сондай қатты айтылғандай болып көрінді. Ол кеткісі келіп еді, кете алмады, сөйтіп сегізге дейін кідірді, батылсыздығы мен еріксіздігі барған

сайын арта түсті, дастарқан мәзірі жасалды да, ол бас киімі мен таяғын алды. Альберт оған қал деп еді, бірақ Вертер бұны жай бір сыпайылық көрсеткені деп білді, рахметін айта, суық еңкейді де шығып кетті.

Ол үйіне келді, жарық түсіргісі келген баладан шамды алды да, бөлмесіне жалғыз кетті, дауыстап тұрып жылады, жұлқына өзімен-өзі сөйлесті, бөлмеде қатты-қатты әрі-бері жүрді, ақыры киімшең төсегіне құлай кеткен мырзасының етігін шешуге рұқсат сұрау үшін он бірлерде имене кірген күтушісін көрді. Ол әйтеуір етігін шешуге рұқсат етті де, өзі шақырмайынша, келесі күні ертеңгісін бөлмеге кіруіне тыйым салды.

Дүйсенбіде ерте, жиырма бірінші желтоқсанда ол Лоттеге төмендегі, ол өлгеннен кейін жабулы күйінде жазу үстелінен тауып алып, иесіне тапсырылған хатты жазды, мен оны мында үзінді түрінде бергім келді, жағдайға байланысты ол оны үзік-үзік етіп жазыпты.

«Бәрі шешілді, Лотте, мен өлуге тиіспін, мұны саған ешбір романтикалық әсірелеусіз, сені соңғы рет көретін ертеңгі күннің таңына жайбарақат қарап жазып отырмын. Сен мұны оқығаныңда, қымбаттым, өмірінің соңғы сәттерінде сенімен әңгімелесуден басқа ешбір үлкен қуанышты білмеген, мазасыз бір бақытсыз жанның қақайған тәнін суық табыт жабады. Мен бір қорқынышты түнді өткердім, ах! Бір игілікті түнді. Шешімімді бекітіп, анықтаған сол түн болды: мен өлуге бекіндім! Кеше сенікінен қорқыныш аралас ренішпен атып шықтым, осының бәрі жүрегімді сығымдап, сенің қасыңда өткен қуанышсыз, үмітсіз тіршілігім өне бойымды сұмдық мұздатып жіберді, бөлмеме әрең жеттім де, өзіме-өзім ие бола алмай тізерлей кеттім. О, құдай! Сен маған ащы көз жасының ең соңғы рахатын сыйладың! Мындаған жоспарлар, сан алуан ой, ниеттер менің жандүниемде буырқанып жатты, ақыры ол анық болды, нық, толық, ең соңғы, ең жалғыз ой: өлгім келеді! – Мен жатып қалдым, ал ертеңгісін тыныш қана оянғанымда, ол әлі анық, әлі де күштірек болып жүрегімде тұрды: Менің өлгім келеді!

– Бұл күмәндану емес, бұл ақиқат, мен ақырына дейін

жеткіздім және өзімді саған бола құрбан етемін. Иә, Лотте! Неге мен мұны айтпауға тиіспін? Үшеуміздің біріміз кетуіміз керек, ал сол мен болғым келді! О, менің қымбаттым! Мына бытшыты шыққан жүрекке, сенің күйеуіңді өлтіру туралы бұл ой жұлқына жиі-жиі кіріп алды. Сені! Өзімді! Болары болды! – Сен жаздың бір сұлу кешінде тауға шықсаң, мені есіңе алғайсың, менің жиі-жиі жазықтықтан қалай жоғары көтерілгенімді, одан соң шіркеудің ауласынан төмен қарай менің мүрдеме, биік шөптің батып бара жатқан күн сәулесінде желмен бірге әрі-бері тербелгеніне қара... – Мен бастағанымда жайбарақат едім, енді, осының бәрі айналамда шынымен болатындай-ақ балаша жылап отырмын.

Сағат онға таман Вертер күтушісін шақырды, киініп жатқанда ол оған өзінің бірнеше күнге жолға шығатынын, соған киімдерін тазалап, бәрін реттеп салып дайындауы керек екендігін айтты; ол оған барлық жерден есеп-қисаптарды талап етуді, оқи тұруға берілген кітаптарды әкелуді және кейбір өзі жеті сайын бірдеңе беруге дағдыланған кедейлерге тиесіліні екі айға алдын-ала төлеуді бұйырды.

Ол тамақты бөлмеге әкелгізді, тамақтан соң атпенен әкімнің үйіне барып еді, үйінен таппады. Ақырында естеліктің бар ауыртпалығын өзінен аластатқысы келгендей, ойға бата, бақ ішінде әрлі-берлі жүре берді.

Кішкентайлар оның тыныштығын ұзаққа созбады, олар артынан қалмай, үстіне секіріп, оған ертең, қайтадан ертең және тағы бір күн болғанда, Лоттеден рождество мерекесіне арналған сыйлықтар алатындарын, оған қоса өздерінің кішкентай ғана қиялдарынан туған ғажайыптар туралы айтты. «Ертең! Және қайтадан ертең! Және тағы бір күн!» – деп дауыстады ол. – Олардың бәрін құшырлана сүйіп, кеткісі келіп еді, оған кішкентайдың тағы бірдеңені құлағына сыбырлап айтқысы келді. Анау оған үлкен ағаларының рождествоға арналған тамаша, сондай үлкен тілектер жазғанын, біреуін әкесіне, Альберт пен Лоттеге біреуін және де біреуін Вертер мырзаға екенін, олардың оны мереке күні ерте табыс ететін жасырын сырларын сатып

айтып қойды. Бұл оның көңілін босатты, ол әрқайсысына бірдеңе сыйлады да, атқа мінді, қартқа сәлем айтуды тапсырды, көзі жасқа тола жүріп кетті.

Беске таман ол үйіне келді, күтуші қызға отты түнге дейін жағуды бұйырды. Күтушіге кітаптар мен іш киімдерді реттеп чемоданға салып, киімдерді қапқа салып тігуді бұйырды. Сірә ол содан соң Лоттеге арналған соңғы хатының төмендегі үзіндісін жазса керек.

«Сен мені күтпейсің! Сенің ойыңша, мен сені тыңдап, тек туған күн мерекесі кешінде ғана сені қайта көремін. О, Лотте! Бүгін болмаса – ешқашанда. Туған күн кешінде сен мына қағазды қолыңа дірілдей ұстап, оны сүйікті көз жасыңмен жуасың. Менің солай еткім келеді, солай етуге тиіспін! Ух, ақыры бекінгенім қандай жақсы болды».

Лотте сол кезде бір ерекше жағдайға тап болды. Вертермен соңғы әңгімеден кейін өзіне одан бөлінудің қандай қиын тиетінін, Вертердің өзінен алыстауға мәжбүр болғанда қалай қиналатынын түсінді.

Вертердің туған күн¹⁸ мерекесі алдында келмейтіні Альберт барда әншейін үстірт айтыла салғандай болды, Альберт бір көрші қызметкердікіне шаруасын жөндестіруге кетті де оған сонда қонып қалуға тура келді.

Лотте жалғыз өзі, айналасында бауырларының ешқайсысы жоқ, тыныш қана ойша өз жағдайына көз жүгіртіп отырды. Ол махаббаты мен адалдығын өзі білетін, өзі оған жан-тәнімен берілген, байсалды, тұрақты, адал ниетті әйел өмірінің бақытын негіздеу үшін тәңірінің өзі жаратқандай күйеуімен мәңгіге байланғанын көрді; ол Альберттің өзі және балалары үшін мәңгілік екенін сезеді. Бір жағынан оған Вертер сондай қымбат; таныстықтарының алғашқы сәтінен-ақ көзқарастарының бір жерден шығуы сондай ерекше білінді, онымен ұзаққа созылған қарым-қатынас, кейбір өтіп кеткен жайлар Лоттенің жүрегіне өшпес әсер қалдырыпты. Өзі қызық деп тапқан және ойлағанының бәрін ол онымен бөлісіп үйренген еді, ал Вертердің алыстауы оның бар ішкі жан дүниесінде орны қайта

толмас өкініш әкелетіндей көрінді. Шіркін, оны қазір өзіне бауыр тұта алса ғой, олар қандай бақытты болған болар еді! – Ол оны өз дос қыздарының біріне үйлендірген болар еді, онда оның Альбертпен қарым-қатынасының түгелдей қайта түзелуінен де үміттенген болар еді-ау!

Ол дос қыздарын бірінен соң бірін ойлап шықты және әрқайсынан әр түрлі кемшілік тауып, Вертерге лайықты ешкім жоқ деп шешті.

Осы ойлану-толғанудың бәрінен Лотте оны өзі үшін сақтау жүректен шыққан жасырын қалау екенін, анық болмаса да алғаш рет терең сезінді, сөйте тұра, бұл сезімді сақтауға тиіс еместігін, сақтай алмайтынын түсінді; таза да сұлу, әрдайым ақкөңіл, ешнәрсе лайлай алмас, сезімтал жанын, бақытқа барар жол жабылғандықтан, қайғы қысымдағанын сезді. Оның жүрегі қысылып, түнерген бұлт көз алдында тұрып алды.

Осылай уақыт жеті жарым болды, ол Вертердің баспалдақтан көтерілгенін, аяқ басысын естіді, өзін сұраған дауысын тез таныды. Ол келгенде, біздің бұны алғаш рет деп айтуымызға болар, Лоттенің жүрегі тарсылдай соқты. Ол өзін үйде жоқ деп айтқызған болар еді, бірақ ол кіріп келгенде, Лотте оған бір түрлі алабұрта, сасқалақтай дауыстап жіберді: – Сіз сөзіңізде тұрмадыңыз ғой. – Мен ештеңеге уәде бергенім жоқ, – болды оның жауабы. – Онда сіз, ең болмаса, менің өтінішіме құлақ ассаңыз керек еді, – деп ол сөзін ары жалғады, – мен сізден біз екеуіміздің де тыныштығымыз үшін өтініп едім ғой.

Ол, Вертермен оңаша болмас үшін бірнеше дос қыздарына кісі жіберткенінде, шынымен не айтқанын, не істегенін де білмеді. Вертер алып келген бірнеше кітаптарын қойды да басқаларын сұрады, ал Лотте болса дос қыздарының тезірек келуін де, келмей қалуын да қатар тіледі. Қызметші қыз қайтып келіп, екеуінің де келе алмайтындықтан, кешірім сұрағандарын жеткізді.

Ол қызды көрші болмеге жұмысымен отырғызып қойғысы келді; сәлден соң ол ойынан тағы қайтты. Вертер бөлмеде әрі-

бері жүре берді, Лотте күйсандыққа барып бір менуэтті бастады, онысы жөнді шықпады. Ол ақыры өз-өзіне келді де, жайбарақат қалыппен, дивандағы үйреншікті орнына жайғасқан Вертердің қасына барып отырды.

– Оқитын ештеңеңіз жоқ па? – деді ол. Вертердің ештеңесі жоқ болып шықты. – Ана төменде, менің жылжымалы тартпамда, – деп бастады ол, – сіз аударған Оссианның кейбір өлеңдері жатыр, мен оларды әлі оқығамын жоқ, себебі үнемі оларды өзіңіздің оқығаныңызды естірмін деп үміттеніп едім; бірақ оның осы кезге дейін реті келмей жүр еді. Ол жымиды, өлеңдерді алып келді, оларды қолына алғанында дірілдеп кетті, ал оған қарағанында көзі жасқа толып тұрды. Вертер отырды да оқи бастады:

«Бұлыңғыр түннің жұлдызы, сен батыстан әдемі жымыңдайсың, өз бұлтыңнан жарқыраған дененді көтересің де сымбаттана құздарыңды аралайсың. Не себептен сен жазира жазыққа қарайсың? Алай-түлей жел де тыншыпты, алыстан сарқыраманың гүрілі естіледі, шалғайда сыбдырлаған толқындар жартаспен ойнайды, кешкілік егістік үстінде шыбын-шіркей ызыңдай топтала ұшады.

Сен не іздеп жүрсің, сұлу от? Бірақ сен жымиясың да кетіп қаласың, толқындар сені қуана қоршап, сенің сүйікті шашыңды жуады. Қош бол, тыныш сәуле, Оссианның жанының ғажайып жарығы, көрінші! Міне, ол бар күшін көрсете шығады. Мен өзімнің ажырап калған достарымды көремін, олар бейне сонау өткен күндердегідей Лорада жиналады. Фингал тура бір тұманның тіреуі сияқтанып келеді, айналасында өз батырлары, кәне, қарашы! Жыршы жыраулар: ақ шашты Уллин! Сымбатты Рино! Сүйікті жыршы Альпин! Және сен, нәзік қайғы-мұңды Минона! – Біз құрмет үшін ән салып, жарысқан, көктемгі жел төбедегі әлсіз сыбдырлаған шөптерді тербете иген сол бір Сельма үстіндегі мереке күннен бері сендер қалай өзгергенсіңдер, достарым менің.

Осы кезде, назары төмен, көзі жасқа толы ару Минона шығады, оның шаштары төбеден ескен тұрақсыз желмен баяу

желпілдейді. Оның сүйкімді дауысы естілгенде, батырлардың жандары түнеріп сала берді, себебі олар жиі-жиі Зальгардың мүрдедегі сүйегін, әлсін-әлсін аппақ Кольманың түнерген жатағын көрген еді. Төбе басында жалғыз қалған, сазды дауысты Кольма, Зальгар келемін деп уәде берген, бірақ айналаны қараңғы түн басты. Естіңдер, төбе басында жалғыз отырған Кольманың дауысын.

Кольма

Түн! Алай-түлей боранда ұмытылған жалғыз мен өзім ғанамын! Тау ішінде жел гүлдейді, сарқырама құздан төмен қарай күркірей ағады. Дауылды төбедегі мендей тастандыны жаңбырдан ешбір үйшік қорғамайды. О, Ай, бұлтыңнан шық бері, түнгі жұлдыздар-ау, көрініңдер! Тым болмаса бір сәуле мені сүйіктім аң аулаудың машақатынан садағын қолынан түсіріп, иттері айналасында пысқыра, дем алып жатқан жеріне басташы мені! Бірақ мен мұнда биік сарқырамалы құз басында жалғыз отыруға мәжбүрмін. Сарқырама мен боран қоса шулап, сүйіктімнің дауысын естімеймін.

Менің Зальгарым неғып кешігіп жатыр? Ол өз сөзін ұмытқаны ма? – Өне құз бен ағаш, ал мұнда гүрілдеген сарқырама! Түн түсе осында болуға уәде беріп едің ғой, ах! Менің Зальгарым қайда адасып кетті екен? Менің өркөкірек әкем мен бауырымды тастап, сенімен кеткім келеді! Біздің руларымыз талайдан бері бір-бірімен қас, бірақ біз ешқандай дұшпан емеспіз, о, Зальгар!

О, жел бір сәтке тыншышы, о, сарқырыма, сен де азғана сәтке тынышталшы, менің дауысым жазира жазықтан аса жаңғырып, жолаушым мені естір ме екен? Зальгар! Бұл менмін, сені шақырған! Міне, ағаш пен құз! Зальгар, сүйіктім менің! Мен мұндамын, сен неге келмей кешігіп жатырсың.

Қарашы, ай шықты, жазықтықта су тасқыны жарқырайды, төбелерден бойы аса сұр құздар тұр, бірақ мен оны төбеде көрмей тұрмын, иттері оның келе жатқанынан алдын ала хабар бермейді. Мен мұнда жалғыз отыруға мәжбүрмін.

Бірақ сонау төменде далада жатқан кімдер болды екен? –

Менің сүйіктім бе? Менің бауырым ба? – О, достарым менің, сөйлеңдер! Олар жауап қатпайды. Жаным қалайша шошынады! – Ах, олар өлген екен ғой! Олардың семсерлері қып-қызыл қанға бөккен! О, бауырым менің, бауырым, неге сен менің Зальгарымды өлтірдің? О, Зальгарым менің, сен неге менің бауырымды өлтірдің? Сендер екеуің де маған сондай қымбат едіңдер ғой! О, сен төбедегі мыңның ішіндегі ең сұлуы едің! Ол аяқаста қаһарлы болатын. Жауап беріңдер маған! Естимісіңдер менің дауысымды, сүйіктілерім менің! Бірақ амал не, сендер мылқаусындар, мәңгі мылқаусындар! Сендердің кеуделерің жердей суық!

О, сөйлеңдер, төбенің жартасынан, буырқанған таудың шыңдарынан, өлілердің рухтары! Сөйлеңдер! Мені ол қорқыта алмайды! Сендер тыныштыққа қайда кеттіңдер! Сендерді мен таудың қай мүрдесінен табуым керек! – Желмен бірге тым болмаса әлсіз дауысты да естімеймін, төбенің боранына аралас ешбір ызыңдаған жауап та болмады.

Мен жоқтау айтып жылап отырмын, таңды көз жасыммен күтуде-мін. Көр қазындар, сендер, өлгендердің достары, бірақ оны мен барғанша жаппандар. Менің өмірім түс сияқты жоқ болды; қалайша мен артта қалмақпын! Осында күңгірлеген құз сарқырамасының жағасында достарыммен бірге менің де тұрғым келеді. Төбе үстінде түн орнап, даланы кезе жел соқса, менің рухым желге араласа достарымның өлімін аза тұтар. Аңшы мені өзінің үйшігінде естіп, дауысымнан шошынар да сүйсінер, себебі менің достарым жайлы дауысым тәтті де әуезді болуға тиіс, олар екеуі де маған соншалықты сүйікті еді!

Бұл сенің әнің еді, Минона, Торманның биязы ғана ұяң қызы. Біздің көз жасымыз Кольма үшін ағып жатыр, жанымыз түнере түсуде.

Уллин арфасымен шықты да, бізге Альпиннің әнін салды – Альпиннің дауысы мейірімді еді, Рионың жаны от жалынындай лаулады. Бірақ олар қазір тар үйде тыныш тауып жатыр, олардың дауыстары Зельмада тынып, өшіп қалды. Бірде Уллин, батырлар қайтыс болардың аз алдында аңнан қайтып келе жатты. Ол

олардың төбе басындағы айтыс әнін естіді. Әндері нәзік, бірақ қайғылы еді. Олар батырлардың алдыңғы қатардағы басшысы Морар қайтыс болғандағы жоқтауды айтты. Оның жаны да тура Фингалдың жанындай еді, семсері тура Оскардыкіндей еді. Бірақ ол қайтыс болды да әкесі аза тұтып, қарындасының, Морардың сұлу қарындасының көзі жасқа толды, Минонаның көзі жасқа толды. Ол Уллиннің әнінен, боранды жаңбырды алдын ала біліп, өзінің сұлу денесін бұлтқа жасырған бейне батыстағы айдай, кері шегінді. – Мен арфаны ойнап Уллинмен бірге жоқтаудың әуеніне қосылдым.

Рино

Жел мен жаңбыр толастады, түс мезгілі шайдай ашық, бұлттар ыдырап жатыр. Құбылмалы күн төбені айнала жүріп жарық етті. Тау сарқырамасы жазықтыққа қарай қызара ағып барады. Сенің гүрілің сондай тәтті, сарқырама; мен естіп тұрған дауыс одан да тәттірек. Ол Альпиннің дауысы, ол өлгендерді жоқтап жылауда. Оның кеудесі кәріліктен еңкейіп, жасты көзі қызарыпты. Альпин ғажап әнші ғой, төбе үстінде неге жалғыз үнсіз отыр? Неге сен жағалаудан алыс қалған толқындай, орман кезген желдей болып зарлайсың?

Альпин

Менің көз жасым, Рино, өлілерге, дауысым көрдің тұрғындарына арналған. Төбе басында сен ең сымбаттысың, жапан дүз ұлдарының ішіндегі көркемі де сен едің. Бірақ сен де тура Морардай мерт боласың, сенің мүрденнің үстінде қаралы жан отыратын болады. Төбелер сені ұмытатын болады, сенің садағың қорада оқтаусыз жатыр.

О, Морар, сен бейне бір төбе үстіндегі киіктей жылдам едің, түнгі көктегі оттай қорқынышты едің. Шайқаста сенің қаһарың дауылдай, семсерің дала үстіндегі найзағайдың жарқылындай, дауысың жаңбырдан кейінгі орман сарқырамасына, алыстағы төбелер үстіндегі күннің күркіреуіне ұқсайтын. Кейбіреулер сенің

қолыңнан қаза тапты, оларды қаһарыңның жалыны жалмады. Бірақ соғыстан қайта қайтып келгеніңде, сенің маңдайың қандай мейірбан болушы еді! Сенің жүзің найзағайдан кейінгі күнге, тынық түнгі айға ұқсайтын, кеудең жел шуылы басылғаннан кейінгі теңіздей тыныш болушы еді.

Тар-ау енді сенің тұрағың, қараңғы орның! Көріңді мен үш адыммен-ақ өлшедім, қайран шіркін-ай! Бір кезде сондай алып едің! Сенің жалғыз еместігіңді мүк басқан төрт тастың ұшы ғана, жапырақсыз ағаш, желмен сыбдырлаған биік шөп қана аңшының көзіне мықты Морардың моласын көрсетеді. Сені жоқтап жылайтын шешең, көзіне махаббат жасы толар қызың жоқ. Сені туған жан қайтыс болған, Моргланның қызы да о дүниеде.

– Мынау таяққа сүйенген кім өзі? Өне бойы кәріліктен әппақ қудай болған, көзі жастан қызарған кім бұл? О, Морар, бұл сенің әкең, сенен басқа еш ұлы жоқ! Ол сенің шайқастағы атақ-даңқыңды естіді, ыдырай қашқан жауды естіді; ол Морардың атақ-даңқын естіді! Әттең! Оның жарасы жайлы ештеңе білмеді ме? Жыла, Морардың әкесі, жыла! Бірақ сені ұлың естімейді. Өлілердің ұйқысы терең, күлден жасалған жастықтары аласа. Ол ешкімнің дауысына құлақ аспайды, ол ешқашан сенің шақырғаныңа оянбайды. О, дүниелікті «оян!» деп өтінетін моладағы таң қашан атады!

Бақұл бол, адамзаттың асылы, шайқас даласының жеңімпазы! Бірақ сені дала ешқашан көрмейтін болады, түнерген орманда сенің қанжарыңның жарқылынан ешқашан сәуле түспейді. Артында қалған сенің ешбір ұлың жоқ, бірақ атың жырда қалуға тиіс, келер замандар сен жайлы, арманда кеткен Морар жайлы естулері керек.

Батырлар жоқтауы қатты болды, бәрінен де Арминнің кеудесін қақ айырған күрсінісі қатты естілді. Бұл оның есіне, жасөспірім кезінде көз жұмған ұлының өлімін түсірді. Шулы Гальмалдың бекзадасы Кармор ерлердің жанында отырды. «Арминнің күрсінісі неге өксікке айналды? – деді ол, – бұған

жылайтын не бар? Жанды балқытып, көңілдендіру үшін ән мен жыр төгілмес пе? Олар теңізден аса жазыққа жайылатын, құлпырған гүлдерді шықпен жабатын жұмсақ тұмандай; бірақ күн қайтадан күшіне енгенде тұман тарқап сала береді. Айнала ағынды өзендер қоршауындағы Горманың билеушісі, Армин, сен неге соншама зар еңірейсің?»

«Азалымын! Расында да, бұл менмін, қасіретімнің себебі де аз емес. – Кармор, сен ешқандай ұлыңды, ешбір жайнаған қызыңды жоғалтып отырған жоқсың; ер жүрек Колгор да, Аннира, қыздардың ең сұлуы да, тірі. Сенің үйіңнің бұтақтары шешек атуда, о, Кармор, бірақ Армин - өз тұқымының ең соңғы тамыры. О, Даура, сенің төсегің қараңғы! Сенің көрдегі ұйқың терең. Сен әніңмен, әуезді үніңмен қашан оянасың? Тұр! Күзгі желдер! Соғындар! Қараңғы даланың астаң-кестеңін шығарындар! Орман сарқырамалары, буырқанындар! Дауылдар, ұлындар, емендердің ұшар басында! О, ай, шашылған бұлттарды арала, көрсет қайта-қайта өзіңнің бозарған жүзінді! Менің есіме балаларым қайтыс болған, алып Ариндал қайтыс болған, сүйікті Даура жоқ болған, қорқынышты түн түседі».

Даура, қызым менің, сен сұлу едің, Фура төбелерінің үстіндегі айдай сұлу, жауған қардай аппақ, жұтатын ауадай тәтті едің! Ариндал, сенің садағың мықты, найзаң далада ұшқыр, көз қарасың толқын үстіндегі тұмандай, қалқаның дауылдағы отты бұлттай еді!

Соғыста даңқы шыққан Армар келді де, Даураның махаббатына қолы жетті; ол көп қарсыласпады. Оның достары тамаша үміттер артып еді.

Одгальдың ұлы Ерат, бауыры Армардың қолынан қаза тапқан-дықтан қастандық ойлады. Ол кемеші құсап киініп келді. Толқын үстіндегі қайығы тамаша, бұйра шаштары кәріліктен ағарған, байсалды жүзі сабырлы еді. «Қыздардың ең сұлуы, – деді ол, – Арминнің сүйікті қызы, теңізден алыс емес, сонау жартас үстінде, ағаштардың қызыл жемісі көрініп тұрған жерде Армар Даураны тосып тұр; мен дөңгеленген теңіз арқылы оның махаббатын солай қарай бастап апарғалы келдім».

Ол оның соңынан ерді де Армарды шақыра айғайлады; күз-жартас жаңғырығынан басқа ештеңе үн қатпады. «Армар! Сүйіктім менің! Сүйіктім менің! Неге мені сонша қорқытасың? Тыңда, Арнардың ұлы! Тыңда! Сені шақырып тұрған Даура ғой бұл!».

Ерат, сатқын, елге қарай күле қашты. Ол дауысын көтере әкесі мен бауырын шақырды; «Ариндаль! Армин! Даураларыңды құтқаратын, бармысың біреуің?»

Оның дауысы теңіздің арғы жағына жетті. Менің ұлым, Ариндаль, аң аулаудың қатал бейнетінен кейін, октары жанында сықырлай, қолында ұстаған садағы, жанындағы бес қарасұр төбетімен төбеден түсті. Ол батыл Ератты жағадан көрді де бас салып, еменге байлап тастады, оның белін айналдыра қатты байлағаны сонша, тұтқынның ыңырануы ауаны күңіретті.

Ариндаль Даураны қайта алып келу үшін қайығымен толқындарды серпи жүзді. Қаһарына міне келген Армар, үшкір сұр жебесін атып жіберді, ол зулап барып сенің жүрегіңе кадалды, о, Ариндаль, ұлым менің! Сатқын Ераттың орнына сен мерт болдың, қайық жартасқа жетті, ол сол жерде төмен батты да қайтыс болды. Сенің аяғыңның астына бауырыңның қаны ағып барды, о, Даура, азаң қандай қатты болды!

Толқындар қайықтың быт-шытын шығара лақтырды, Армар Даурасын не құтқару үшін, не өлу үшін теңізге секірді. Төбеден желдің екпіні толқындарды долдана соқты, ол батты да қайтадан көтерілмеді.

Теңіз шайған жартастан мен қызымның жоқтауын жалғыз естідім. Оның айғайы ұзақ әрі ащы болды, әйтсе де әкесі оны құтқара алмады. Мен түні бойы жағада тұрдым, оны айдың әлсіз сәулесінде көрдім, түні бойы оның айғайын естідім, жел ышқына соқты, жаңбыр да тау бауырын қатты сабалады. Тек таң ата ғана, оның даусы әлсіреп, жартас шөбінің арасындағы кешкі ауадай үні өшті. Қайғы тұралатқан ол қайтыс болды да, Арминді жалғыз қалдырды! Менің соғыстағы күш-қуатым көз жұмды, менің қыздар арасындағы мақтанышым қайтыс болды.

Таудан боран борай соғып, солтүстік желі толқындарды

көкке лақтырғанда, мен сыңсыған жағада отырып қорқынышты жартасқа қараймын. Батып бара жатқан айдан жиі-жиі балаларымның рухын көремін, олар көрінер-көрінбес, бірге қайғырып, бірге қыдыруда».

Лоттенің қысылған жүрегіне қуат бергендей көзінен аққан жасы Вертердің жырды оқуына кедергі келтірді. Ол қағазды лақтырып жіберіп, Лоттенің қолын бас салды да, ағыл-тегіл еңірей жылады. Лотте басқа қолына жантая тіреніп көзін қол орамалына жасырды. Екеуінің де толқыныстары қорқынышты еді. Олар өз бастарының бақытсыздықтарын талайсыз тағдырдан көрді, бірге сезінді, көз жастары біріге төгілді. Вертердің ерні мен көзі Лоттенің білегін күйдірді; бойын белгісіз бір діріл билеп алды, Лотте қашқақтағысы келіп еді, қиналу мен аяушылық оны абдырата бейне қорғасындай басты. Ол жүрек тоқтатып алайын деп терең тыныстай, күңіренген дауыспен, жұтына одан ары қарай оқуын өтінді. Вертер дірілдеп кетті, жүрегі жарыла жаздай, жерден паракты алды да үздіге оқи бастады:

«Көктемнің ауасы, неге сен мені оятасың? Сен нәзік аялай былай дейсің: Мен аспан тамшысымен жабыламын! Бірақ менің солатын шағым жақын, менің жапырақтарымды жұлатын дауыл да жақын! Ертең саяхатшы келеді, келеді, мені сұлу кезімде көрген жан, оның көзі даланы шарлай мені іздейтін болады, бірақ таппайды».

Осынау сөздердің бар салмағы бақытсыздарға қатты батты. Ол әбден торыға Лоттенің алдына құлай кетті, оның қолын ұстай алып көзіне, маңдайына басты, ал Лотте оның қорқынышты ниетін бүкіл жанымен, өне бойымен толық сезінгендей болды. Ол есінен адаса, оның қолын қысты, кеудесіне қысты, оған қарай бір аянышты қимылмен еңкейе түсті, алабұртқан жүздері бір-біріне тиді. Бүкіл әлем олар үшін жоқ болып кеткендей. Ол оны білегімен орай құшақтады да, кеудесіне қыса дірілдей былдырлаған ерінін құшырлана сүйді. – Вертер! – деді ол тұншыққан дауыспен, одан бұрыла, - Вертер! – деді де, әлсіз қолымен оның кеудесінен итерді; – Вертер! – деп, ол асыл сезімнің байсалды үнімен дауыстай айтты. Ол қарсыласпады,

оны құшағынан босатты да, алдына ес-түссіз құлап түсті. Лотте ұшып тұрды да, қорқа сасқалақтай, махаббат пен ашу-ыза аралас дауыспен қалтырай былай деді: – Бұл ең соңғы рет! Вертер! Сіз мені қайтып көрмейсіз. Бейшараға деген махаббатқа толы көзқараспен көрші бөлмеге асығыс кірді де, есікті жауып алды. Вертер оның соңынан құшағын аша қолын созды, тоқтатуға батылы бармады. Басын ағаш төсекке қойып жерде жатты, осылай ол бір сыбдыр есін жидырғанша, жарты сағаттай жатты. Бұл дастарқан жасағысы келген қыз екен. Ол бөлмеде әрі-бері жүре берді, ал өзінің жалғыз қалғанын көрген соң кабинеттің есігіне келді де ақырын дауыспен шақыра бастады: «Лотте! Лотте! Тек бір ауыз сөз ғана! Тек қош бол деу!».

Ол үндемеді. Вертер күтті де өтінді, күтті; сәлден соң шығып бара жатып: «Қош бол, Лотте! Мәңгілік қош бол!» – деп дауыстады.

Вертер қаланың қақпасына келді. Оған үйренген қарауылдар оны үнсіз ғана сыртқа шығарды. Сыртта жаңбырлы қар жауып тұр еді, ол тек он бірге таман қақпаны қайта қақты. Вертер үйге келгенде қызметшісі мырзасының бас киімі жоқ екенін байқады. Бірдеңе деуге оның дәті бармады да оны шешіндірді, бәрі су екен. Бас киімі кейін таудың жазықтыққа қараған бетіндегі бір жартастың үстінен табылды, оның қараңғы, жауын-шашынды түнде жығылмай, сүрінбей қалай шыққаны түсініксіз.

Ол төсекке жатты да ұзақ ұйықтады. Күтуші ертеңісін оның шақыруымен кофе алып кіргенінде, жазып отырғанын көрді. Ол Лоттеге арнаған хатында төмендегіні жазыпты:

«Ең соңғы рет, ең соңғы рет мен мына көздерімді ашамын. Амал не, олар күнді қайта көруге тиіс емес, бір түнерген тұманды күн оларды жауып тұр. Табиғат, қайғыра бер! Сенің ұлын, сенің досың, сенің сүйіктіңнің өмірі бітуге таяу. Лотте, бұл теңеу тауып айтуға болмастай сезім, әйткенмен де, өзіңе өзің «бұл ең соңғы таң!» деп айту үшін, оны тек буалдыр түспен ғана салыстыруға болады. Ең соңғы! Лотте, мен – «ең соңғы» деген сөзді түсінбеймін! Мен мұнда қазір күшім тасып тұрған болсам, ал ертең көсіле жатып, жерде ұйықтаймын. Өлу! Не ол

өзі? Қарай гөр, біз өлім туралы сөз етсек те армандайды екенбіз. Мен кейбіреулердің өлгенін көргенмін; бірақ адамзат дегеннің өресінің тарлығы сонша, олар тіршілігінің басы мен ақыры жайлы еш ойламайды. Әлі де өзімдік, сендік! Иә, сендікпін, сүйіктім! Бір сәтке – бөлек, айырылар – мүмкін мәңгіге шығар? – Жоқ, Лотте, жоқ, қалай ғана мен жоқ боламын, қалайша сен жоқ боласың? Біз тіріміз ғой! Өлу! Бұны не деп түсінуге болады? Бұл да бір жай сөз ғой, менің жүрегімді тебіренге алмайтын құр әншейін бос айғай. – Өлім, Лотте! Сонша тар, сондай қараңғы, суық жерге көмілу! Сондай қараңғы! – Менің дәрменсіз жастық шағымның бар арман-мұраты болған бір дос қызым болып еді; ол қайтыс болып, мен оның мәйітінің соңынан еріп барып мүрдесінің қасында тұрдым, табытты төмен түсіргенде астындағы арқанның ұшы сусылдай оның астынан шығып, жоғары көтерілді, алғашқы күрек топырақ тасталғанда қорқынышты қораптан көмескі дыбыс шықты, көмескі, дыбыс барған сайын көмескілене түсті де ақыры көміп тастады. – Мен бейіттің қасына құлап түстім – іші-бауырым езіле, күйзеле, шошына, парша-парша болды, бірақ мен мұның қалай болғанын білмедім – қалай болатынын білмеймін... Өлім! Табыт! Мен бұл сөздерді түсінбеймін!

О, кешір мені! Кешір мені! Кеше! Ол менің өмірімнің ең соңғы сәті болуға тиіс еді. О, періштем! Алғаш рет, тұңғыш рет еш күмәнсіз ішкі жан дүниемде ләззат сезімі гүл жарды: Ол мені сүйеді! Ол мені сүйеді! Менің ернімде сенің ерніңнен ауысқан әулие от әлі де жанып тұр; жүрегімде жаңа ыстық рахаттану сезімі бар. Кешір мені! Кешір мені!

Ах, мен білген болатынмын, алғашқы жанға жайлы көзқарасыңнан-ақ, алғашқы қол қысуыңнан-ақ сенің мені сүйетініңді білетінмін, бірақ та, кейде мен сенен аулақта болғанымда, Альбертті сенің қасыңнан көргенімде, мен қайтадан өзімді қоярға жер таппай күмәндана мұңға баттым.

Сен маған сөйлей алмаған, қолыңды да бере алмаған сол бір жексұрын қауымда, сыйлаған гүлдер есінде ме? О, мен оның алдында түннің жарымына дейін тізерлеп отырдым, олар

сенің махаббатыңның куәсі еді ғой. Бірақ, амал не! Құдайдың өз жалбарынушысына бар қайырымдылығымен әулие тұмар ретінде ұсынылған ол әсерлер, бірте-бірте оның жанынан қайта өшетін қайырымдылық сезіміндей тез өтіп кетті.

Бұның бәрі өткінші, бірақ, мен кеше сенің ерніңнің дәмін татқан, өн бойымда әлі сезіліп тұрған, құлпырған өмірді ешбір мәңгілік өшіруге тиіс емеспін! Ол мені сүйеді! Мына білек оны құшақтады, мына еріндер оның еріндерінің үстінде дірілдеді, мына ауыз оның аузымен бірге былдырлады. Ол мендік! Сен мендіксің! Иә, Лотте, мәңгілік.

Ах, Альберттің сенің күйеуің екендігінде тұрған не бар? Ол тек осы дүниеде ғана – яғни, менің сені сүйетінім, сені оның құшағынан жұлып алғым келетіні осы дүниеде ғана күнә емес пе? Күнә? Жақсы, мен өзімді осы үшін жазалаймын; ол күнә жүрегіме күш-қуатын, өміріме шәрбәтін құйды. Сен сол сәттен бастап менікісің! Менікісің, о, Лотте! Мен алдымен кетемін! Әкеме кетемін, сенің әкеңе кетемін. Мен оған бұл туралы шағына айтамын, ал ол мені сен келгенше жұбататын болады, мен сенің алдыңнан ұшып шығамын да сені бас салып, сенің қасыңда, құдайтағаланың алдында мәңгілік құшақтасқан қалпымда қаламын.

Мен қиялдамаймын, бұладасушылық емес! Көрге жақындаған сайын маған бәрі анық бола түсуде. Біз жоғалып кетпейміз! Біз қайта көрісетін боламыз! Сенің анаңды көреміз! Мен оны тауып, көретін боламын, ах, оның алдында жүрегімдегінің бәрін жайып салатын боламын! Сенің анаң, сенің бейнең».

Вертер он бірге таман күтушісінен: – Альберт қайтып келіп пе екен? – деп сұрады. Күтуші оның атын солай қарай жетелеп өткенін көріпті. Содан соң оған мырзасы мазмұны мынадай бір ашық қағаз ұсыныпты:

«Сіз маған алдағы бір саяхатқа өзіңіздің тапаншаңызды бере тұрмас па екенсіз? Аман-сау болыңыз!»

Сүйікті әйел соңғы түні аз ұйықтады; оның корқынышпен күткені шешілді, ол күтпеген, күдіктенбеген жағдайда шешілді. Оның жайшылықтағы сондай тыныш та бейқам ағатын қаны

бір дірілдеген толқуға тап болды, сұлу жүректі неше түрлі сезім сыздатты. Ол өз кеудесінде сезінген Вертердің от құшағының ыстығы болды ма екен бұл? Әлде ол бұның батылдығынан туған еріксіздік пе екен? Әлде бұл оның сонау бір күндердегі өзінің мүлде шырқы бұзылмаған, еркін күнәсіздігі мен өзіне деген уайымсыз сенімін қазіргі жағдайымен сескене салыстыруынан ба екен? Өз күйеуінің алдынан қалай ғана шығар екен? Өзі мойындауға тиісті және оны мойындауға дәті бармаған, болған жайды оған қалай айтпақ? Олар бір-біріне ұзақ үндемеді, ол бірінші болып үнсіздікті бұзуға, және дәл ыңғайсыз кезде жұбайына сондай бір тосын жаңалық ашуға тиіс пе еді? Вертердің келгені жайлы жай хабардың өзі оған жайсыз әсер етеді-ау деп қорқа бастады, әрі оған қоса мына мүлде күтпеген қырсықты-ай!

Күйеуінің оны дұрыс түсініп, мүлде күдіктенбей қабылдай алатынынан ол үміттене ала ма? Күйеуінің өз жанына үңіліп, түсіне білуін тілей алар ма? Және де, өзі ол үшін үнемі бейне бір ашық әрі еркін тұрған кристалдай таза шыны іспеттес сезімдерінің ешқайсысын бұрын жасырмаған, әрі жасыра алмаған күйеуіне тәлімси алар ма? Осы қарама-қайшы сезімдер оны абыржытып, тұйыққа тіреді; оның ойы, өзі үшін жоғалған, өзі тастай алмайтын, өкінішке орай, бетімен жіберуге тиісті болған және де егер ол Лоттеден айырылса, ол үшін басқа ештеңе қалмайтын сол жанға, Вертерге, қайта-қайта орала берді.

Ол өзі сол сәтте анық байқай алмаған, күйеуі екеуінің араларына мықтап орныққан тосқауыл салмағы оны зілдей басты. Тез түсінісетін, тым жақсы, парасатты адамдар болмашы бір жасырын жайттарға бола бір-біріне тіл қатпайтын болды, әркім өзіміздікі дұрыс, басқаныкі қате деп түсінді, жағдай шиеленісіп, ушыға түскені сондай, барлығы соған байланысты болған сол сын сағатта, түйінді шешу мүмкін болмады. Бақытты сенімділік оларды ертерек бір-біріне қайтадан итермелеп, махаббат пен кешірімділік кезек-кезек араларында жандана түсіп, жүректерін табыстырған болса, мүмкін біздің досымызды құтқаруға болар ма еді.

Бұған тағы бір ерекше жағдай қосылды. Вертер, біз оның хаттарынан білгеніміздей, өзінің бұл дүниені тастап кетуге бет алғанын ешқашан жасырған жоқ. Альберт онымен жиі-жиі айтысып қалатын, Лотте мен күйеуінің арасында бұл жайлы сөз болып тұратын. Альберт, бұндай іске барынша батыл жиіркенішпен қарайтын, өте жиі әрі ерекше сезімталдықпен, өзінің бұндай ниеттің шын екендігіне күмәнданатынын, оның себептерін түсіндіретін, ол тіпті бұл жайында қалжыңдап та алатын және өзінің күмәнін Лоттемен бөлісетін. Бұл бір жағынан Лоттені, кейде ойша көңілсіз суретті көз алдына елестеткен кезде тыныштандырғандай да болды, екінші бір жағынан күйеуіне өзін қазір қинаған қорқынышын ашуға жүрексіндірді.

Альберт қайтып келді, Лотте ренжи басып оның алдынан шықты, Альберттің қабағы қатыңқы еді, шаруасы түгел бітпепті, көрші әкім бір илікпейтін, ұсақ адам екен. Жаман жол да оның ренішін арттыра түсіп еді.

Ол: – Бәрі жақсы ма? – деп сұрады, Лотте асыға-аптыға кеше кешкісін Вертердің осында болғанын айтты. Ол «хат-хабар келмеді ме» деген сұрағына, «бір хат пен пакет бөлмеңде жатыр» деген жауап алды. Ол солай қарай кетті де, Лотте жалғыз қалды. Өзі сүйген әрі сыйлаған күйеуінің келуі оның жүрегінде жаңа бір әсер қалдырды. Оның кең пейілділігін, махаббаты мен мейірімділігін ойлау Лоттенің жанын жайландыра түсті, Альберттің артынан ергісі келген белгісіз бір күшті сезді, өзі үнемі істеп дағдыланған жұмысын алды да оның бөлмесіне кетті. Лотте оның пакеттерді ашып, оқып жатқанын көрді. Кейбіреулерінің жайсыз хабарлары бар сияқты. Оған бірнеше сұрақ қойып еді, ол қысқа жауап беріп, пюпитрге* тұрып жаза бастады.

Олар бір-бірімен осылай арбасып бір сағат отырды, Лоттенің көңілі барған сайын түнере түсті. Ол күйеуінің тіпті көңіл күйі болған күнде де өзін жегідей жеп жатқан нәрсені айтуға батылы бармайтынын сезді; көз жасын жұтып отырып болған жайды жасыруға тырысқан сайын, қорқынышты бола түскен қайғысы арта түсті.

Вертердің қызметші баласының келуі оны тіпті абыржытып тастады; ол Альбертке қағазды берді, анау жайбарақат әйеліне бұрылды да: «Тапаншаны берші»,- деді. «Жолы болсын деп айтарсың»,– деді ол бозбалаға. Бұл Лоттеге найзағай соққандай әсер етті, тұрайын деп теңселе ұмтылды, не болғанын білмеді. Ол қабырғаға қарай жайлап барды да, дірілдей қаруды алды, шаңын сүртті де, беруге батылы бармай, егер Альберт оған сұраулы көзқараспен қарамағанда, әлі де ұзақ кібірткітеп тұрған болар еді. Бір сөз айтуға шамасы келмей, балаға суық қаруды берді, ол үйден шығып кеткен соң, жұмысын жинап алды да, сөзбен айтып жеткізгісіз ес-түссіз қалыпта өз бөлмесіне кетті. Жүрегі оған бүкіл сұмдықты алдын ала сездірген еді. Аздан соң ол күйеуінің аяғына жығылып, кеше кешкісінгі оқиғаның бәрін, өз күнәсі мен қорқынышын ақтарып салғысы келді. Сол кезде-ақ бұл шығар жол жоқ екенін көрді, тым болмаса күйеуін бір ретке Вертердікіне баруға көндіруге ғана үміттенді. Дастарқан жасалып қойған болатын, бірдеңе сұрауға ғана келген бір жақсы дос қызы келе сала қайта кеткісі келіп еді, қайтпай қалды, дастарқан басындағы әңгімені сол жеңілдетті; өзін-өзі күштеп, сөйлесіп, әңгімелесіп, өзін-өзі ұмытуға тырысты.

Бала Вертерге тапаншамен қайтып келді, Лоттенің бергенін естігенде оны одан сүйсіне алды. Ол өзіне нан мен шарап әкелгізіп, баланы тамақтануға жіберді де жазуға отырды:

«Ол сенің қолыңнан өтіпті, сен оның шаңын сүртпсің, мен оны мың мәрте сүйемін, оған сенің қолың тиді ғой: сен, тәңірінің рухы, менің шешімімді жақтайсың, сен де, Лотте, маған қаруды ұсындың, мен өлімді сенің қолыңнан қарсы алуды тілеп едім! Ах! Ақыры қарсы алдым. О, мен баладан әбден сұрадым. Сен оны оған бергеніңде дірілдеп, қоштаспапсың! – Жаным-ай! Жаным ауырады! Қоштаспадың-ау! – Мені өзіңе мәңгілікке берік байлаған сол бір сәт үшін, жүрегіңді мен үшін жапқаның ба? Лотте, ол әсерді ешбір ғасыр өшіре алмайды! Және мен сенің, тек өзің үшін ғана шешек атқан жанды, жек көре алмайтыныңды сеземін».

Тамақтан соң ол балаға бәрін түгелдей орауға бұйырып,

көптеген қағаздарды жыртып, сыртқа шығып, аздаған қарыздарын таратты. Ол үйге қайта келді, жаңбырға карамай қақпа алдына қайтадан шығып, графтың бағында, одан ары қарай сол маңда айнала қыдырып жүрді, тек түн бола бере қайтып келді де былай деп жазды.

«Вильгельм, мен ең соңғы рет дала мен орманды, аспанды көрдім. Сен де қош бол! Сүйікті анам, кешіріңіз мені! Вильгельм, сен оны жұбатарсың! Құдай сендерге рахым етсін! Менің істерімнің бәрі реттелді. Қош болыңдар! Бұдан қуаныштырақ жағдайда біз қайта көрісеміз».

«Мен сені ренжіттім, Альберт, сен де кешір мені. Сенің үйіңнің тыныштығын бұздым, екеуіңнің араңа сенімсіздік әкелдім. Бақұл бол! Осымен бәрін бітірейін дедім. О, сендерге менің о дүниеге кетуім бақыт әкелгей! Альберт! Альберт! Бақытты ет періштені! Сонда саған құдай қайырымын төгер!»

Ол кешке де қағаздарын көп ақтарды, көбісін жыртып отқа тастады, бірнеше пакеттерді Вильгельмнің адресін жазып, қаптады. Оларда кішігірім естеліктер бар еді, үзік-үзік ойлар мен олардың кейбірін көрдім де; ол сағат онға таман от жаққызып, өзіне бір құты шарап әкелдірді де, басқа да үй тұрғындарыныкіндей алыс, сырттағы төменгі бөлмесіне күтушісін ұйықтауға жіберді, қызметші ертерек келіп көмектесу үшін киімімен жата кетті, себебі мырзасы «почта таситын аттар алтыға таман үй алдына келеді» деген болатын.

Он бірден кейін

Айналамның бәрі тып-тыныш әрі жаным да сондай жайбарақат. Құдайым, маған осы соңғы сәтте мына жылылықты, осынау күшті сыйлағаның үшін рахмет саған.

Қымбаттым, мен терезе алдына барып, қарапайым, әлі де буырқана, жөңки ұшып бара жатқан бұлттар арасынан мәңгі аспанның жұлдыздарына қайта-қайта қараймын! Жок, сендер құламайтын боласыңдар! Тәңірім сендерді өз жүрегінде сақтайды, мені де. Мен, бүкіл жұлдыз әлемінің ішіндегі ең сүйіктілері, үлкен шокжұлдызының төрт жұлдызын көріп

тұрмын. Түнде сенің үйіңнен қайтқанымда, аулаңнан шыға келгенде ол жоғарыда, менің қарсы алдымда тұратын. Мен оған мастана жиі-жиі қараған едім! Жиі-жиі қолымды көтере оны белгі ретінде, болашақ бақытымның әулие құлпытасына балап едім! Және де – о, Лотте, сені менің есіме не түсірмейді ғой дейсің, сен мені қоршап тұрған жоқсың ба, сәби құсап, әулие жанасқан анау-мынау ұсақ-түйектің бәрін тойымсыздықпен өзіме жинамадым ба!

Асыл бейне! Мұны саған қайтадан мұра етіп қалдырамын. Лотте және сенің бұны қадірлеуіңді өтінемін. Мен мұны мың мәрте сүйдім, үйге кіріп шыққан сайын оған мыңдаған сәлем жолдадым.

Бір қағазда сенің әкеңнен менің сүйегімді қорғауын өтіндім. Шіркеудің ауласында, егіс даласына қарай төмендегі бұрышта екі жөке ағашы бар; менің сонда тыныш тапқым келеді. Оның қолынан келеді, ол бұны өз досы үшін істейді. Сен де өтін одан. Мен тақуа христиандардың денелерін бір бейшара бақытсызбен қатар қойып, ренжіткім келмейді. Ах, мен сендердің мені жолдың жағасына немесе Пристер мен Левит¹⁵ құлпытасы алдында бата беріп, қасынан өтетін және Самариттық¹⁶ көз жасын төгетін елсіз жазыққа көмгендеріңді қалаймын.

Лотте! Мен, өлімнің мастығын тату, сезіну үшін суық та қорқынышты тостағанды ұстауға қорықпаймын! Сен ұсындың оны маған, мен бас тартпаймын! Бәрін! Бәрін! Сөйтіп менің өмірімнің бар тілегі мен үміті орындалды! Тым салқын, батыл қадаммен өлімнің мыс қақпасын қағуға болады.

Сен үшін өлсем, мен бақытқа еншілес бола алар едім! Лотте, сен үшін өзімді құрбан еттім! Егер мен сенің өміріңе тыныштық пен рахатты қайтадан орната алатын болсам, батыл да қуанышты жағдайда өзімді қиған болар едім. Бірақ, амал не! Қанын олар үшін төгіп, өздерінің өлімі арқылы достарына жана жүз мәртелік өмір отын жағу тек аздаған адамгершілікті жандарға ғана бұйырған.

Лотте, менің осы киімдеріммен көмілгім келеді, сен оларға жақындап киелі еткенсің; мен сенің әкеңнен бұл жайлы

да өтінгенмін. Менің жаным табыт үстінде қалқып тұр. Қалталарымды ақтармасын. Мен сені алғаш рет балаларыңның арасында көргенімде сенің кеудеңде болған алқызыл бант - оны мың мәрте сүй де, оларға бақытсыз достарының оқиғасын айтып бер. Сүйіктілерім! Олар менің айналамда үймелеп жүр. Ах, мен саған қалай құштар болып едім! Алғашқы сәттен бастап-ақ мен сені тастап кете алмадым! - Мына бант менімен бірге көмілуі керек. Сен оны менің туған күніме сыйлағансың! Қалай ғана мен осының бәрін басымнан тізбектеп өткердім! - Әттең, жолдың өзімді осында бастап әкелетінін ойламаппын! - Сабыр сақта! Өтінемін сенен, тыныштал!

Тапанша оқтаулы. Сағат он екіні соқты! Солай-ақ болсын енді! - Лотте! Лотте, қош бол! Бақұл бол!»

Бір көршісі оқ-дәрінің жарқылы мен мылтық дауысын естиді, бірақ одан соң бәрі тыныш қалпында қалғандықтан, ол бұған ары қарай көңіл бөлмепті.

Ртеңгісін алтыда жарық алып күтуші кіреді. Ол жерде жатқан мырзасын, тапанша мен қанды көреді. Ол оны айғайлап бас салады; еш жауап болмайды, тек қырылы ғана естіледі. Бала дәрігерге, Альбертке жүгіреді. Лотте қоңыраудың шылдырын естіп, бар денесі дірілдеп қоя береді. Ол күйеуін оятады, екеуі де тұрып, күтуші кеңкілдей тұрып, кекештене сөйлеп болған жайды хабарлайды, Лотте ес-түссіз Альберттің алдына құлап түседі.

Дәрігер бейшараның үйіне келгенде, ол құтқарусыз, көмексіз жерде жатқан болатын, жүрегі соғуда, өне-бойының бәрі жансызданыпты. Ол оң көзінің үстінен басына атыпты, миы шашырап сыртқа шығыпты. Оның үстіне білегінің бір тамыры қиылыпты, қан тоқтамай, ол әлі де дем алып жатты.

Креслоның арқасындағы қаннан оның істі жазу үстелінің алдында отырып жасағанын, содан соң барып құлап, орындықтың айналасында дірілдей дөңбекшігенін пайымдауға болар еді. Ол терезенің алдында әлсірей шалқасынан жатыр екен, аяқ киімін, сары желетке мен көк фрагын, киімін түгел киіпті.

Үй іші, көрші-қоландар, қала түгел ренжіді. Альберт келді. Вертерді жұрт төсекке салып, шекесін таңыпты, оның бет әлпеті

өліктікіндей екен, еш мүшесін қозғалтпады. Өкпесі әлі де біресе әлсіз, біресе қаттырақ қорқынышты сырылдап жатты; жұрт оның жан тәсілім етуін тосты.

Шараптан ол тек бір рюмка ғана ішіпті. Пюпитрдің үстінде Эмилия Галотти¹⁷ ашық жатты.

Альберттің ренішін, Лоттенің зарлағаны жайында маған айтқыз-бай-ақ қойыңдар.

Қарт әкім хабарды ала сала асыға шауып келді, ол өлгелі жатқан адамды ағыл-тегіл жылай сүйді. Оның үлкен ұлдары артынан іле-шала жаяу келді, олар төсектің қасына ырық бермес қайғымен құлай кетіп, оның қолдарынан, аузынан сүйді, Вертер бәрінен де жақсы көрген ең үлкені, ол жан тапсырғанша оның ерніне жабысып қалды, жұрт баланы күшпен зорға ажыратып алды. Әкімнің болуы және оның дайындықтары топырлаған жұртты тыныштандырды. Ол оны түнгі он бірде өзі таңдаған жерге жерлеттірді. Қарт пен ұлдары өліктің соңынан ерді, Альберттің бұған шамасы келмеді. Лоттенің өмірі үшін қорықты. Қолөнершілер алып жүрді оны. Ешбір діни адам оны шығарып салмады.

ТҮСІНІКТЕР

1-кітап

1. Мелузина – француз ертегілеріндегі су перісі.
2. Крицен – құмыраның астына төбеге қоятын дөңгелек зат.
3. Багтойкс – француздың өнер зерттеушісі (1713–1780).
4. Воод – ағылшын өнер зерттеушісі (1716–1771).
5. Фон де Пилес – француз суретшісі (1635–1709).
6. Винкельманн – немістің өнер және көне ғылымының негізін салушы (1717-1768).
7. Шульцер – неміс суретшісі (1720–1779).
8. Хейнен – классикалық филолог (1729–1812).
9. Мисс Женни – И.Т. Херменің «Мисс Фанни Вилькестің басынан кешкендері» деген романының кейіпкерлерінің бірі.
10. Вакефильд – 1762 жылы жазылған сезімге толы идиллиялық роман. Ағылшын жазушысы Оливер Гольдсмит жазған.
11. Контретанц – көпшілік болып билейтін көркем би.
12. Променада - бидің қол ұстасып жайлап қатар жүретін жері.
13. Фант – ойын түрі.
14. Клопшток Фридрих Готлиб – атақты неміс ақыны (1724–1803)
15. Ұран – ұран деп Вертер Клопштоктың есімін айтады, себебі оның есімі Лоттемен екеуінің бір-біріне жақын адамдар екенін көрсетеді.
16. Ұрланған есім – Гетенің ойынша, Клопштоктың одасы шыққаннан соң, оның есімін жамылған жасанды шығармалар былғайды мыс.
17. Адамның ұстазы – И. Христостың сөзі.
18. Сенің балаң – И. Христос.
19. Оссиан – кельт халқының аңыз бойынша III ғ. өмір сүрген аңыз жыршысы.
20. Гульден – тиын.
21. Пайғамбардың Өлькруглайны – библияның әңгімелеуі бойынша, Элия пайғамбарының ғажайып ыдысы. Оның іші ешқашан майдан босамайтын болған.
22. Бонон (Бомон) тастары – Кашиоролус тапқан жарқыраған тас.
23. Құм - бұрын жазудың үстіне кептіру үшін құм сепкен.

24. Эрнестікі – Эрнест деген кісінің баспасынан шыққан Гомердің шығармасы.

25. Вестштайн – голландиялық Вестштайнның баспасынан шыққан Гомердің шығармасы.

2-кітап

1. Мыс ғасыр – кәрі әйелдердің жұбайлық өмірі.
2. Еркіндік – мұнда өлімді айтқан.
3. Ата-баба – мұнда бұрынғы жазушыларды айтқан.
4. Лаватор Ю.К. - швейцариялық идеолог әрі философ (1741-1801).
5. Кенникот – ағылшын теологы (1718–1783).
6. Земмлер - немістің библия сыншысы (1725-1791).
7. Микаэль – немістің библия сыншысы (1717–1791).
8. Фингалдың ұлы – Оссиан
9. Крейцер – (бұрынғы) тиын.
10. Құдайдың ұлы – Иус Христос.
11. Құдайдың адамдікіндей ерніне тостаған ащы көрінді ме – Иус Христос библия бойынша құдайдың ұлы және адам.
12. Мені неге қалдырдың – И. Христостың әбден ренжігендегі сөзі. Библиядан.
13. Әулие көрнекі белгі – мұнда шарап пен нан, тазару кезінде құдайға сенушілерге салт-дәстүр түрінде тапсырылған.
14. Пюпитр – тек жазуға арналған үсті қиғаш, биік етіп жасалған мінбе.
15. Пристер мен Левит – діни салыстырудағы қатыгездіктің өкілдері.
16. Самариттық – Левит пен Пристерге қарсы, мейірбан жүректі Самариядан шыққан адам.
17. Эмилия Галотти – Шиллердің «Махаббат пен зұлымдық» атты пьесасының кейіпкері.
18. Туған күн кеші – И.Христостың туған күніне арналған мереке кеші (рождество).

* * *

МАЗМҰНЫ

Аудармашыдан оқырманға бірер сөз.....	3
Бірінші кітап.....	4
Екінші кітап.....	61

Иоганн Вольфганг Гёте

Жас Вертердің қасіреттері

РОМАН

Қазақ тіліне аударған – *Шолпан Борантайқызы Бәйнеш*

Редакторы *Х. Тәуірбай*

Компьютерде беттеген *М. Айдарханова*

Басуға қол қойылды 20.11.2014 ж. Қаріп түрі «Times New Roman».

Қағазы офсеттік. Пішімі 60×84 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 7,5.

Таралымы 4000 дана. Тапсырыс №.....



«Дәуір-Кітап» баспасы, 050009,

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а

Тел.: 8(727)394-39-59, 394-39-65. Факс: 394-39-10

ISBN 978-601-7314-66-8



9 7 8 6 0 1 7 3 1 4 6 6 8